

ББК 69. 9

Т 33

Т 33 М.Тирмизиұлы.

«Әділетті, кіршіксіз өмір» - «Астана», 2022 – 194 б.

ISBN № 989 – 312 – 552 – 215 – 9

ББК 69. 9

ISBN № 989 – 312 – 552 – 215 – 9 М.Тирмизиұлы., 2022.



Мұхамедәлім /Әлім/ Байқожаұлы
/22.03.1916 – 06.09.2005./

АТАНЫҢ СӨЗІ – ӨСИЕТТІҢ ӨЗІ!

*Суық желден қорған болып белесте,
Ұрпағыңды адам қылдың бәрі есте.
Өз анаңнан жалғыз бұтақ қалсаң да,
Жеті балаң өскен орман емес пе?*



Әкем - Мұхамедәлім /Әлім/ Байқожаұлы



Анам - Дәмелі



Гүлсараның анасы – Мақсура

Жағалтай Түсіпұлы Хорошев (Рүстембеков)

I БӨЛІМ



ӘДІЛЕТТІ, КІРШІКСІЗ ӨМІР



Арафа



Жағалтай Түсіпұлы Хорошев (Рүстембеков)

*Бірінші бөлім бұйырды ағама –
Жағалтайды баладым жағаға!
Өлең келіп құйылады сағама –
Поэзия іліккен қымбат бағаға!*



Рымжан, Гүлсара, Жағалтай

Әлім Байғожаұлына

*Әкемнің жалғыз жиені,
Әлім едің силаған.
Өлгенше әкем өзіңді,
Жалғызым деп қимаған.*

*Бір жарымда жетім қап,
Әлпешін әке көрмедің.
Арқасында шешеңнің,
Қиын заман, өлмедің.*

*Сүйткен жалғыз ер жетіп,
Намысты қолдан бермедің.
Тілегі шешең қабыл боп,
Өсіп, өніп өрбідің.*

*Ерге де шықпай отырған,
Жиырма бірдей жасыңда.
Құдайдан зарлап тілеген,
Сені ғана қасында.*

*Жалғызыма бере гөр,
Деп Аллаға жылаған.
Көлдей төккен көз жасын,
Көрген әкем, бұлағын.*

*Сол тілегін бір Алла,
Берді, иді рахымын.
Әлекеңде ақтады,
Анасының жақынның.*

*Нағашым деп өлгенше,
Әкемізді силады.
Қалған бізді сол кезде,
Өз қасына жинады.*

*Ағамызға бас, көз боп,
Жиен аға ақтады.
Көре алмаған жаулардан,
Ағамды әр кез сақтады.*

*Нағашылық ұрпақты,
Сақтады да, жақтады.
Өлгенінше Әлекең,
Жолын жиен ақтады.*

*Өзінен туған ұл мен қыз,
Әке жолын жалғады.
Не десе де, дос-дұшпан,*

Жамандыққа бармады.

*Үш жұртын жігіттің,
Тек шыншылы нағашы.
Тең келеме еменге,
Қарағай, қайың ағашы?*

*Бүгін Қабыл, Ермегі,
Әлекеңнің көзі зой.
Ұмытпа сендер негізді,
Деген Жакең сөзі зой.*

Әлім Байғожа ұлының естелігінде нағашысы Жағалтай Түсіпұлының қосары: шынайы тілегі, ақша қардай көңілі, адал арлы жүрегі!

Өз басым осы естеліктің атын, яғни кітаптың атын: «**Әділетті, кіршіксіз өмір**» - деп атауын және бекітуін балаларынан сұраймын. Шамам келгенше адал дәлелдегім келеді:

Жақсының жақсылығын ел білмесе, қадырын асыл сөздің тіл білмесе. Ақиқат, иман, парыз, әділетті арманғой терең ойлы ер білмесе.



**Баянаулдың Сабындыкөлі-ай!
Айдын, Әлім, Ғабдүлсағат, Гүлсара**

Шындық деген-көрген көз, өз құлағыңмен естіген адал адамдардың, әке-шешенің сөзі. Міне мен естелікке өзімнің көзіммен көргенімді, өз құлағыммен жоғарғыда айтылған адамдардан естіген сөздерімді жазбақпын. Осы естеліктің жазылуына себепкер болып отырған марқұм Әлекең әділетті кіршіксіз өмір сүрген адам еді. Естелікті осылай атауын қалаймын. Өмірге Алла Тағала адамзатты жаратып: кіршіксіз, пәктен таза сәби қылып, тудырып жіберді. Осы фәниді кіршіксіз адал басқарсын, тек қана әділдікті қолдап; ақиқат, парыз, иманды жүрегінде өлгенше сақтаса екен деп. Бірақта бұл фәнидің тарам-тарам өткелдері бар ғой. Бірде мұхиттың толқынындай толқитын кезеңдері, кейде, сусыз шөл дария қуарған дала болып кездесетін кездері де болады ғой. Міне сол екі кезеңнің біріншісіне іліккен пенделер шіркін-ай деп толқында кеме сынды жүзіп, төбем көкке екі-ақ елі жетпесе, адамдардың барлығы менің айдасам айдауыма, тепсем тепкеніме көнетін болса, басқан жерім аяғымның астында солқылдап жатса деп армандайды. Бұл пенделер қайтер екен деп Алла Тағала бұл тілектерін береді, көрейін деп. Екінші кезеңіне кез болған пенделер: Алла Тағала бізді мына азаптан кеңшілік жасап құтқара көріңіз деп жұтатын бір жұтым қара суға жеткізе көріңіз, өлгенше ауадай, иман, парыз, Әділетті сақтайтын құлдарыңыз болайық, тек осы тілегімізді бере көріңіз деп құлшылық етіп зарлап тілейді екен. Алла бұл пенделерге де көрейін деп сұраған тілегін береді екен. Ал Алланың кіршіксіз, пәктен таза сәби қылып дүниеге жібергенін қайсысы ақтайды? Міне жақсы адам, жаман адам осыдан шығады. Бірінші кезектісі өте қу, залым, мансапқор, ұры, кісі өлтіруші, өз жас өспірім қыздарын зорлап, әйелдікке жіберетін дүние боқ үшін жанын қиятын пенделер. Бұларды мұсылман шариғаты бойынша – Ыбылыстар адам кейіпіндегілер деп айтса көп емес. Ал екінші пенделерді жаңағы айтқан Аллаға

берген анттарын өле өлгенше адал орындайтын пенделерді өте жақсы адамдар баяғы да сәби ретінде таза оралушы пенделер деген көп емес. Ал біз тірі пенделер бір кісі марқұм болғанда неге имам сұрағанда «бұл кісі қандай кісі» деп, сонда бәріміз «жақсы пенде» деп жауап береміз. Неге? Бұл марқұм жаңағы бірінші кезенді тірілігінде басынан өткерген пенде болса, неге біз оны жақсы адам деп бар күнәні мойнымызға аламыз? Ондай адамдарды жаман адам бір Аллаға тапсырдық, өзі шешсін деп жөнелтуіміз керек. Жас қызын өзінен туған зорлаған адамдар түгіл Құнанбай келініне барған Қодарды таспен атып өлтіріпті, намазын да шығарған жоқ. Біз болсақ, жамандығы аз болғандай намаз шығарамыз, бұл неліктен? Имамдардан сұрасаң олар айтады пайғамбарымыз кімді болса да жақсы деп жөнелтіндер дейді. Ал Құранда пайғамбарымыздың бірде-бір хадисінде ондай сөз жоқ. Имам күнәні өз мойнына алса өзі айтсын! Ал өмірдің екінші кезеңінде кездесіп, Алланың кеңшілігімен өз тілектеріне жетіп, ақиқат, иман, парыз, әділетті сақтап өткен адамдарды біз мұсылман қауымы өлгенде ардақтап, өте жақсы адам еді деп жөнелтуіміз керек. Бұл әділдік міне осындай пенденің бірі Әлекең Байғожаұлы еді. Сондай Әлекеңе мен шын жүректен мына тілегімді арнаймын:

*Тудың жалғыз, «ел» болдың,
Телегей-теңіз көл болдың.
Кесек ақыл, терең ой,
Арқасында «бел» болдың.*

*Орта байтақ еліңді,
Адақтадың сыйладың.
Қара қылды қақ жарған,
Әділетті қимадың.*

Кіршіксіз өмір сүрген соң,

*Әділет сені қорғады.
Өткелінде өмірдің,
Қызыл гүлің солмады.*

*Ақиқат, парыз, иманды,
Жүрегіңде сақтадың.
Қара суға бір жұтым,
Тәуба қылып тоқтадың,*

*Ақ сүт берген анаңды,
Пайғамбардай сыйладың.
Ар мен ұждан жолында,
Ер жақсыны қимадың.*

*Кімдер біліп, кім білмес,
Асқар таудай басыңды.
Ақ дастархан жақтады,
Адал ішкен асыңды.*

Адамның жаны жүректе, соған ақиқат, иман, парыз, әділетті қоссақ ол бесеу болып шығады.

Міне Алланың бес қабат намаз оқы дегені осы. Мұны тек Құран сөзімен айтқанда осы бесеуінің адалдығы да, харамдығы да, хадист болып айтылады.

Ал осылардың бірде-бірі әділетсіз жүргізілсе, пенделер әділетті ұмытса, онда пенденің Алла Тағаланы жалғанның пайдасы үшін алдағаны болып табылады. Бірақта ол пенде о дүниеде Алланың оған не істерін білмейді. Өзім өмірімде әділетті силап, құрметтеп өткен адаммын. Сондықтан да Әлекеңе осы әділетімді арнаймын:

*Сен әділет қақ жарған қара қылды,
Қайран елім тудырған айтар ұлды.
Ақиқатқа, әділет-ұлы билер,*

Бас алса да қасқайып қарсы тұрды.

*Сенің жолың кіршіксіз имандылық,
Ер шындықты күйдірген жоқ қой кезің.
Қазыбек пен Айтеке, Төлебиге,
Қарсы келді айтыңыз қайсы жүздің.*

*Қайран сөзім кез болсын білер жанға,
Үлес қосар өмірге, атар таңға.
Әділетпен, шындыққа тұрар қарсы,
Оқ боп тисін сөздерім надан «панға»!*

*Сол жолында, өмірді өзім сүрген,
Аямадым дос, дұшпан, туысқанды.
Жанды жеген жегідей кенелерсің,
Жақсы көрдім аяғы суысқанды.*

*Тәуба, тәуба артымда әділетті,
Қорғайтұғын өзімдей көзім қалды.
Найзағайдай жарық етер дұшпаныма,
Елімде айтар өшпейтін сөзім қалды.*

Тарихта нағыз шындық болған істі көрген көз. Ал сөздің шындығы ол өз құлағымен адал адамдардан естіген сөз. Осы жазбада тек осы шындық қана жазылады.

Әлім Байғожаұлы 1916 жылы Баянаула ауданы, Павлодар облысы, с/з 40 лет Октябрия (Жаяу Мұса) кеңшарының Мұрымтал деген бөлімшесінде дүниеге келген. Руы Айдабол, оның ішінде Жанғозы. Бибісара Рүстембекқызы, руы Қаржас, оның ішінде Анай бабамыздың бес ұлының бірі – Құл. Бұл кезенді кейінірек жазармын.

Әлекең бір жасқа толғанда әкесін патша үкіметі солдатқа алып, қара жұмысқа салады. Жұмыс ауыр, сонда жүріп қатты ауырғансоң, жарамсыз деп елге қайтарады. Елге келген соң Әлекең 1,6 жасқа келген кезде әкесі қайтыс болады. Ал біздің апамыз, Әлімнің шешесі 1,6 жасар баласымен жесір қалады. Өзі жас, өзі сымбатты келіншекке әйелі барларда, әйелі жоқтарда сөз салып, кісі салып, маза бермейді. Бұл қорлыққа шыдай алмаған апамыз бір күні келіп, әкесіне жылап тұрып, әке сізге қояр бір тілегім бар, соны орындайсызба дейді. Әкесі сасып қалып, япырмай қызым тұрмысқа шығуға рұқсат сұрап тұрма? деп, ойланып қалады да, сұра, бірақта менің қолымнан келсе дейді. Сонда апамыз тұрып: әке еліңіздің игі жақсы адамдарын, билерін, қожа-молдаларын шақырып, бір мәжіліс өткізгім келеді, ол Әлекеңнің тәй-тәй басқаны бар және қызымның бір жағыдайы бар, соған келіңіздер деп. Әкесі келісіп, қызы айтқандай бәрін шақырады. Шақырылған адамдардың бәрі келеді. Көбінің ойы қызым кімді қаласа, сол алсын деп айтар деп ойлап келеді. Кісілер жиналып, ас беріліп, дұға оқылғаннан кейін, апамыз 1,6 жастағы Әлекеңді көтеріп тұрып, көпшілікке қарап:

Уа, халқым, аталарым, замандастарым, игі-жақсылар менің сіздерден сұрар бір тілегім және сұрағым бар, соны Алланы ауыздарыңызға алып, қолдарыңызға Құран кітабын ұстап, уәде береміз десеңіздер айтайын, - дейді. Көпшілік айта ғой, береміз дейді. Сонда апамыз айтады: Алла Тағала пендесіне неше тілек береді дейді. Бәрі шу етіп бірақ тілек береді дейді. Ендеше мен мойныма бұршақ салып, қолыма Құран алып, күнде бір жалғыз мені тек осы жалғызымнан жарылғай көр. Осының шаңырағынан мені өзің ала көр, басқаны маған көрсете көрме деп, зарлап тілеймін. Менің бұл тілегімді Алла берді деп сенемін! Ал сіздер менің осы тілегіме қосылып, мені енді мазаламайсыздар деп сенемін. Сонда көпшілік үндемей отырып қалады. Сол кезде елдің

бас имамы түрегеліп, қолына құран ұстап, былай деген екен:

*Қабыл болсын тілегің,
Ашылмасын білегің.
Халқың қарсы болмайды,
Шын сұраса жүрегің.*

Деп Алла әкбір деп батасын берген екен.

Міне осыдан кейін апамыздың өмірі Рүстембек пен Байғожаның шаңырағында тыныштықпен өтеді. Әлекең қалай ер жетті, қалай үйленді, қалай оқу бітірді, қалай қызыметке шықты мен оны білмеймін, баламын ғой.

Өзім Әлекеңді 8-жасымда әкеммен еріп барғанда көрдім. Онда ол кісі Павлодар облысының Баянауыл ауданының колхозы Егіндібұлақ деген жерде бас есепші екен. Бұл 1949-жылдың июнь айы еді. Екінші көргенім: ағам Воршилов (Бұқар жырау ауданы, Қарағанды облысының) Аюлы деген колхозында директор школ еді. Сонда май айында әкем қайтыс болғанда, өзі жанұясымен, шешесімен келіп бата жасағаны есімде. Ал ағам, шешем ол кісінің үйіне жиі баратын.

Мен оқуға 6-ы жасымда түсіп, 16-жасымда 10-класты бітірдім. 1957-жылы июнь айында.

Сол кезде партияның қаулысы шықты, екі жыл ауыл шаруашылығында жұмыс істеу крек, сонан кейін институтке алынады деген. Мен сол екі жылды ауыл шаруашылығында істедім. 1959 жылы Қарағанды дәргерлік институтіне құжаттарымды тапсырдым. Бірақта бір кәрістің мұғалімі физикадан өткізбей қайтып кетуге тура келіп тұрғанда, Қарағандыға қазақ мемлекеттік академиясының президенті немере ағам Қаныш Имантайұлы Сәтбаев келе қалмасы барма, жұмыс бабымен келді деген хабарды естісімен ағамыз екеуіміз Қарағанды облысының бірінші

хатшысы Баников отырған кабинетке ағамызға бардық, кірдік. Құшақтасып ағам екеуі жылап көрісті. Себебі Қанағанды қудалаған жылдардан бері көріп тұрғаны осы екен. Жағыдайды айтқан соң, мен сол адамның арқасында студент болып шыға келдім. Бірақта ағам айтты: мені халықтың алдында да, үкіметтің қызыметінің алдында да ұятқа қалдырма. Халықтың сүйікті дәрігері бол деп батасын берді. Мен боламын деп ант бердім. Бірақта ол кісі менің ақ халат киіп дәрігер болғанымды көре алмады. 1964-жылы дүние салды. Мен 1965-жылы оқуды яғни институтты ойдағыдай бітірдім. Мені Бұқар жырау ауданының бас дәрігері, бірінші жылы Пушкин совхозына 2-ші дәрігер қылып жіберсе, 1-жылдан кейін мен Алма-атыдан 01.02.03.04.- айларына 1966 жылы бас дәрігер дайындайтын курстен оқып шыққаннан кейін, мені сол жылы октябрь айында рудник Семіз-Бұғыға бас дәрігер қылып жіберді. Онда 2-жыл істеп отработкам біткен соң, расчет алып өзімнің ата-бабам туған жеріне қарай кеттім, яғни Баян районына, Баян районының бас дәрігері документтерімді көрген соң, сені қазір осы орталық емханаға алар едім, бірақта с/з 40 лет Октябрде 35-төсектік (оның ішінде 7-төсектік род. отделениясы) 1964-жылы салынған типовая больница бос тұр, соған сен 1-2 жыл істе, онан кейін орталыққа алам. Врачы июль айы 1968 жылы қайтыс болды деді, мен ол марқұмды жақсы білетінмін. Екеуміз Алматыда бас дәрігер оқуын бірге бітіріп едік. Бас дәрігер айтты с/з 40 лет Октября 4.700 адамы бар, с/з Жайминский 1600 адамы бар осы екеуін дәрігерлік жұмыспен қамтисың, жақсы барайын дедім. Мен осы совхоздың дәрігерлік жұмысын 1-2 жылдың ішінде Баян районының жергілікті емханаларының ішінде бірінші орынға шығардым және осы табысымды 30-жылдай зейнетке шыққанымша ұстап тұрдым. Өмір деген қызық қой, Әлекең осы үлкен совхоздың бас кассирі екен. Мен нағашысы осы совхоздың бас дәрігері болдым. Бұл

менің Әлекеңмен ер жеткенде кездесуім еді. Айдаболдың 4-баласының жері екен.

Бір күні Әлекең үйіне барсам дем алып жатыр екен. Әңгімеден әңгіме шығып, әй дәрігер сен не білесің, қан өлшейсің, трубкамен тыңдайсың, дәрі жазасың, сонан кейін бара ғой деп жөнелтесің деп күлмесі барма. Мен де шыдай алмай, ал сіз не бітіресіз, саусақпен шотты қағып бұрмалап, ақша жеуден басқа дегенімде, ол кісі тіпті қарық-қарық күлмесі барма. Мен ақша жесем қағаз, бүгін менің, ертең басқа адамның қолында жүретін. Ал сенің қарайтының адам ғой. Сенің басты міндетің жаңағы жоғарғы мен айтқан емес, ол сен ауыру жанның сезіміне ие болуың керек. Ол кімде болса ауруды өз жанашыр туысындай деп сезініп жан-тәніңмен шын беріле қарауың және емдеуің керек. Міне сонда ауру адамның Алладан кейінгі жанашыры боласың.

Сонда ғана сен халықтың ғасырлық дәрігері, ол үкіметтің ардақты дәрігері боласың. Міне мен осы әңгімеден өсиет қылып айтқан сөзін үнемі есімде сақтап ауру жандарды туысымдай көріп, жан-тәнімді салып емдедім, сыйладым. Әлекең айтқандай, егемендіктің 20-жылдық мерекесінде Президенттің жарлығымен Алтын дәрігер атағын алып, алтын медалымен марапатталдым. Зейнетке шығарда екі совхоздың халқы мені шығарып салып тұрып, еңкейген кәрі еңбектеген балалары сізді ешқашан да ұмытпаймыз. Сіз біздің елдің ғасырлық дәрігері болып қаласыз деді. Бұл мен үшін үлкен бақыт, аброй емеспе?

Әлекең 1976 жылы зейнеткерлікке шықты. Совхоз басшылары, район және облыстан келген өкілдер, үлкен мәжіліс ашып құттықтап, Әлекеңнің өмір жолдарынан ерекше есте қаларлық адал еңбектерін атап өтіп, құрмет грамоталарынан жоғарғы наградаларына, медальдарына дейін бәрін айтып өтті. Сонда Әлекеңе зор денсаулық тілейтіндерін білдірді, қай жерде болсаңызда, соңғы сапарға

өзіміз аттандырамыз деді. Әлекеңнің 60 жасқа келген құрметіне мен бір-екі ауыз өлең арнадым:

Ескіден қалған көз едің

*Басқаға шолақ Әлім, маған асқар,
Бергені блмасада үйіп тастар.
Тірегі ескі өмірдің, көзің тайса,
Шіркін-ай ойламаста соңғы жастар.*

*Көзі едің өткендердің қалған жалғыз,
Сағанда жеткен екен алпыс.
Ақ жүрек, адал ниет өміріңде,
Алмадың еш пендеден ешбір қарғыс.*

*Ал қабыл өлеңімді болып алтын,
Білетін азаматсың сөздің парқын.
Бір жалғыз, қабыл алып тілегімді,
Әрқашан өміріңді қылсын жарқын!*

Шолақ деп отырғаным, ол кісінің оң қолы шынтаққа дейін аздап тартылып қалған – оспадан бала кезінде асқынған.

Екінші Әлекеңді құрметтеп келген қалың қауымға, зейнеткерлікке шығарда...

Мен Әлекеңнің атынан және өз атымнан халықты мынандай қоштасу өлеңіммен шығарып салдым:

*Мансап, байлық жинаған,
Опа берер, бермеспе.
Есті азамат өмірде,
Әділетпен жүрмеспе?*

Нені білер, не білмес,

*Мұның бәрін көрмесе?
Өлсең-дағы өлмедің,
Халқың жылап жерлесе.*

*Арманың жоқ Әлеке,
Көкке басың жеткен жоқ.
Анаңыздың тілегі,
Далаға білсең кеткен жоқ.*

*Ризасың халқыңа,
Құрмет, сизға бөлеген.
Елің, жерің, құрметпен,
Тойыңды бұлай елеген.*

*Алла атынан рахмет,
Силаған кәрі, жасыңа.
Елмен, жердің силығын,
Әркімнің берсін басына.*

*Баянауыл, Ақкелін,
Болсын куә Ақбетбел.
Ризамын сендерге,
Ардақтаған ел.*

Міне Әлекеңнің сіздерге айтар рахметіде, ришылдығыда осы дегенімде, жиналған қалың халық – бізге мұнан артық ештеңеде керегі де жоқ, қайда жүрсеңіз де аман болыңыз, бақилық бола қалсаң хабар болса бәрімізде барамыз, намазыңызға қатысамыз деп, барша жұрт тарады. Сонымен Әлекең өз елінде үлкен баласы Қанаттың қасында жүріп жатты. Сарыарқаға қалай келгенін кейінірек жазам. Енді қысқаша өзім туралы айтайын. 1997-жылы экологияға байланысты, 56-жасымда 30 жыл істеген жерімнен менде зейнеткерлікке шықтым. Емхана жабылды, дәргерлік

амбулатория қалды, барлық жерлерде. Зейнеткерлікке шықсаңызда осы орныңызда істей беріңіз деп ауданның бас дәрігері айтсада ойыма бұрынғы ата-бабалардан қалған нақыл сөздер есімнен кетпеді ол былай:

*Кім білер, бастан бақыт қайтама деп,
Кейбір ит тойған жерде айтама деп.
Қимастан сондай елден өзім кеттім,
Шіркін-ай неге екен деп айтарма деп?*

Қысқасы өзім туған Сарыарқама балаларымның қасына Қарағанды қаласы Көкпекті ауылына келдім ол жерден 2010 жылы қаланың орталығына көштім. Балаларымның бәрі қалада қызыметте еді.

Ал Әлекең де денсаулығы нашарлаған соң ауылынан олар Сарыарқаға Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданына қызымет істейтін балаларының қолына көшіп барды. Бір баласы ауданның емханасының бас дәрігері еді, емдеу Әлекеңе тамаша болды. Әлекең де көпшіл адам ғой, ақсақалдармен танысып, жанасып сол жердің адамындай болып кетті. Оларда Әлекеңді Баянауылдан келген құрметті ақсақалымыз деп силап, өте құрметтеді. Бір күнгі үлкен жиында Сарыарқаның ақсақалдары Әлекеңнен сұрайды, сіз айдабол екенсіз, ал шешеңіз қайдан деп. Сонда Әлекең айтады шешем қаржас, оның ішінде руы құл, анай бабамыздың бес ұлының бірі. Кезінде Мәшһүр-Жүсіп әулие айтқан екен:

*Ақкелін, Ақбеттау мен сұлу Баян,
Қаржастың бетке ұстайтын аймағы екен.
Ұрнағы Мейрам сопы Анай баба,
Ақ сүттің бетіндегі қаймағы еді –*

деп жаңағы өзім айтқандай Анайдан бес ұл тарайды: Нияз, Мырзақұл, Құл, Құдайқұл, Жәдігер. Нияздан – Зейін Шашкин, жазушы. Мырзақұлдан – Мұса, Шорман. Құлдан – Рүстембек нағашым. Құдайқұлдан да бар, мен біле қоймаймын оқығандарын. Ал кенжесі Жәдігерден – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Міне мен қысқасы Мұса, Шорман, Қаныштың жиенімін дейді. Сонда барлық ақсақалдар бәсе тегін адам емес екеніңізді біліп едік дейді, сонда Әлекең айтады:

*Тең келе ме еменге,
Қарағай, қайың ағашы.
Арманы жоқ, жігіттің,
Жақсы болса нағашы.*

Сол кезде барлық ақсақалдар айтады. Енді сіз Баянның ғана ақсақалы емессіз, сіз енді бүкіл Сарыарқаның да ақсақалы болдыңыз. Сол кезде Әлекең осы сіздердің ой-құрметтеріңізге риза болып, менің нағашым Жағалтай Түсіпұлының арнаған бір өлеңін оқып берейін деп, қалтасынан менің мына өлеңімді оқып беріпті.

*Асқақтатқан Баянды,
Ақбеттаудай бел еді.
Ұл таптырған өзіндей,
Айдаболдай ел еді.*

*Нағашыңның парызы,
Алла алдында ақталсын.
Жүрегінде халықтың,
Жарқын бейнең сақталсын.*

*Құрметтеген басыңды,
Нан мен тұздың парқына.*

*Бар ұрпағын риза,
Сарыарқаның халқына.*

*Мақтай берме жиенім,
Ақбеттаудай беліңді.
Ризасың көрдіңіз,
Сарыарқадай елімді.*

Бәсе-бәсе Сарыарқаның ұлдары неге намыс берсін. Мына нағашың бізде туды, енді бұл біздің ұлымыз, тәубе-тәубе тұлпардың аунаған жерінде түгі қалар деген осы екен ғой деп, риза болып тарасыпты.

Сонымен Әлекең балаларының ортасында, немерешөберелерінің арасында армансыз жасап 2005-жылы 90 жасында аз ғана ауырып, бейнет көрмей дүние салады. Әлекеңнің өз өсиеті бойынша Әлекеңді Сарыарқаның Бұқар жырау ауданында жерледі. Әлекең соңғы сапарға Сарыарқаның Баянауыл Керекудің Әлекеңді білетін барша адамдар шығарып салуға, намазына қатысты. Көптен белгілі ақсақалдар жақсы тілектерін айтты да топырақ салды.

Келген көпшілікке, балаларымен бірге, өзімнің қоштасу өлеңімді халық алдында оқып бердім:

*Қош арысым, жиенім,
Ар-ұжданды сақтадың.
Анамыздың тілегін,
Кіршіксіз таза ақтадың.*

*Жатар жерің жұмсақ боп,
Нұры жаусын Алланың.
Сен барғанда тірілер,
Аруағы анаңның.*

Жаста болса Ермекжан,

*Ел биледі немерең,
Жұмақта құшар асыр сап,
Сандаған сенің шөберең.*

*Баянауыл – Сарыарқа,
Тұтып аза, қамықты.
Бір Алладан сұраймыз,
Жаза көр деп Жұмақты.*

*Тыңдамасам кейде бір,
Жастық шақтың буында.
Кетсе қате кеше көр,
Пайғамбардың туында.*

Сөзімді қорта келіп, артық кеткен жерім болса, оқырман қауымнан кешірім сұраймын. Сонымен қатар осы естелікке арнаған тілегімді былай аяқтағым келеді:

*Алтын, күміс, гауһар тас,
Бір тайса қолыңыздан жерде жатар.
Өлседе өлмегенің осы болар,
Асыл сөз өзің айтқан елде жатар.*

*Текіден текті туар дараланып,
Асыл сөз шығар бойдан сараланып.
Кезінде келген сөзді қалсақ айтпай,
Қалмайма газиз жүрек жараланып.*

Соңында айтарым мен Әлекеңнің көптеген өмір жолдарын қалай мен кездескенше қызымет атқарғанын біле қоймаймын. Сондықтан осы менің айтқандарымды жолдастары олар жоқ болса олардың білетін балалары жазып естелікке өз пікірін қалдырады деп сенемін.

Жаны жайсаң қайран қайын ағам

1957 жылы Қабденге тұрмысқа шығып, Оқап шаңырағына келін болып түстім. Ол кісілер Мұрымтал деген кішігірім ауылда тұрды. Оқап атам оң қолынан өнер тамған ұста болатын. Тұрмыстары орташа, кәдімгі қазақы салт дәстүрін берік ұстанған үлгілі, қарапайым, жанұялар екен. Әлім ағатайыммен шөберелес туыстас, Ботан абыздан тараған ағайындар болып келеді. Оқап атамның Сатыпалды деген ағасы Павлодарда тұрды. Ол кісі дінді берік ұстанған, оқыған, көзі ашық адам еді. Әлім ағатай өзі жетім болғандықтанба, аталарымның қолында болып, тәрбиесін алып, тумасада туғандай болып, оның үстіне аталарым (Оқап, Сатыбалды) жетім бала деп мүсіркедіме, Әлімді аса жақын тартып, өз балаларындай көріп көмектесіп жүреді екен. Әлекең біздің жан ұямен аса жақын араласқандықтан Қабден мен Сәтенді өзінің туған інілеріндей көретін. Кейін Әлекең бас есепші болып, қолы ұзарып мүмкіндігі артқанда Қабден мен Сәтенге қамқоршы болып тұрмыстарына көмек көрсеткен. Біздің үйдің ішкі мәселелерін шешуде аталарым Әлекеңмен ақылдасып бірге шешіп отырған. Өзінің немерелес туыстары Қибаш мен Зейнулладан Қабден мен Сәтенді кем көрмеген. Олар үйленгенде, басқа да істерінде бас-көз болып жүрген. Бір оқиғаны айта кетейін. Семья болған соң, шыны-аяқ сылдырламай тұрмайды. Қабденге ренжіп, бірінші балам Рашид туғаннан кейін, бір рет бұл семьядан кетіп қалдым. Сонда бізді қайта қосып, татуластырып семьяны қайтуға үлкен септігін тигізген Әлекең болатын. Құдайға шүкір, бүгінде төрт ұл, төрт қыз өсіріп, оқытып, немере - шөбере сүйіп отырған ұлағатты әжемін. Сондай туысқандық қарым-қатынас, адалдық, жанашарлық, силастық бәрі адамның мінезіне байланысты ғой. Әлекеңнің бойынан осы мінездерді көресің. Ол кісі өте

бауырмал, қолы ашық, туысқанға деген жанашырлығы ерекше болатын. Осыларды көріп ол кісіні бәріміз сыйлап кеттік. Айтқанын екі етпейтінміз. Басқа да ағайын туыстардың ішінде, қызметіне адал болып, ауыл адамдарының арасында өте беделі жоғары болды. Өзі жалғыз, әрі жетім болса да, өзінің пысықтағы, ақылдығының арқасында ол кісіге құдай берді. Жеңгеміз Дәмелі екеуі үлкен семья құрып, балаларын тәрбиелі қылып өсірді. Бәрі оқыған. Немересі Ермек Москвада оқу бітіріп облыс, Республика бойынша үлкен қызметтер істейді. Басқа балалары, немерелері әр түрлі қызметте.

Ал Әлекеңің жатқан жері жарық топырағы торқа болып пейіштің төрінде Мұхаммед с.ғ.с. пайғабарымыздың оң жағынан орын берілсін. Өмірінде ешкімнің ала жібін аттамай, адам баласына жақсылық тілеп өткен адам еді.

Еркін Оқап келіні.



Туыстай болған тұлға еді

Біз ес біліп етек жеңімізді жинаған кез 1957 жыл. Оған дейінгі өмір айта қаларлықтай жақсы болған жоқ. Ағайын-туыс дегендерді түзу ажырата алмадық. 1957 жылы «Алексеевка» деген совхозда болдық, содан бастап еңбекке ақша берген жоқ.

«Еңбек күн» (трудодни) деген болды. Содан совхоз механизатор курсы ашып Алексеевка да оқу оқыдық.

Мұны жазып отырған себебім Әлім атаның атасы Байқожа, Бекқожа екеуі бір туысқан.

Бекқожаның баласы Қибаш, Зейнулла. Зейнулла екеуіміз бір курста оқыдық. Осыдан бастап Әлім атаның үйіне демалысқа барып тұрдық. Ол кісі екінші ауылда есепші болып істейтін, тұрмыстары жақсы, балалы-шағалы. Жанат, Қанат, Қабыл, Қымбат, Мұрат, Болат, Бақыт бәріде ер жетті өз орындарын тапты.

1959 жылы жеке совхоз болып бөліндік. Сол жылы Қырықжылдық совхозына көшіп келіп кассир болды. Мен сол кезде шофер болып бас бухгалтер Башу деген кісіні тасыдым. Содан бастап Әлекеңмен қызметтес болып ақша таратып жүрдік. Осы кезде Әлекеңнің кісілігі таныла бастады. Мінезі жұмсақ кісіге күле сөйлеп іштарта білетін. Көп сөйлемейтін, жақсы кісі болды. Содан Елге келіп үй салды. Балалары ер жетіп, бәрі бір кісідей жұмылып кірпіш құйып, үй салды.

Сол балалардың арасында ағасының баласы Ырымшаш деген қыз болды. Арасында Әлекең шай іш дейді, жанұясы көп, кейде отыратын орын болмайды. Сондада қыстырлып шайға ішуге кірісемін. Сондағы ойым Ырымшашты көру, сөйтіп жүріп сол қызға үйленіп Әлекеңе күйеу бала болдым. Құда мыңжылдық, күйеу жүзжылдық, құдайға шүкір күйеулігімді түзу атқардым деп ойлаймын. Сіз бізбен сыйласып өттік, той домалағынан еш қалдырған жоқ. Бала-шағасының қызығынан қалдырған жоқ, рақмет, жаман кәртәйған жоқ, тоқсаннан асып, бала шағасының ортасында жүрді. Арты жаман емес. Қалғандарына бабаларының жолын берсін, Ермегіне ғұмыр, береке, абырой берсін.

Әлімнің күйеу баласы Күнту

Сағындым әкемнің қайран ыстық алақанын!

Болаттың бірінші естелігі

Қыстың күні қаңтар айы болса керек, бір екі еңгезердей жігіт аулаға ассалаумағалейкум деп кіріп келді. Әкем Әлім сәлемін алып, үйге кіріңдер деді. Екінті намазының уақыты жақындап қалған кез еді. Біреуі қазақ, кең маңдайлы, шалбарының бір етегіне мен сиып кететіндеймін, кең, екіншісі орыс, одан да зор. Жоқ, рахмет, алдымен сіздің көмегіңіз керек, осы жерден жеті шақырымдай жерде машинамыз қарда қалды, ішінде шопыр мен тағы бір жігіт бар, менің атым Қаныш Сатпаев үкімет жұмысымен Баянаулға келе жатырмыз. Әкем қолыма қол жиналып, шешемізге етіңді аса бер мен мына кісілерге көмектесейін деді де колхоздың семіз күйлі аттарын арқандап жүріп кетті. Содан машинасын үйге сүйреп алып келді де кісілерді үйге кіргізді. Мән жай сұрастырып көп отырдық, етте пісіп қонақ асы дегендей, ас беріліп сорпа ішіп болған соң Қаныш ағамыздың домбыра тартып ән айтатындай әсем қоңыр дауысы бар екен ән айтты, ауылдың біраз адамдары Қаныш ағамызды көруге

біздің үйге жиналып қалды. Содан түн ортасы ауа кісілер тарқаған соң қонақтар бөлмені босатып сыртқа шықты, анамыз Дәмелі қонақтарға төсек салды, бір уақытта жанында орыс кіріп келіп төсектерді ашып тексерді қолымен сипалады. Анамыз таң қалып не істеп жатыр деді әке айтты ол телохранителі солай істейді деді.

Рациялармен хабарласып отырады екен, ертеңде түске қарай Баянаулдан техникалар келді. Машиналарын маркасы “Бобик” деген кейінгі Совет Үкіметі кезінде Совхоз директоры мінетін машина сияқты ішінде рация бар содан әке шешемізге рақмет айтып қоштасып жүріп кетті.

Жер жүзіне аты белгілі болған, Ғарыштан атына бір жұлдыз атаған Әлем ғылымдары Қазақстан мемлекетінің тұңғыш академигі Қаныш Сатпаевтің біздің әкеміз Әлімнің шаңырағына қонып анамыз Дәмелінің қолынан дәм татқан. Әкей қанша уақыт екенін білмеймін біраз уақыт Сталин деген колхозда председатель қызметін атқарыпты сол кездегі бір естелігін естіп едім есімді қалғаны соның ұзын ұрғасы жартылай қалғаны ғана.

Болаттың екінші естелігі

Әлім әкемнің өз ауызынан естіген бала кездегі бір естелік әңгімесі шала пұла есімде қалғаны. Байғожа әкесін туыстары ел аралап жетім қалған жас балаларды жинап, үкімет үйіне тапсырып асырап оқытып шығарады деген адамдарға әкеміз Әлімді (Бала кезінде) салып беріп жібереді екен, содан сол северный крайға кетеді, ал детдомда қанша болғанын білмеймін әйтеуір жазуды, оқуды, санауды үйреніпті. Көкшетаулық Жапар деген баламен біздің әкеден бір екі жас үлкен екен, келісіп, ақылдасып тағы бір екі ай күтіп обмундирования жаңадан алған соң дорбаларына тушонка ,нан сияқты тағамдарды салып алып, аяқта су жаңа хром етік үстінде судай жаңа киім мықты кител Еділге қарай түнделетіп қашып шықтық дейді. Бір екі күнде Еділ өзеніне жетіп ,тауып, жалданып паромға жүк артысып мінгесіп, екінші жағалауға жеткен, содан түйелерге мінгесіп жылжи берген, бірнеше күндерден кейін жолда мұжықтарға кездесіп ,олар бұларды жұмысқа салып қояды, өгіз айдап соқамен жер жыртып солардың қостарында бірнеше күндер түнеп жүреді, жерді әбден танып алған соң, бұдан да түнделетіп қашып шығады, жаяу жүріп отырып жолда өгіз арбамен жолаушыларға ілеседі. Бірнеше күндерден кейін парат жеккен татарларға ілесіп кетеді ,жолда бірнеше ауылдарға кигіз үйге түнеп жаяу жүреді, жарты жылға

жуықтай жүріп ауылға жетеді. Шаш өскен артқа қарай тарап жүрем. Ауылдың адамдары танымай бір орыстың баласы деп белімде ремень болған, бір ақсақал кім деп сұрады мен Әбайлда Байғожа ұлы Әлім дедім содан көрші ауылға ат шаптырып Әбайлда атамызбен Бибісара анасы тағы басқа туыстар бар Ресейден оқу бітіріп келді де п бүкіл ауыл екі ай тойлаған, күнде бір қой сойып ауылда жиналып қалған газет журналдарды оқытып күнде кеш кілік ауыл болып тыңдайды екен. Содан бір күні Баянаулдан бір өкілдер келіп, ауылдарында хат танитын бір бала келіпті жолықтырындаршы дейді, әкеден бірнеше сұрақ алады оқыттырады, жазғызады ол кезде арифметика ғой сонымен ол адамдар өте жақсы деп мені он алты жасымнан бас есепші болдым дейді Әңгімесін көбірек айтып еді және бір неше жерлерді де айтты ұмытып қалыппын.

Ғабдұлсағаттың естелігі

Байқожа 22 жасында Әлім туған соң әскерге қара жұмысқа алынып, 1917 жылы ауыр дертке шалдығып елге оралады. Сол аурудан айықпай, Әлімнің 1,5 жасында қайтыс болады. Мұрымтал өңіріне шешек жайылып, көптеген адамдар дүниеден өтіп кетеді. Балалар арасынан жалғыз Әлім тірі қалады. Қол-аяғы тартылып, мүгедектіктің зардабын тартудай-ақ тартады. Уақыт өте аяқтары жүруге жарап, екі қолы бүгіліңкі күйде қалады. Өзі жетім, өзі мүгедек, туғандары жоқ болған соң ауыл адамдары Әлімді аяп, жеңілірек жұмыстарды береді. Әңгімені жартылай Ғабдұлсағаттың атынан әрі қаратай өрбіте сабақтайын.

Әкей 80-нен асып, қартайған шағында келіндерінің ішінен Гүлсараны таңдап, «Мені күтсе осы келінім күтер...» деп қолымызға көшіп келді. Менің шаңырағымда әдемі қартайып, келіні Гүлсараға риза болып, дүниеден қайтарында ақ батасын береді. Ақ батаның себі болған

шығар, құдайға шүкір, жанұямыз үлгілі әулет болып, балаларымыз барлығы жоғары оқу орнын бітіріп, үлкен қызыметтерді үздік атқарып, зор жетістіктерге жетіп жүрген жайы бар.



«Ана – Жер-Ана!»

Солдан оңға қарай отырғандар: Дәмелі (алдында Мұрат), Бибісара (алдында Қымбат), Қанат, Ғабдұлсағат.

Тұрғандар: Жанат, Әлім. Егіндібұлақ ауылы. 1955 жыл.

Әкем Әлімнің шешесі, Бибісара Рүстембекқызы Қаржас ішінде Құл руына жатады. Күйеуі Байқожа өлген соң жалғыз баласы Әлімді бағып-қағып отырып қалады. Әкейдің айтуынша, «соғыс жылдары Әлім, әкесінің туған інісі Бекқожа екеуі колхоздың астық қоймасын күзетті. Бір тексеру кезінде 8 пұт бидай кем шығады. «Сендер ұрладыңдар» деп әкей мен Бекқожа екеуін соттамаққа ниеттенеді. «Біріншісі есепші, екіншісі күзетші, екі туған болып бірге тонадыңдар» деп екеуіміз бірдей жазалы

болғанша барлығын өз мойныма алайын, сен аман қал, артымдағы екі баламды саған тапсырдым», - деп Бекқожа барлық кінаны өз мойнына алып, 8 пұт бидай үшін 10 жылға сотталған, сол жақта хабар-ошарсыз қалған.

Әкей ол кісінің аманатын толықтай орындап, немере інілері Қабидолла (Қибаш), Зейнолла екеуін де тәрбиелеп оқытты. Оларды үйлендіріп, екі үй отау қылып шығарды. Екеуінің балалары да ер жетіп, өсіп-өніп бұл күндері Екібастұз қаласында түтіндерін түзу түтетуде.

Ауданның шешімімен әкей алғашында бас есепші боп «Сталин колхозында» еңбек жолын бастады (қазіргі Егіндібұлақ ауылы). Ол жердің тұрғындарының басым бөлігі Айдабол ішінде Қозған деген рудан. Ал сол жерден 30 шақырым жерде Жаңа Тілек ауылында (Октябрдің 40 жылдығы совхозы) Айдабол ішіндегі Жанқозы, Малқозы, Қарақозы, яғни біздің ру адамдары тұрады. Қызығы, бар болғаны 30 шақырым жер. Әкей армандайды екен «Өз еліме көшіп барамын», - деп. Ақыры 1959 жылдары «Өз елім» деп 40 жылдық совхозына жетеді. Мұнда да есеп-қисап жұмысымен айналысады. Әуелі совхозда кассир, ауыл кеңесінде бас есепші болып, 1977 жылы зейнеткерлікке шығады.

Тұрмысымыз өте жақсы, бірақ жұпыны тұрдық. Әкей ақшаны қапта, соквояж, чемодандарда сақтады. Біз өскен соң әкейден сұраймыз: «Үйде осынша мол ақша болып, неге қарапайым тұрдық», - деп. Не үйімізде жөнді жиһаз, не ауламызда машина болмады. Сөйтсек, ол кісі өзімен бірге туған ешкімі болмағасын, өзге немере-шөбере жағына көмектеседі екен.

Қайран шешем

Анамыз Дәмелі Жанбосқызы 13 кұрсақ көтерді – 7-уі өсіп-өніп, үйлі-баранды болды. Шешеміз өте берекелі-тін.

Үйде көп бала болса-дағы үстел бірде-бір жиналмайтын. Анамыз айтады: «Таңертең тұрысымен қазанға су құйып ет саламын, өйткені, білемін әкелерің түс кезінде контордан кем дегенде бір кісіні ертіп келеді». Содан, түстен кейін тағы да қазанға су құйып ет саламын», - деп әңгімені жалғастырады. Үйден кісі еш арылмайтын. Үйімізде ағам Қанат пен бір жұмыскер болды. Тоғаннан су тасып, ағаш жарудан олардың қолдары босамайтын. Оның үстіне қорада тағы мал бар, оларды жайлау керек. Сондықтан да Қанат оқуды оқымады.

Әкемнің шешесі Бибісара баласы жалғыз болғандықтанба, әкемді шешемнен қызғанатын еді. Жанжал шығарып, анама әкемнің қолы тиіп қалатын. Бірде шешейді баласына қатты жамандаған, сонда әкей сүт тартып отырған анамның үстіне бір шелек сүтті төңкере салған... Содан, екі қабат кезінде бала теріс келіп, ол көп бейнет көрген. Бірақ, әжеміз қайтыс болар алдында, шешейден кешу сұрапты.

Үкімет жұмысынан әкеміздің қолы босамайтын. Біз, балалар, негізінен шешейдің тәлім-тәрбиесінде жүріп, асыл анамызға көмектесіп, жастайымыздан еңбекке араластық. Әкейдің арақ ішіп келетін кездері болғанда, барлығымыз ренжитінбіз. Шешеміз бізді тыйып тастайтын: «Әкелеріңе еш уақытта да қарсы келмеңдер!», - деп. Шешей өте қонақжай адам-тын. Ол кісі аса мейрімді балажанды, туыстарына деген сүйіспеншілігі мол болатын. Үйге қонақ көп келетін болғандықтан үй шаруасы шәш етекпен болатын. Біз бәрімізде анамызға көмектесеміз деп тынымсыз үй шаруасына бәріне араласатынбыз. үй жинау, нан пісіру, тамақ дайындау, пеш жағу, сиыр ,бие сауу, қымыз дайындау, май илеу, май шелек ыстау тағы басқа толып жатқан қара жұмыстар. Бірде маған әкем школьник деген велосипед әкелді. Мен шамасы жеті жастарда болатынымын. Тебу білмеймін, содан бір күні шешем енді үйренбесең сатып жібереміз деді. Қорыққанымнан

велосипедке отырдым, артымнан анам ұстап жүріп отырды. Бір кезде қоя берді. Мен содан велосипедті тоқтата алмай, ауыл шетінде бұлақ ағып жататын, соған күп беріппін. Анамда қолма қол келіп, мені де, велосипедті де алып шықты, сүйітсем анам байғұс артымнан жүгіріп отырған ғой мен құлап қалмасын деп.

Бәрімізді өсіріп-өрбітіп, бейнетімізді көп көрген анашым, біздің рахатымызды көре алмай, кенжесі Бақыт туғаннан кейін ауырып, жазыла алмай 53 жасында дүниеден өтті.

Әкей шешейдің туыстарына да барынша көмектесті. Олар әкейді пір тәрізді көрді. Әсіресе бажасы Алау, балдызы Төлеумен қатты силасатын. Бірге туған аға-інідей өмір сүрді.

Ол кезде киім тапшы-тын. Әсіресе аяқ киім. Бірде әкей бала шағында Баянауылдан шығарында аяқ киімін шешіп алып, Қарашатқа дейін жалаң аяқ, өзі аш, бір туысының үйіне жаяу келеді. Сонда үй иесі ішіп отырған бір аяқ кесесінің ішіндегі көженің жартысын әкейге ұсынады. Аш-жалаңаш жүргенде, ішкен астың дәмі естен кетпейді ғой.

Колхозда бас есепші кезінде, ауыл адамдарына әкейдің көп шапағаты тиді. Сонау жылдары кісілердің дені хат танымайтын, орысша білмейтін. Ондайлар көмек сұрап келгенде кеңесін аямай беріп, заттай-ақшалай жәрдемін көп көрсететін. Ол кісінің жақсылығын ауыл адамдары бүгінгі күнге дейін айтып жүреді. Ауылға ауданнан басшылар, не бір қадірлі тұлғалар келсе, біздің үйге түсетін. Колхоз басшысы негізінен әкейдің ақылына ден қоятын, оның абройы биік болған соң. Бір күні ауылға Қаныш Сатпаев келеді. Жанында орыс ұлтынан кісі болады. Сонда Сатпаев әлгі кісіні қадірлеп, киімін әперіп, етігін кигізіп, безек қағып жүрді. Әкей айтады «Біз Сәтбаевтің мұнысына аң-таң қалғанбыз», - деп. Өйткені ол кісінің өзі де үлкен, абройы зор тау-тұлға. Сөйтсек ол кісі Русаков деген ғылым әлеміне

белгілі ғалым, сондай-ақ, Қаныштың ғылыми жетекшісі екен...

Асыл ағам

Қанат ағам жанұяның үлкені болғандықтан, үй шаруашылығы сол кісіге түсетін. Әкеміз көбінесе қызыметте, үй шаруасына көп араласпайтын, оның үстіне ол кісі бала кезінен шешек ауыруына шалдығып, қолы кемтар болатын. Ағамыз жастайынан еңбекке араласып, шынығып өсті. Мінезі ақ көңіл, қолы ашық, қазақша айтқанда, аузын ашса көмекейі көрінетін. Артынан өсіп келе жатқан іні-қарындастарына ештемесін аямай, жанын суырып беретіндей еді. Өзі оқыма-са да біздің оқып білім алуымызға себі тиді. Біз әкемізге емес, Қанат ағамызға еркелейтініміз. Шалыс басқанымызға ренжіп, жетістіктерімізге жас балаша қуанатын. Апамыз Жанат еркелеу болды да, үй жұмысында шешеміздің оң қолы болды. Үкімет жұмысына 16 жастан бастап араласты. 8 сыныптық білімі бар ағамызды совхоз Павлодар қаласына кәсіптік-техникалық училищеге жіберіп, кең көлемді механизатор мамандығын алып келді де, совхозға тракторшы болып орналасты. Ауылдың қат-қабат жұмыстарын істеп, бір дамыл таппайтын. Кейіннен мал бағуға ауысып, бір табын малды алып, алысқа, жайлауға жалғыз үй болып кететін. Жазғы каникулда біз барып көмектесетінбіз. Күні-түні мал соңында жүрген адам жалығады ғой, біз барғанда қуанып қалатын. Бір-екі күн баға тұр деп, отарды бізге қалдырып ауылға кетіп қалатын. Содан бір-екі жұма жоғалады. Ал біз малды тастап кете алмай, амалсыздан бағып жүретін-біз. Бір-екі жұма дем алып, әләуләйтіп келетін. Ол да бір қызық дүние-тін. Сүйтіп, 30 жылдан аса мал бақты. Шешей айтып отыратын: «Қанаттың арқасында аузымыздан ақ май ақты ғой». Абройлы болып, «Озат шопан» атанды. Жеңгеміз

Әмина екеуі 10 бала өсіріп, осы кезде бәрі бір-бір жанұя болып отыр.

Болаттың үшінші естелігі

Төлебай батыр деген біздің бір бабамыз болған екен, ол туралы менің бала күнімдегі әкейден естіген әңгімесінен үзінді. Сол кездегі жаугершілік заман болса керек, сол бір соғыста Төлебай батыр жанындағы екі үш жігіттерімен жау қолына түсіп қалады, оларды ұстап алып, зынданға тастаған, содан бір жылға жуық арада солардын қолында болған. Күндіз аттарды баптап, мал жәйләп, шөп шауып тағыда басқа әр түрлі жұмыстар атқарып жүргенде, түнде зынданға қамалып отырған. Жау өзбектер екен. Төлебай батыр ерекше сымбатты бірден көзге түсетін ер жүрек, найзагер, арқан құрық лақтырғанда нысанаға дәл түсіреді екен, әрі өзі көрікші ұста, найза, қанжар, қылыш секілді қаруларды және тағы да ертұрман басқа да бұйымдарды істей білген, он саусағынан өнер тамған, түнде ұйықтап жатқанда ай секілді жарқырап жатады екен, сол жердегі өзбек әскери қолбасшының беделді өзбектің он алты жасар қызы Замира сұлуға ғашық болады. Төлебай оның көк тулпарын баптап жүреді содан екеуі жасырын келісіп, бір түнде Замираның көмегімен сол түнгі күзетшімен келісіп, зынданнан шығарып, бапталған ең жүйрік тұлпарларға мініп, бірнеше күнге жетерлік азық алып, шөл даламен қашады. Бір екі күн бұрын озып Төлебайдың Сары батыр інісі жігіттерімен алдын ала құдық қазып, су дайындап жүрген, сонынан Төлебайдың Қосқұлақ деген інісі жігіттерімен бір күн арттан қазылған құдықтарының іздерін жауып отырған, сонымен елге аман есен оралған кезде Замира анамыз Еламан деген бабамызды дүниеге әкелген ал енді Едіге би ағасыма әлде інісіме, аналары бөлекпе әлде бірме білмедім мүмкін бір анадан шығар, ол жағын нақты

айталмадым, бірақ сол өзбек анамыздың өмірі қысқа болыпты деседі.

Әкем мені қатты еркелетті басқаларғы қарағанда мүмкін кенже ұлы болған соң шығар. Менің әкем Әлім ақ көңіл, аңқалау, адал, ашық, сенгіш, тәртіпті айтқан сөзінде тұратын. Жомарт, ақылды адам болды өзіне қандай жақсылық тілесе өзгелергеде соны тілейтін беделді жан, өзі жүрген барлық ортада, қызмет атқарған ортада болсын, туыстар, көрші қолаң, жолдастары сол кісінің шыншылдығы үшін өтірік айту дегенді білмейтін, адал, адамгершілігі мол, көркем мінезділігі үшін қатты силады, бірақ өзінің отбасына қаталдау болды, анамыз Дәмелі әне әкең келе жатыр деп бізді қорқытатын және өзі де оның бір айтқанын қайталапайтын, әкемізді өмір бақи сыйлап өтті ешқашан атында атамай өтті ағатай дейтін біздің әкеміздің ақкөңілдігі сондай біреулер әкейді сыйлап қонаққа шақырғанда, немесе өзі қонақ шақырғанда елде бұрын масайып қалады ғой деп анамыз уайымдап жүретін және бір оқиға есімде бір күні Әй Болатжан, жүр маған көмектесіп жіберші шөп аранда бірдеме істемекші болды, содан бір қалың тақтайды көлденең маған ұстатты да жүз жиырма үлкен шегені бір қолына алып, бір екі ұрды дәл тигізіп үш тигенде бір бас саусағын ұрды ғой, әй-пәй-пәй деп балғаны лақтырып жіберді, мен әкейдің айғайынан шошып тұрмын осы салақтанда олақ болған жаман екен деп айғайлап тұр. Тағы бірде үйге бір жәшік шыны әкелді, үйдің терезелерін айырбастау үшін, өткір жаңа шыны кесетін алмаз шынылайтын рамаларды линейкамен өлшеп, ұзындығы, көлденені деп қағазға жазып қойды, ептеп шеге суырғышпен жәшіктің тақтайларын ағытты бір жағын дөңгелек столға жатқызып бір шыныны кесе бастады ал шынылар бытырлап сына берді сонымен жәшіктегі шынылардың жартысы бітті сондағы әкейдің айтатыны әрбір шыны сынған сайын әй пәй пәй осы салақтан да олақ

жаман екен. Содан біздің ауылда Толебай деген ұста болды соны шақырып келді ол кісі келісімен рамаларды ағытты да биік столға раманы қояды да тазалап қырып пышағымен шыныны тұра рамаға дәлдеп жатқызды да ешқандай линейкасыз құлағындағы қыстырған алмазбен, қарындашпен дәптердің бетін сызғандай бір тартып шынылар тық етіп орнына түсе қалады бірде шыны сындырмайды кейін союз құлаған кезде жұмыс жоқ ,қолдағы малдарды сатып күн көре бастаған заман болды содан осы Ғабдул ағам мені Гагарин орыс мектебіне завхоз қылып орналыстырды екі жылдай сонда істегенде менде солай шыны кесіп әдістеніп алдым біздің әкей сондай олақтау болса да одан ерген төрт ұл, үш қыз епті болдық. Анамыз Дәмелі епті кісі болатын, сырмақ, киіз, әдемі төр көрпелерді бәрін өз қолымен жасағынын бізде көрдік. Әкеміз Әлімге, шешеміз Дәмеліге иман байлығын берсін,ағам Ғабдул екеуіміздің Сауд Арабиясындағы Мекке қаласында АЙША мешітіндегі ата-анамызға арнап жасаған дұға-тілектеріміз иншалла қабыл болғай.





Құдаларым Қайыргелді мен Қараханның ортасында Ғабдүлсағат



Құдағилар: Бақыт, Алтын және ортада Гүлсара

Мақсұтхан Тирмизиұлы Ақыштегі

II БӨЛІМ



**ТАРИХ – ТАҒДЫР – ТҰЛҒА
/МӘСТЕК АБЫЗ ӘУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕ-ТАРИХЫ/**



Қос жартаc



Мақсұтхан Тирмизиұлы Ақыштегі

*Қаламымды тербеп жаздым –
Бес бөлімнен тұратын тарихты.
Қара жердің кенін қопардым –
Таппадым жұрттан тарлықты.*



Ғабдүлсағат Әлімұлы



Меккедегі Қағбаның жанында. 27.10.2022.

Жақын жүр, жұмбақ жан...

«Ежелден ел тілегі – ер тірегі, Адал ұл ер болып туса – ел тірегі».

Бауыржан Момышұлы

Орта бойлы, дене бітімі мығым, көз-жанары нұрлы, сана-сезімі сұнғыла-терең. Қыр мұрынды, жар қабақты, қара шашты, жүрген жолы, бағыты ерекше дараланған, айырықша сараланған. Жолдастыққа, достыққа берік, көпшілікке серік, жеріне самал, қызметіне адал. Ел-жұртқа беделді, ойы-өрісі кемелді, есепті шекілдеуікше шаққан, бойтұмарды мықтықылмойнына таққан. Ата дәстүріне жақын, қазақы болмысы айқын, кісілік көрегендігі бар, имандылық түсінігі мол. Көк аспанды күмбездеген, ақ тұлпарды тізгіндеген, сөзі өрелі, өзі өнерлі. Петербург төңірегінде Отан алдындағы әскери борышын аброймен атқарып, туған топыраққа оралған. Қарағанды Мемлекеттік политехникалық институтын инженер-құрлысшы мамандығы бойынша 1981 жылы тәмамдаған. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кентіндегі «Ақбеттау» қонақ үйінің және орталық моншаның иесі. Кітаптарды жинаған, тарихты зерделеген, ақын-жазушыларды пір тұтқан. Талай тайғақ та бұралаң жолдарды өзінің басынан кешкен. Қара ниетті кезәптармен арпалысқан. Өмір қиындықтарына мойымаған. Ақ жүрек қалауына жетудегі мақсат-мұраттарына табанды. Жеме-жемге келгенде, жеңістерге жеткен ғой. 45 жыл шаршамай-шалдықпай ел-жұртына адалдан еңбектенген. Сұлу Баянтау өлкесіндегі «Жаяу Мұса» ауылының төл тумасы. Екі қабат зәулім үйдің кең ауласына түрлі-түрлі жеміс ағаштарымен қатарластыра Баян қарағайларын отырғызған. Махаббаттың сырына келгенде ұялатыны бар. Өзін мадақтап-мақтағанды ұнатпайтын. Қарапайымдылығымен көзге ерекше көрінетін.

Туған жерін сүйіп, балапандарын жақсылық атаулыға баулып, немерелерін бағбанша баптаған. Жаратқанға жан-тәніменен құлшылық етіп, сол, Жаппар Аллаға тәубесін айтқан. Достарымен сырын ашық бөліскен. Шынайы дос мәртебесіне лайықты тұлға. «Малым жанымның, жаным арымның садағасы» деген фалсапалық мағынасы жан-жақты қағиданы өз өмірінде ең басты бағыт етіп ұстанған, ұрпағына қазақы тәлім-тәрбие беруді үнемі назардан тыс қалдырған. Өйткені, қазақ ұлтының келешегі берілген саналы да, сапалы тәрбиеге тікелей байланыстылығында. Кім осы бір жайды басты назарда ұстаса, сол ғана Жаратқан иеміздің шапағына бөленеді. Осынау жұмбақтап отырған, абзал да судай таза жанымыз кім болды? Білсеңіз айтып беріңіз. Бұл өзіміздің сыныптасымыз, адал досымыз, төрт құбыласы тең тұлға, өлкеміздің ардақты да мәртебелі азаматы – Ғабдұлсағат Мұхаммедәлімұлы 1950 жылы 17 шілдеде Павлодар облысы, Баянауыл ауданының, Егіндібұлақ аулының тумасы..

Құдай Тағала Ғабдұлсағатқа әу бастан-ақ табанды талап, ерекше зейін бергені хақ. Көкірегіне ақ сәуле құйылып, хақ жолын ұстаған дарын иесісі. Мұрымталда мұсылманның ақ туы желбіреген сол бір қырқыншы жылдары жас Ғабдұлсағатты исламдық әліппе-әліпби сынды оқу-тоқуға жақындатқан. Себепп, оның арғы бабасы Мәстек абаз, діни өте сауатты болып, абыздық дәрежеге жеткен тау-тұлға! Иман шарт пен әптиекті, одан арғысы, Құран Кәрімді биік деңгейде, жақсы меңгерген. Мұхтасар мен Ислам тарихын түгендеп, пайғамбардың хадистерін барынша тәпсірлеген. Отыз паралы Құранды судыратпағанменен, негізгі сүрелерді жатқа айтқан. Мәстек абызға бес уақыт намаз, мұсылмандық қағидалар бұлжымас әдетке айналғаны қашан!?

Егер со беті жалғастыра бергенде, Ғабдұлсағат үлкен қари, бүкіл әлемге белгілідін ғұламасы болып шығуы да ықтимал-тұғын. Бірақ мұның сорына қарай, заман күрт өзгеріп кетті. Үкімет басында дінге қарсы коммунистер тұрды. Ғабдұлсағат еріксіз жаңа оқуға ауысты. Әйткенмен, Құдай берген зерде, алғыр ой қашанда кәдеге аспай қоймайды. Ол жаңа оқуды да қиналмай-ақ игеріп кетті. Бастауыштың білімін бірер жылда өте жақсы меңгеріп, өзінің құрбыларын артқа қалдырды. Орталау мектепте, одан соң орта мектепте оқығанда да алдына ешкімді де түсірген емес.

Саясаттан аулақтығы ма, әлде адам баласына ортақтығы ма, Ғабдұлсағаттың ендігі ықыласы толықтай математика пәніне ауған. Қарағандының политехникалық институтын жақсы тәмамдады...

«Үлкеннен алған ақыл – арыңа қосқан нақыл».

Бекайдар би

Кей-кейде маған ғарыштан Қорқыт атаның қатты қобалжуы, оның қобызының «қоңыр үнді қаздай қиқулаған назы» құлағыма құйылатындай. Алыстан шаршап-шалдығажеткен үн, бес күндік осынау жарық дүниенің қысқалығын кісілерге құлақ қағыс қылғандай. Еламан, Ботан, Мәстек абыз, Мендібай, Әбәйділде, Байқожа, Мұхаммедәлім – жеті ата. Осы жеті ата замандары қандай болды? Біздің қазіргі заманымыз қандай? Өзімізден кейінгі жеті ата заманы қандай болмақ? Менің ойымша бұл үш сауалға дөп басып жауап беру қиынның қиынындай. Мың күрмеу, мың байлау сұрақтарды дұрыс парқату үшін Мәстек абыздай Алладан берілетін көріпкелдік қасиет қажет-ақ. Егер де жеті ата жүйесі 200-250 жыл мерзімінде бір ауысса, орта есеппен алғанда, 14 атаға жарты мың жыл, ал 28 ата үшін мың жыл шамасында уақыт керек деп топшылаймын.

«50 жылда ел жаңа» деген сөз ата-бабаларымыздан бізге жеткен. 1000-ды 50-ге бөлсек 20 саны шығады. Сондықтан да, зерттеу-зерделеу нәтижесі бойынша, осынау аралықта, ұрпақтардың болмысы 20 мәрте спираль бойынша дамып отырады деген байлам шығады. Ұлт болмысының жалпы деңгейі бірде жоғарлап, өкінішке қарай, кей-кейде төмен құлдырап, өзгеріске түсіп тұратындығы айғақталады. Тарихтағы 1000 жыл дегенім сол бір бес күндік жарық дүниеге тең тәрізді.

Мұхаммедәлім қарияның бет бұдырларына көз тоқтата отырып, зерделеуімнен, мына ой шығады: атаның өмір жолы тым ауыр болған. Ата ғұмырының қиын-қыстауынан мысал: күні жаздың маусым-шілде айларындағы қапырығы – ащы тер төктірген, ал түні қыстың желтоқсан-қаңтар айларындағы қақаған аяздары – қан түкірткен. Қазіргі, осынау мамыражай заманымыз, түн ұйқыны төрт бөлуге, асқан төзімділікпен, өмір үшін арпалыспен, яғни, білектің күші, найзаның ұшымен, қан кешті соғыстардағы ата-бабаларымыздың жеңістермен бізге жеткен. Бабаларынан қалған тарихи жәдігерлер – семсер мен қалқан Ғабдұлсағат шаңырағының қақ төрінде, қастерлі орында ілулі тұр. Елің мен жеріңді қорғау, Отаның үшін отқа түсу - ата-бабалардан ұрпақтарына мәңгілік аманат болып қалған. Мәстек абыз кезінде ел арасындағы билікке араласып, шешендігімен танымал болған тұлға. Сондықтан да, Мәстек абыздың өмір-ғұмыры, халқы, елі үшін сіңірген еңбегі бүгінгі, келер ұрпақтарға үлгі болып қалары сөзсіз, ешбір дәлелдеуді қажетсінбейді. Бүгінгі күні осы бабамыздың үлгі-өнегесін өзіне мақсат еткен ұрпақтары алтынның сынығындай, асылдың тұяғындай, асқартау бұлағының мөлдіріндей көріп, абызды құрметтеп, қадір тұтуда.

Махаббатты көңіл – таза өмір.

Ғабдұлсағаттың жұбайы Гүлсара Керекү қаласының қызы. 1974 жылдан бастап есеп-қисаптан білікті маман. Ғашықтық фильмдерді, көркем кітаптарды ұнатады. Біріккен Араб Эмиратында үш мәрте болған, Дубайдағы алтын үйді көрген, шаһардың «ертегі келбетіне» тәнті болған. Қайын атасы Мұхаммедәлім мен немересі Атығайдың бет әлпеттері мен ой өрістері сәйкестігін мақтанышпен, әсерлі әңгімелейді. Гүлсараның ас әзірлей жүріп, Ғабдұлсағат екеуміздің арамызда өрбіген әңгіменің сөз сарасын қалт жібермеу қабілеті мені таңдандырды. Үй шаруасымен айналыса жүріп, қойған сауалдарыма табан асты жауап беруге үлгеруі, Гүлсараның жан-жақты білімді жан иесі екендігін аңғартты. Гүлсараның ерекшелігі адами қарапайымдығында, ұлт болмысына тән инабаттылығында. Гүлсараның адамгершілігі сүйсіндіреді. Адамгершілігі мол адам анадайдан көрінеді. Адам айнасы – адам!

«Баламды оқытуды жек көрмедім» деген Абай сөзін Ғабдұлсағат пен Гүлсара өз мақсаттарының бастысы ретінде құп алған болатын. Үш баласын «үйренсем, ұғынсам, ұлағатты адамдарға ұқсасам» дегендей үш ниетке тәрбиетәлімдеді. Ермек, Айдын, Әсем, үшеуі де, орта мектепті ойдағыдай тәмәмдап, өте жақсы ғибрат қағидаларын алып шықты.

*Терең ойға түсіп тұра қалдым,
Басымды аспанға бұра қалдым.
Өзім де не болғанын түсінбей,
Ішімнен жоспар құра қалдым.*

Ғабдұлсағат! Тарту ретінде, мына шумақтарымды сенің жанұяңа, кіршіксіз таза жүрегімнен арнаймын:

*Семізбұғытауы оқыған жеріміз,
Білімнің әліппелік таңын атырған жеріміз.
Ұстаз, әз бабалармен сырласып,
Тәлім және тәрбие дәнін татқан жеріміз.*

*Ой әсерінде болған жеріміз,
Ойнап-күліп қалған жеріміз.
Ең алғашқы махаббат оянып,
Қыздарға көз салған жеріміз..*

*Қыздар ішінде жеке-дара,
Мөрлі махаббатың еді Гүлсара.
Дүниенің түрлі дүрбелеңі,
Жүрегіңе түсірмесін бір жара.*

*Ойландың, толғандың, Ғабдұлсағат,
Алға ұмтылдығың да, таппадығың тағат.
Көз алдығыңда тұратыны кітап-қалам,
Сол қолыңа жарасқаны алтын сағат*

*Түсімде көргенім Дубай қаласы,
Сәулетті мың шаһар, арабта екен.
Өңімде көргенім Астана қаласы,
Дәулетті көп шаһар, қазақта екен.*

*Алыстағы ұлым, Ермегім қандай,
Гүл жайнаған, Гүлмирам қандай?
Ата-әжесінің алыстағы немерелері,
Ноян, Бекарыс, Атығайым қандай?*

*Ермегім, шуақ шашқан таңдай,
Гүлмирам, нұр сәулелі жандай.
Ноян, Бекарыс, Атығайларым,
Қазақ тарихындағы үш хандай.*

*Нояным болады, мың басы,
Өрге домалар, арман тасы.
Жаппар жаратқан қолдап,
Жүзге жетер ғұмыр-жасы.*

*Бекарысым табар жарасым,
Нұр сұлтандай, бек арысым.
Елін басқарып, көш бастап,
Алар халықтың көп алғысын.*

*Атығайым кетер қалықтап,
Білімнің әлеміне шарықтап.
Ақылымен жетер мұратқа,
Ғылым жүйірігін құрықтап.*

– Дубай – Ботақара!

Ұлылықты сыйлағаның, Ұлылыққа бой ұрғаның!

Ермек. «Талаптыға нұр жауар», дейді қазақта. Ермек оқысам-тоқысам, білсем, ел зиялыларына ерсем деп талаптанды. Алдына биік-биік мақсат-мұраттар қоя білді. Бұрындары Ермекті теледидардан көргенімде, қуанышым қойныма сыймай, «Ботақара» аудан орталығы қайдасың деп, Ғабдұлсағаттың бұрынғы тұрған үйіне, Кернейден әдейілеп, атымды терлетіп, ата-анасын құттықтауға келіп кеткенім бар-тын. Ермектің Шешен президентімен кездескені есімде. Ермек Плеханов атындағы Мәскеу экономикалық академиясын 1997 аяқтаған. Ермек Дубай шаһарында жанұясымен тұрып, жұбайы Гүлмира екеуі Араб Эмиратында төрт жылдай қызмет істеп келді. Сол Біріккен Араб Эмиратындағы іскер қазақ елі азаматтарының бірі-бірегейі, кәсіпкер, Ермек Ғабдұлсағатұлы. Орайы келіп тұрғанда бір сөз айта кетейін – Біріккен Араб Эмираты

жөнінде. Біріккен Араб Эмираты Парсы шығанағына кіріңкі, Аравия түбегінің солтүстік-шығыс тұсына таман орналасқан. Біріккен Араб Эмираты оңтүстік-батысында Сауд Аравиясымен, және де шығысында Оманмен шекаралас орналасқан. Эмираттың солтүстік жағы Иранмен Парсы шығанағы арқылы, солтүстік-батысы 50 шақырым қашықтықтағы Катармен шектескен. Біріккен Араб Эмираты жерінің ауданы 83600 км² (200 аралдың аудандарын қосқанда). Жылдық орташа температура 25,4⁰С. Құрғақ субтропикалық климат. Орташа жылдық жауын-шашын күндері-5. Демалуға ең қолайлы кез мамыр-қазан айлары аралығында, ауа жылулығы шамамен алғанда 18⁰С мен 30⁰С аралығында. Ақпан айында көбірек жаңбыр жаууы мүмкін. Жазда температура 50⁰С-қа дейін көтеріледі. Біріккен Араб Эмиратының ресіми тілі араб тілі, бірақ та ағылшын, хинди, урду, парсы тілері де қолданыста бар. Біріккен Араб Эмиратының астанасы Абу-Даби. Дубай шаһарындағы үйлер көбінесе 50-150 қабатты болып келеді. Бұл зәулім ғимараттардың биіктіктері 150-ден 450 метрге дейін болады деген сөз. Ел білімі, ғылымы, мәдениет, төл руханиат зорлығы мемлекеттегі ғимараттар биіктігінен байқалатын тәрізді. Ермектің жанұя мүшелері қазақ, орыс, қытай, ағылшын, араб тілдерін меңгерген. Ғабдұлсағаттың үш немересі – Ноян, Бекарыс, Атығай Дубай қаласындағы бай-шейх балалары білім алатын мектепте дәріс алды. Балалар білім мен тәрбиені сол оқу ордасында апта бойына жатып алады. Олар үйге жұма-сенбі күндері ғана оралады. Аравияда түрлі деңгейлі, сан қилы бағыттағы мектептер бар. Араб мемлекетінде жұма-сенбі демалыс күндері. Бұл елдегі мешіттерді былай қойғанда, кез келген қоғамдық орындарда, мекеме ғимараттарында намазхана өзінің жұмысын жүйелі атқарады. Бес уақыттық намаз уағында, елдің барлық азаматтары намаз оқиды. Ермек те, Ноян да, Бекарыс та, Атығай да намаздарын қаза қылмайды. Ермек

өзі қажылық парызды екі мәрте (2004, 2010 жж) орындаған. Біздерге Араб елдерінен алар үлгі-өнеге молынан. Біздің өңірде бисмилла, күпірлік, шүкіршілік, жақсы-жаман, обал-сауап, бата-тілек, әумин... ұғымдарын түсініп-ұғынбайтын адамдар жеткілікті. Олар ана тілінен де, ислам дінінен де мақұрым. Мұндай жағдай келешек ұрпақтарды жақсылыққа жеткізбейді. Дұрыс жол іздеп тапқанымыз жөн-ақ. Ең дұрыс бағыт-бағдар, ең абзал іс шариғаттың жолында, исламдық қағидаттарда: Құран кітабында, пайғамбарлар хадистерінде, мұсылмандық парыздарда. Қазақ елі ескеріп, сабақ алар діни іс-шаралар Ислам әлемінде, әрине, «Мен мұңдалап!» айқайлайды.. Иманды адамдардан иманды ел құралатыны дәлелді қажетсінбейді. Имандылық адамгершіліктің биік шыңына дөп келетіні сөзсіз ақиқат қатарынан. *Қазақ еліне келсек.* Талай ғасырлық қатпарлы тарихы, Ғұн-Түрік замандарынан бергі, 71 ханымыз белгілі. 2010 жылы төрағалық еткен және 56 ел басшыларын саммитке жинаған, сонымен қатар, 2011 жылы төрағалық жасаған және 57 ел дінбасыларын ислам конференциясына жинаған біздің тәуелсіз Қазақстанымыз бар. *Қазаққа келсек.* Қазақ деп батып айта алмай жүрген Әл-Фараби мен Бейбарыс талай жерлерді аралаған, діни сауаттары ерен, ғылыми деңгейлері терең болған. Дамаскіде Бейбарыс мешіті осы уақытқа дейін діни уағыз-қызмет атқарып келеді. *Қазақ жеріне келсек.* Ең бірінші Арыстанбаб, ал екінші Ахмед Иассауи немесе ең алдымен Шопан ата, онан соң Бекет ата еріксіз біздің есімізге түседі. Маңғыстау өңірінде миллиондаған жыл бойы қалыптасқан Үстүрт ойпатында Бекет ата 3 жерасты мешітін салдырған. Үңгірдегі тас мешіттердің пішіні киіз үй формасында. Бұл мешіттер мынандай үш қасиетке ие:

- оқылған құран сүрелері мешіттің барлық бөлмелерінде адамға біркелкі және ап-анық естіледі;

- жағылған май шамдардың шырақтары күллі бөлмеде біркелкі, өшіп қалмай, жай ғана маздап жанады;
- барлық бөлмелерде температура бірдей, бұл дегеніміз, жалпы жылу мөлшері тұрақты деген тұжырым.

Адамдар мешіттердің маңынан елік-арқарларды бір байқаса, жақсылыққа жорып, ырымға балайды. Себебі, ел Бекет ата рухы елік-арқарларда деп, кәдүмгідей сенеді. Ашықтық, ынтымақтастық, төзімділік, келісім және сенім қағидаттарына сүйенген мұсылман әлеміне, қазақтар да жатады. Сондықтан да, барлығымыз да бірлікте, ірілікте болайық.

Барлықтың базары ма, адамгершіліктің назары ма, сарапқа салып көріңіз. Ермек Ботақара ауданының имамына тұрғын үй және жеңіл автокөлікті сыйлады. Бұл сыйды исламда «Атымтай жомарттық» деп уағыздайды. Ол сый халық арасында дін исламды тереңірек тамырландыруға деген талпыныстың бір нүктедей-ақ көрінісі. Адамгершілік имандылықтан басталады десек, бұл үлкен кісіліктің нұрлы бейнесі! Ермектей азаматтар халықының бағы үшін туған жандар. Осының барлығы да еліміздің егемендігімен келген дүние, халықтың мәдени тұсынан да, рухани тұрғыдан да өсіп-өркендеуі, жетілген үстіне жетіле түсу. Ой-сана мен іс-әрекет бостандығының айқын нәтижесі. Ермектің жанұясы шет мемлекетте тұрса-дағы олардың жүректері «қазақ елі, қазақ жері» деп лүпіл қаға, дүрс-дүрс соғады. Туған халқын, кіндік кескен, құнарлы топрағын аңсайды, қатты сағынады. Бай болуға кәсіп керек. Нар болуға нәсіп керек. Адал еңбектенсек – бармыз, адал жүрсек – нармыз! Нар болайық! Қайда жүрсек те бар болайық!

*Қазақ деп соғады жүрегім,
Сағыныштан жаралған тәнім.
Ілім-білімде тұғыр-тірегім,
Айна бетінен байқалады сәнім.*

Кісілік – ұлылықтың ұраны, Кішілік – сұлулықтың бұлағы!

Әсем! Әсем дала! Әсем қала! Әсем бала! Айдай сұлу
Әсем қыз, осы сәтте сен қайда жүрсің? Әсем қызымызға
Ғабдұлсағат ақын К. Дәулетбаевтың сөзімен орайлас ой-
сананы, қазақы болмысты бойына бойлатқанына кәміл
сенемін. Ол «Қызым, саған айтамын» өлеңінде:

***«...Арайлы таңның жыры көп,
Жырды көп шашар нұры көп.
Тазалық болса кеудеңде
Даламның айтар сыры көп.
Уақытты босқа өткізбе
Шызарма мұны естен тек.
Айтпайды босқа әкең де
Уақыттың адам құлы деп...»***

Гәкку, Гәкку, Гәкку, қоңыр қазым! Керемет
келбеттілікке, әсерлі әсемділікке, сарқылмас сұлулыққа не
жетеді? Қазақта қыз бала жібектей үлбіреген сезімінің,
көктем басында құлпырған қызғалдақтың, теңдессіз асқақ
сұлулықтың, жалпы әсем табиғаттың сымбатынан сырға
көмкерілген көңіл-күй шертілгендей. Қазақ әр кезде де
қызын балапанша баптап, қолынан келгенінше еркелетіп,
тұмсықты жаратылысқа шоқтырмай, қанаттыға қақтырмай,
сүйіспеншілікпен шаңырақтың төрінен орын берген. Ал
қазақтың қақ төрінде әулеттің ақсақалы, елдің қадірлісі,
алаштың ардақтысы, халқы сыйлаған сал-серілері отырғаны

шындық. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қыз баланың қазақ болмысындағы орнын бағамдаймыз. Менің түсінігімде қыз балаға баға жетпейді. Ол сондай қымбат. Шешеміз кезінде немересінің есімін «Қымбат» деп қойып еді. Не деген есім, не деген білімдарлық! Шынында, қыз балалар баға жетпес қымбат болса игі! Кең арналы өзеннің мөлдір бұлақтардан бастау алатыны тәрізді, қыз инабаттылығы, иіліп сәлем салудан бастау алады, ата-ененің тәлім-тәрбиесінен қоштау табады. Жанұядағы ұлдардың арасында жалғыз қыз бала болса, қыр гүлінің қырмызылығы онан сайын арта түседі. Ермек пен Айдынның ортасындағы Әсем қыз ерекше болып көрінбей ме? Айтыңызшы! Әрине, ерекше әсем көрінеді!

Әсем Қарағанды мемлекеттік университетін қаржыгер мамандығы бойынша 2001 жылы жақсы деген бағамен бітірді. Осы күндері облысымыздың орталығындағы банкте менеджерлік қызметте жүр. «Шешесіне қарап қызын ал, аяғын көріп асын іш» дегендейін, Гүлсарадай мейірбан анадан Әсем үлкен тәлім-тағылым алды, инабатты да парасатты боп бой жетті. Гүлсараның сөзінен байқағаным, күйеу баласы Аманды өзінің ұлдарынан еш бір кем санамайтындығы. Аман да кезінде көз қырағылығын танытып, тәрбиелі жар сүйді. Әсем мен Аман өздерінің аңсаған армандарына жетіп, жанұя бақытына кенеліп, Қарағанды қаласында Арман, Абылай есімді ұлдарын құшақтарына алып, сән-салтанатта, аман-саулықта жүріп жатыр.

***«Отанды сүйю – отбасынан басталады!
Ұлылықты сыйлағаның, ұлықты болуың!»***

Қария сөз

Айдын. Үміттен арманға..! Арманнан арманға..!
Адамның арманы таусылған ба? Мына сөзімнің дәлелі ретінде айтарым, Ғабдұлсағаттың жиенінің аты да Арман.

Ноян, Бекарыс, Атығай, Арман, Абылай, Мұса есімдерін Ғабдұлсағат пен Гүлсара, әрине, бекерден-бекер ата-әжелердің ұсыныстарын құптай отырып, жай ғана қоя салмады. Ойланып-толғана отыра, халыққа жан-дүниесін берген бабалардың құрметіне, жақсылық атаулыға, ұрпақтарына жарқын да мамыражай болашағын тілеп, қазақы ырымдап, алынар шынар биіктерге бағамдаған... Айдын! Мұхитта көз жетпейтін айдын бар. Мұхитта сөз жетпейтін айбын бар. Су бетінде айнадай айдын бар. Мұз үстінде жарқыраған айдын бар. Қазақтың асыл тегінде алмас-семсерлі айбын бар. Жайсаң заманның өзі де асқан ақыл айдынымен, ер-жүректік айбынымен келетіндігі сөзсіз ғой.

«Ағайынды қоңыр қаз» деп Ермек пен Айдынды айта аламын. Бірі-аға, екіншісі-іні есебі. Бірі-тұңғыш, екіншісі кенже. Қазақта мынандай сөз де бар еді ғой: «Ағаның ізін іні басар.» Ағасына қарап Айдын да алға сәтті басып келеді. Айдын ата-бабалардың игі істерін жалғастырып, Ермектің ізін басып, 2010 жылы имандылық сапарымен Мекке шаһарына барып, мұсылмандық парыздың бірі, қажылықты өтеп келді.

Айдын Қарағанды политехникалық институтын жол-көлік инженері мамандығы бойынша 2004 жылы бітірді. Мамандығына сай Қарағанды қаласында қызмет атқаруда. Айдын Әсеммен (келініммен қызым аттас) 2005 жылы шаңырақ көтерді. Айсара, Аян, Әмірдейбалаландары бар.

Айдын Ғабдұлсағаттың кенже ұлы дедім. «Кенже ұл – шаңырақ иесі» деген ұлағатты ұғым да ел ішінде кең тараған. Қазақта әр баланың өз орны, өз міндеті болады дегендей. «Қыз қияға ұшады, ұл ұяға қонады.» немесе «Ұлы бардың, өрісі кең» дегеннен шығады, Ғабдұлсағат пен Гүлсараның кең өрісі, мол жемісі бар. Ол өріс, ол жеміс Қазақстан шеңберінен шығып кеткендігін жоғарыда ырғап баяндадым. Бар мал-жандарыңызға өріс, бақшаларыңызға

жеміс, байрақты бәсекелерде барлықтарыңызға жеңіс туын тілеймін!

Ғұмырым бойына іздей беремін ескі достарды да, жаңа достарды да. Шынайы достарды таба берсем көгілдір көңілім жай, рауандаған рухым байи түседі. Достарды, жолдастарды іздеймін аймағымнан, елімнен, жер жаһаннан да, һакім Абайдың мына бір ғана шумағымен де:

*«Сол досты сая таппай іздеді жан,
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,
Артық жолдас таппадым татулықтан».*

Жолдастарымызда болсын өзара татулық, сырласымыз болсын адал да мәңгілік достық!

Түйін

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім».

Мұхтар Ауезов

Ғабдұлсағат мың бір қыздың арасынан өзінің сүйіктісі Гүлсараны таңдады. Жұптары жарасып, шаңырақтырын көтерді. Ата-баба батасын Алла қабылдыққа жазып, аһарлы-шаһарлы жанұя болды. Бала сүйіп, немере көріп, бақытқа кенелді. Ғабдұлсағат пен Гүлсараның еңбектері жанып, жанұяда да, туыстар арасында да, жұмыс орнында да сый мен құрметті көрді. Өзара сыйластыққа не жетсін? Қазақта «Сыйға сый, сыраға бал» деп сый түсінігін аспандатады. Сыйластықтарыңыз балдай тәтті бола беруіне бір Алла жар болсын!

Ғабдұлсағат-Гүлсара балаларының арқасында,
жаратқанның қолдауымен Бұқар жырау ауданының

орталығынан еңселі де жайлы үй-ғимрат тұрғызды. Екі қабатты үлкен үй заманауи талаптарға сай болды. Тазалық сақтайтын, ас дайындайтын, балалар ойнайтын, жұмыс істейтін, қонақ күтетін, дем алатын, намаз оқитын т.б. бөлмелер озық үлгідегі жиһаздармен және детехнология-техникалармен жабдықталған. Ғабдұлсағаттың ерттеген ақ тұлпары шетелдік жайлы «джип», Гүлсараның ыңғайында барынша компьютерленген, цифрланған жабдықтар. Аз уақыт ішінде интернетке қосылып кез келген ақпаратты ала аламыз, кез келген адаммен тілдесеміз. Техника заманы, ақпарат заманы дегеніміз осы. Келешекте, тіптен ертегіге бергісіз қоғамда, біздің ұрпақтарымыз өмір сүретініне, ғұмыр кешетіндігіне кәміл сенемін. Олар кез келген қиын шаруаны, кез келген мәселені компьютердің көмегімен, үйде отырып-ақ шеше береді. Қиналған сәтте «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген тұжырым есімізге түсетіні түсінікті. Мұхаммедәлімтегінің жанұясы аруақтарды ұмытпай, бейсенбі-жұма сайын есімдерін толықтайын атап, оларға арнайы дұғалар, құран аяттарын бағыштайды. Ата-бабаларының басына исламдыққа сәйкес келетін құлыптас тұрғызып, аруақтар алдындағы, қарыз-парызын орындады. Алланы ұмытпайық. Аруақтарды ұмытпайық. Жаратқанға тәубе келтірейік. Өнегелі өткенсіз жарқын болашақтың жоқтығын, жадымызда сақтайық, құрметті оқырман қауым. Әрдайым, сәулетімізге әулетіміз, әулетімізге сәулетіміз жарассын!

Ғабдұлсағат пен Гүлсара үш баласын мәпелеп өсірді, тәлім-тәрбиелерін олардан еш-біраяған жоқ. Өз қатарынан қалмай, ел азаматы дәрежесіне жеткенін қалады. Екеуінің тілек-армандары, ата-әженің өсиет-баталары, ұстаздарының үкілі үміт-сенімдері зая кетпеді. Балалар тән жағынан да, рухани тұсынан да таразы тепе-теңдікте болып, жарасымның көкжиегіне шаршап-шалдықпай ұмтылып, ер жетті, айтулы азаматтар атанды. Семізбұғы мектебін бітіретін жылы біз

Мәскеуде оқуды армандап едік. Мәскеуде оқу Ғабдұлсағат екеуімізге бұйырмады, ал біздің Ермегіміз сол арманға өзімен бірге екеуімізді де жетектеп әкеп жеткізгендей. Ғәкім Абай айтқандай Ғабдұлсағатта «балапандарын оқытқанды жек көрмеді». Ермек те, Айдын да, Әсем де ел-жұрт сыйлаған, жоғары дәрежелі білімді бола тұра, рухани және кәсіби өрлеу үстінде, өсу үстінде. Үшеуі де өз алдарына отау тікті, балалы-шағалы болды. Өз намыстарын, жанұя намысын, Отан алдындағы төр намысын табанды түрде қорғауға қауқарлы. Ой-өрістері сергек, бір-бірлеріне сенімді серіктер. Татулық пен достық бір-біріне өзектес ұғымдар. Ғабдұлсағат-Гүлсарамен шынайы дос болсам, олардың балаларын өзімнің баламдай көрдім. Балаларымыз тату болса қандай жақсы? Ұл мен қыздарымыз өзара дос болса, бір ғанибет қой! Ел-жұрт татулығы жанұялардан бастау алады, өзен бастауын бұлақтардан алатыны тәрізді. Дүние жүзіне еліміз татулықтың зор үлгі-өнегесін көрсетті. Жер-жаһанда достарымыз көбейген үстіне көбейе түсуде. Аллаға шүкіршілік! Қайталап айтайын, алдымызға ұтымды мақсат қоя білейік, арманнан арманға жете берейік, жете берейік!

Ерте еккен ағаштарымыз тамырларын тереңге жіберіп, бұтақтарын құлаш-құлаш жайып, жапырақтарын күн нұры сүйген, мәуелі бәйтеректерге айналды. Кейінгі уақытта отырғызған шыбықтарымыз тамырланды, бойларын түзеді. Ғабдұлсағат жаңа үйдің жанына үш шырша тұқымдас ағашты былтыр отырғызды. Шырша ағашы мәңгілік өмірдің түсінігі тәрізді. Қысы-жазы, ұзақ жылдар желісінде жасыл реңін сақтап, хош иісін айналаға шашып тұратыны баршаға белгілі. Ғабдұлсағаттың жоспарында жеміс ағаштары мен жеміс түбірлерін егіп, үй ауласын бау-бақшаға айналдыру. Бау-бақша көктемде гүлдеп, жазда көлеңкелеп, күзде жеміс беріп, қыста қырауға бөленіп, күннің көзі күлімдеп тұрса несі жаман? Бұл өсімдіктің барлығы да жыл бойына улы, лас газдарды өз бойына тартып, оттегін мол бөліп шығарып,

халыққа денсаулықтың кепілін береді. Әрбір үй маңы бау-бақшамен көмкеріліп, ауылдар мен қалаларды жалғайтын жолдардың бойы жасыл желекті болса, ұлттық парктеріміз түрлі-түрлі ағаштар, бұталар, өсімдіктерге толса, қандай ғанибет. Әрбір адам жыл сайын ағаштар отырғызып, оларды баптап, өсіріп отырса, жер беті тоғайға айналып, ал шөл және шөлейтті жерлер шегінер артқа еді. Жер-жаһанда жеті миллиард адам өмір сүруде. Олар жылына бір-екі ағаштан отырғызып отырса, жылына орта есеппен жеті миллиардтан астам шыбық қосылады-ау. Он жылда ше? Мың жылда ше? Бұл айтарлықтай тамаша нәтиже. Денсаулық кепілі таза ауада, мөлдір суда, қалал аста, адал еңбекте және де өрттен де ыстық махаббатта. Дендеріміз саулықта, ғұмырларымыз ұзақтықта, жан-тәніміз бақыт құшағында болсын деп бір-бірлерімізге тілейік айтайық, адамзат!

Шуақты Айдабол – Әлім әулетінің айшықты шежіресі



*Ай қияқтанды оңынан,
Күн сәулесін төкті таңынан!
Дарияның суы арқырап,
Достық шуақтанды маңынан!*

Ботан-Мәстек-Әлім-Ғабдүлсағат фотошежіресі



Анам – Дәмелі



Нағашы апам – Балкен, Алау



Апам – Жанат



Ағам - Қанат



Ботам Абыз ішінде Қашқын ұрпақтары



**Ауылым – алтын бесігім, айқарыла ашылған есігің!
Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы «Жаяумұса» ауылының,
есімдері белгісіз болып қалған, байырғы тұрғындарының бір парасы.**



Қарындастарым Қымбат, Бақыт жанұяларымен



Әлімнің інісі Зейнолла жанұясымен.



Ғабдұлсағат Әлім 1956



Досым Ермекбаймен 1963



Жанұяммен 1989



Ғабдұлсағат 1957



Студенттік достармен Алматыда. 1973



Гүлмира-Ермек. 1998.



Әсем – Аман. 2000.



Әсем - Айдын



Атамыз Шайхысламмен бірге. 2017



Тұрсын жұбайымен



Ботақарадағы қара шаңырақ



Бақыт-Бибіжан




Дос-Мұқасан – Гүлсараның 60 жылдығы



Гүлсараның 60 жылдығында Розамен



Гүлсара сіңілісі Зоямен



Ташкенттегі ең үлкен қонақ үйі. 2022



**Қазақы дастархан. 2019.
Ғабдулсағат достары Шәймерден, Есілбай, жаңұяларымен.**



Ермектің құдалары. 2022



Әлімнің інісі Қибаштың жанұясы



Әлімнің інілері: Зейнолла, Қибаш, Қабден, Еркін жеңгей



Гүлсараның 60 жылдық тойындағы туыстар




Зукек апаның 80 жылдық тойы



Назарбаевтың Қарағандыға сапары



**Қарағанды облысының басшылары.
Ортада облыс әкімі Н.Нигматулин. Оң жақ шетте Ермек**



М.П. Русаков

М.П.Русаков



М. П. Русаков пен Қ. И. Сәтбаев

М.П.Русаков пен Қ.И.Сәтбаев



Астана әкімі Ә.Исекешов пен аудан әкімі Ш.Мамалиновтың Ермек пен Айдынды марапаттау сәті



Присвоены почетные звания

На внеочередной, 29 сессии районного маслихата депутаты своим решением единогласно поддержали представление акима района о присвоении звания «Почетный гражданин Бухар-Жырауского района» ветеранам труда Арбабаеву Токену Арбабаевичу и Алимову Габдулсагату.

Обе кандидатуры были предварительно рассмотрены на соответствующей комиссии и поддержаны большинством голосов. У каждого из представленных на почетное звание – богатый жизненный опыт, насыщенная биография, каждый внес большой личный вклад в развитие нашего района, отмечалось в выступлении заместителя акима района А.Аклановой, которая ознакомила депутатов районного маслихата с биографическими данными кандидатов.

Церемония вручения удостоверения звания «Почетный гражданин Бухар-Жырауского района» Т.Арбабаеву и Г.Алимову традиционно пройдет в торжественной обстановке на День независимости страны.

А.ЖУМАКАЕВА

Ғабдүлсағат Бұқар жырау ауданының құрметті азаматы



Аудан әкімінің мені зейнетерлікке шығару.



Меккеде 2022



Табиғатпен Дубайда



Ташкент – Төлеби мазары және арғын бейті. 2022





Лондон. 2019



Ташкент – Ақсақ Темір музейі



Жамбос ата Нағашы апаларым Үмітжан мен Дәметкен



Нағашы апам – Балкен



Базарбай жанұясымен



Әкем Әлімнің бейіті



Ботан абыз құлыптасы



Мәстек абыз құлыптасы




Ботан абыз құлыптасы Мәшһүр Жүсіп кесенесі 2022



Анамыз Дәмелінің бейіті



Ташкенттегі Арғын бейіті



Мәстек абызға ұрпағы Ермек Әлімтегі орнатқан ескерткіш



Ташкенттегі Кукельдаш медресеси



Менің қазақы салт-дәстүр және әдебиет бұрышым



Шөберем Дәуіт



Ғабдұлсағат, Қанат, Ермек



Ермек, Құрмет



Әлімнен төрт ұрпақ. 1922



Досқа айналған құдалар



**Отырғандар: Мұрат, Серік, Күлше, Күләш, Жанат, Ғабдұлсағат, Дәмелі.
Тұрғандар: Тұрсын, Бораһ, Қибаш, Әлім, Алексей**



Апам Жанат жанұясымен



Әсем, Мақсура, Ермек, Гүлсара. 1981



Нағашым Төлеу жанұясымен



Мұраттың ұлы Даниярдың үйлену тойында



Тұрымтай, Тұрсын, Мәпен, Гүлсара



Абысындар



Құдағиымыз Гүлшатпен бірге



Ғабдүлсағат, Зейнолла, Бораш



Алтын – Қыдыркен



Әлімнің шөбересі Серікболсын жанұясымен



Табиғат жанұясымен



Ағайындылар Даниярдың тойында



Табиғат – Астана су арнасының бас директоры



Ермек – Астана энергосбыт компаниясының бас директоры



Айдын – Қарағанды көмір бірлестігінің бас директоры



**Гүлнар – заведующая кафедры Университета Казпотребсоюза,
доктор философии**



[Краткое
описание](#)

[Полный текст
документа](#)

[Файлы для
скачивания](#)

Приказ председателя Комитета по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан № 78 от 17 ноября 2022 года «О присуждении степени доктора философии (PhD)».

Присудить степень доктора философии (PhD) по специальности 6D020300 – История:

- Абдукаримовой Жанаре Кадировне;
- Байгожиной Гульнар Муратовне.

Карагандинскому университету им. академика Е.А. Букетова в установленном порядке обеспечить написание и выдачу диплома доктора философии (PhD).

Әнуар отбасымен



Мұрат балаларымен



Дәмелі, Болат, Әлім, Ақсақал. Тұрғандар: Қанат, Мұрат. 1962



Әлім, Мұрат, Халиолла. Тұрғандар: Кенжебек, Аға, Қанат



Әлімнің балалары



**Әкейдің қара шаңырағында.
Әмина, Қанат, Әлім, Ғабдүлсағат, Гүлсара**

III БӨЛІМ

ТҮЛҒА

М. Ә. Ә. Ә.



Шайтанкөл

«Ердің баласы – елдің панасы!»

Бабалар сөзі

Тұлға – тұнжырап тұрған адамгершілік!

«Күнделікті кітап оқыған кісі, тұлғаға айналады!»

Аталар сөзі

Әл-Фарабидің тау-тұлғасы асқақтап тұр!

«Бір жолы әмір сарайында әкімдер, ғалымдар мен өнерпаздар бас қосқан сыр-сұхбат кеші өтіп жатса керек. Осы кешке жұпынылау киінген әл-Фараби тап болады да, елеусіз ғана бір шеттен орын алады. Небір тапқыр сөз сайыстары болып, небір арқалы-арқалы өнер түрлері делебе қоздырған кезде жиынды басқарушы: -Қонақтың қандай өнері бар екен? – деп әл-Фарабиге тіл қатады. Сонда әл-Фараби өзі жасаған «Қыпшақ» деп аталатын домбырасын қоржынынан алып, құлағын күйлеп тарта бастайды. Алғашқыда ортекедей ойнақтаған ерке күй жиналған жұрттың бәрін күлдіріп, еліктіріп әкеткендей болады. Мұнан әрі домбырасын басқаша күйлеп, сұңқылдата зарлатқанда тыңдаушы қауымның әрқайсысы өз басындағы қайғы-мұңымен қауышқандай, көздеріне жас алыпты дейді. Келесі бір тыныста, қыпшақ-домбыраның құлақ күйі қоңыр сазға ауысып, жанға рақат үнмен бесіктей тербегенде тыңдаушылар маужырап, қалғи бастайды. Сол кезде «Бұл күйлерді тартқан – қыпшақ әл-Фараби» деп бір парақ қағазға жазыпты да, әл-Фараби сарайдан шығып жүре берген екен дейді.»

Тау алыстаған сайын биіктей береді! Тұлға да ғасырдан ғасыр ұзауымен тұғырлана, салмақтана, биіктей түседі. Ол толық адамға жақын жаратылыс. Тұлға – адам дәрежесінің көтерілуіндегі ортаңғы деңгей, шақалақтан әулиеге дейінгі

саты баспалдақтарын біртіндеп санағанда. Тұлға – талай дүниеге дарыны жеткен кісі. Тұлға болғаның жалпақ жұртқа жақындағаның, ел-жұрттың қамын бір ойлағаның, халқыңа шарапатыңның тигені. Ол тарих төрінен орын алатын алтын мүсін, төл тағдыры нұр төккен шам-шырақ, ұрпаққа даңғыл жол көрсететін қазналы қария.

Тұлға төңірегіндегі толғаныс



Жаңа үйде – Ғабдұлсағат әулеті. 01.07.2021.

Алдын-ала айтайын, Ғабдұлсағат өзі ғана тұлғалық деңгейге көтеріліп қойған емес, ол көптеген шәкірттерін, сондай-ақ, әулет мүшелерін де өте биік тұғырға қондырды. Осы себептен, «тұлға теориясына» аз-кем тоқталайын.

Кісі дейміз-дағы. Кісілік дейміз ғой. Адам дейміз-дағы. Адамдық дейміз ғой. Шақалақтан шалға дегенгі бірталай ұғымдар қазақта бар. Азамат болды деп жатады көпшілік. Тұлғалық дәрежеге жетті деген түсінік халық әдебиетінен шығып, күн сәулесіне малынғандай алтын реңге бойалып,

құйма құлаққа құйылады. Бұ адам баласының дамуындағы баспалдақтар, жайлап-жайлап өрлеп, биікке шығатын саты сынды. Егер кісі осынау баспалдақтардан аяғы таймай, нығыз басып өте алса, бара-бара тау-тұлғаға айналады. Бір жағынан алып қарағанда, тұлға, тарамдалған тамыры тереңге кеткен, биік те жуан, бұтақтары жан-жаққа кеңінен жайылған, жыпырлаған жапырақтары самалмен тербелген, өмірі ғасырлық ғұмырдан артылған, зәулім де заңғар ағаш. Мұндай ағаш алапат дауылға да, жөнсіз жер сілкінісіне де, сұңғыла су тасқынына да қиналмай-ақ, қайраттанып тұрып, нар тәуекелдікпенен төтеп береді. Енді, тұлғаның тұғырға жету желісін түм-түмдап тәтпіштейік.

Тұлға түсінігін қазақы негізде тәпсірлесек – жылқы мінезге ие қазақ үшін – тұлпардың тұлпары тұлға сантынан табылады. Ерекше туған тұлпардың тұлпары топтың алдын топ-топ жылқыларға еш бір бермейді, өзге қылқұйрықтарға ауаны мұз жарғыш кеме тәріздене, құйындата тіледі. Осы тәрізді тұлға да халқы үшін осы жарық дүниеге келгендей: «Елім-жұртым» деп бүкіл ой-зердесін, ерлікке толымды еңбегін Отанына арнайды, сол үшін, ең қымбат дүниесі – өмірін қиуған әрқашан да дайын тұрады. Тұлға – туған топырақта өркен жайған ел-жұрттың бұйраланған білегі, темірдей тірегі.

Баянаула-Қарқаралы – болашаққа бағдаршам!

Шіркін-ай! Баянаула-Қарқаралы! Табиғат – Тәңірінің тірі жанға тәбіріктаған таңғажайып тартуы! Байянаула мен Қарқаралы табиғат резерватының көркемдігін, кербездігін, кереметін тілмен әлепештеп жеткізу, әсте, мүмкін емес-ау, еш мүмкін емес. Осы өр-өркендікті тіршілік иесісінің жүрек түкпіріне жеткізу үшін, жүз жылдық қарт қарағайдың, сырғалы сұлу қайыңның, алтын сымдай иілгіш талдың ...

тілін біліп қана қоймай, олардың ән-күйін, жыр-дастанын естіп, тыңдай алу ләзім.



**Баянауылдың тамаша табиғаты-ай!
Табиғаттың тынысы тау-тұлғаны тебірентеді.
Таза табиғатта тыныққан – жүруменен шыныққан.
Әкем Әліммен туған жерді аралап жүрген сәтіміз.**



**Баянауылдың құлынды қылқұйрығы-ай!
Құлынды қылқұйрық – қазақтың қос қанатындай.
Қазақ жылқысының қасиеті, қазақ қариясының өсиеті.
Әкеміз Әліммен шешеміз Дәмелінің биесауу кезеңі.**

Қызымыр қазанаттың таралған кекілі, төгілген жалы, құйылған құйрығы адамның көзіне қалай түссе, ақын-жазушылардың көреген жанарында Баянаула-Қарқаралы резерваты мың есе еркелеп, мың еседен артық сәулеттенеді. Баянаула-Қарқаралы резерваты, тоғайы жалақтаған жауға шапқандағы «Тайбуырылдың жібектей желбіреген жалы» тәрізді, тұңғиықтың тамаша тұнығын өзінің тал бойында мінгілікке жасырғандай.



Грузия-Баржоми, Баянаула-Қарқаралы. 10.06.2015.

Ғабдұлсағат, қарағай мен қайың аралас өскен өзіне етене таныс суыртпақ жолмен туаға қарай қия-қиялап көтерілді. Уақыт мамыр айының басы-тын. Баянтау бөктері жасыл желекке әсерлі оранып, ұзатылатын қыздай жасанып-ақ тұр. Кезеңнен асып түскен соң, қалың донала, қарақат... өскен адырға ілінді. Ағаштардың нағыз гүл атқан шағы. Осы өңірге жаңа ғана қар жауып өткендей, төңірегі түп-түгел

ағарып, көзге түседі. Ғабдұлсағат, алдындағы алқапқа бір мезгіл сүйсіне қарап тұрды да, тоғай арасындағы көк балауса мен жас шыбықтың исін мейірлене жұтып, батысқа қарай аяңдай берді. Тым асығыс, жедел жүргендік пе, маңдайынан шып-шып шыққан тер білінеді. Алдағы мына бір белеңнен асса Ақбел тиіп-ақ тұр. Міне, таныс мойнаққа да әуірімдеп көтерілді. Тоғай арасынан Мұрымтал көрінді. Мұрымтал – орманның ортасындағы, жақпар жартастар, көкорай шалғын, мөлдір бұлақ аймалаған, ағаштардың жұпар исіне малынған, көк күмбезбен көмкерілген, шағын ғана ауыл. Бұл ауылды қоршаған табиғатты суреттеу үшін асқан қылқалам шебері болу аздық жасайды. Табиғаттың келбетін дөп дөңгелетуге данышпандық ой-өріс, данагөйлік сана мен зерде заңғары да аздық қылады. Сұлулықтың аса сұңғыласын суреттеуге Һақ Жаратқанның жәрдемі қажет. Бұл – абыздық! Бұл – әулиелік! ...

Айнала жым-жырт, мүлгіген тәкаппар тыныштық. Әлдеқайдан көктем шуағына мас болған бозторғайдың шырылы талып-талып жетеді. Аспан әлемі мөп-мөлдір көгілдір шыныдай тұмшаланған. Сонау алыс солтүстікте қазбауыр, ақ мамық бұлттар, судағы қайық тәрізді қалықтайды. Аспанның қалған бөлігі иілге малып алғандай көгілдір рең. Кенет, Ғабдұлсағаттың көз-жанарына биікте қалықтаған жалқы қыран ілікті. Қанаттарын оқта-текте бір толғап қойып, аспан әлемін бір өзі ғана, еркін шарлауда. Бейне мұз айдынында мәнерлеп сырғанаудан жеке дара өнер көрсетіп жүрген, қара киімді спортшы, сұлу қыз сынды. Әне-міне дегенше, әлгі қыран, шалғайдағы бір жеміне көзі түсті ме қалай, қос қанатын сабалай қағып, Қарқаралыға қарай ұзай-ұзай ұшып, бір кішкентай ғана нүктеге айналып, назардан ғайып болды.

Тоғай төрінен оқта-текте жарыса сайраған бұлбұл үні естіледі. Ғабдұлсағаттың хормен қосыла жыр төккен бұлбұл даусын естігені осы еді. Бұлбұлдар мамыр айынан бастап

шілденің ортасына дейін үш-ақ ай сайрайды. Осы уақыт ішінде олар барлық әнін шырқап болады. Манағыдай емес, дала жарық, кешеулеп туған жарты ай шығыс жақтағы кезеңнен енді тұм-тұмдап көтерілуде. Тоғайдан тынымсыз сайраған бұлбұл үні тіпті айқын естіледі.

Ғабдұлсағат, аспанның биігінен күміс жіптей төгілген күннің сәулесін тұла бойымен сезініп, көзін жұмған күйі маужырап ұзақ жатты. Бір мәрте басын көтеріп, айналасын рақаттана тамашалады. Сонау, төменде, аяғының астында бозғылт мұнарға оранған Ақбет таудың етегі жайбарақат жатты. Ғабдұлсағат қиялға шомып, көзін алысқа қадады. Бір уақытта Гүлсараны өз ой елгінен жүгірте өткізіп, онымен сырласқандай кейіпке келді. Бірін-бірі жақсы көретінқыз бен жігіт не айтуға тиіс болса, соның бәрін-бәрін айтып, махаббаттың бұл жалғанда бітпейтін мәгілік жырын әсерліжалғастырғандай. Бұл көрініс – жарқын болашақтың жолын бағдарлағандай еді.

Бәрімізге белгілі, аспан әлемін екіге бөліп тұрғандай көрінетін «Құс жолы» атты шекарасы беймәлім, қаптаған көп жұлдыздардан құралған қос жолақ тастай қараңғыда жымыңдай жыпырлап жарқырайды. Сол мол жұлдыздардың жолақтарын жыл құстары бағдар тұтады, бағдар көреді. Құстаржол-бағытынан шатаспай, жаңылмай, адаспай күзде оңтүстікке ұшып кетеді де, көктемде ұя салған жеріне қайтадан оралады. Құс жолы тәрізді адамның да тағдыр-жолы бар. Жұлдызды аспанға зер салып қарап, армандаған артық емес шығар? «Құс жолы» траекториясы құстарды жұмыртқаны жарып шыққан ұясына дәл түсіреді. Құстар қылығы кісілерді ойландырмай қоймайды. Ойдан ой туады, атаның жолын қуады. Ата – Мәстек абыз! Абыз – өте жоғары мәртебе, сый, лауазым. Мәстек абыздың жолы – ұрпақтарының жарқыраған жұлдызды, ақ жолы. Жұлдыз – бүкіл адамзаттың бағдаршамы! Қазақтың «Жұлдызың жансын!», немесе, «Жұлдызың сөнбесін» дегені – аңсаған

арманың асқақтасын, немесе, жүрер жолың жарқырасынға келіп саяды.



Баянауылдың Сабындыкөлі-ай!
Сабындыкөлдің суының сүйкімділігі сезімді селдетеді.
Сабынды судың сұлулығы – қоғалы қамыстардың қулығы.



Баянаулаға жеткізетін қара жол



Баянауланың қарағайлары



Қарқаралыға жеткізетін тас соқпақ



Қарқаралының қарағайлары

Қажылықтың қасиеті...

Қажылық – қадам заманнан келе жатқан көне бес парыздың бірі. Қажылық – жер бетіндегі ең бірінші тұрғызылған Үйге барып, Құдай Тағалаға құлшылық қылу. Үлкен қажылық жыл сайын құрбан айты уақытында Сауд Арабиясының Мекке шаһарында өтеді. Кіші Қажылық жыл бойы іске асады. Өмірінде бір рет болса да қажылықты өтеу шамасы жеткен мұсылманның өтеуге тиісілі парызы. Ерте кездерде (шамамен 1920 жылға дейін) қажылық сапары өте ауыр жол болып есептелінді. Қажылыққа бару уақыты 11 – 12 айға созылатын. Қажылардың айтуы бойынша, «Қазақ жерінен Шелебе (Челябинск) қаласына дейін ат-арбамен, одан соң поезға отырып Петербург қаласы, одан теңіз арқылы Стамбул қаласына, одан Порт-Сайд каналы арқылы

Джидда қаласына келіп, одан бәдәуейлердің түйесін жалдап, Меккеге жететін. Меккеден түйемен Мәдинә қаласына келіп, Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) зиратына дұға оқып, келген жолмен елге қайтатын». Кәзіргі кездегі жол: Алматы немесе Астана – Стамбул – Мәдинә немесе Джидда қаласына ұшақпен, Мәдинә – Мекке 450 шақырымдай автобусбен жүретін жолы. Джидда – Мекке автобус жолы.

Қазақ /Баянаула – Қарқаралы/ қажылары

«**Қазақ қажылары.** Біздің бұл құлақ естіген жерде Уақ Нүркен байдан бұрын қажыға барған кісі жоқ. Ол кісі тоқал қатынымен кетіп, Семей қаласы, Аягөз, Піпек, Тоқпақ, Алматы, Әулиеата, Ташкент, Бұхар жолымен төрт жыл жүріп, аман-есен барып келген.

Заманындағы Жанақ ақын айтқан:

*Ар жақта аты шыққан Нүркен бай,
Ішкені алтын аяқ, ақ құйрық шай.
Байлығы алты алаштан асып кеткен,
Жылында құлындайды жеті жүз тай.*

Сол Нүркеннен соң қажыға Күлік Самай сопы мен Баян қаласынан дуан аузы алғаш ашылғанда, указ болған Байжан хазірет екеуі кетіп, екеуі де сол жақта өлген. Осыны жазып отырған Мәшһүр Жүсіп – солар кеткен жылы туған бала. Осы күні 65-те, өмір бойы жұмысы, қағазға салғаны – шимай кесте. Бұлардан соң үшінші қажыға барған кісілер: Тобықты Құнанбай, Айдабол Қишыл, Қыстаубай; Малай, Жәдігерден – Егізек Жанайдар батыр.

Аққұм, Қосқопадан – Төртуыл Шекшек қажы, Есіл бойындағы Қыпшақтан Шонтыбай, Батырқожа. Сілеті бойындағы Қыпшақтан Құрман баласы Хасен; Мамбет,

Тоқадан – Ізден, Сазан ұрпағынан – Мұхаммедсәлім қажы, Елгезек, Жанайдармен бірге барған Сұлтан қожа, Қыпшақ Қыстаубаймен бірге барған Жәпек қожа, Файзолла ишан. Құнанбай қажымен бірге барған Алтай Ешмұхаммед қажы, Алдажұман шөбересі, Бәсентиін Апай, Бөрі – Құдияр қажы. Бұларды қалдырмай жазып жатқаным: тірі қайтып келгендерінің бәріне де жолығып, сөйлесіп, мән-жайына әбден қанық болғанымды түсіндіру үшін. Көкшетаулық Атығайдан Қожаахмет қажы бар, Кіші жүзден: Нұрпейіс хазірет, Досжан халфе. Бұлардың қажыға барған жылы – 1872 жыл.

Орта жүзден 20 кісі барыпты. Кіші жүзден табандаған 100 кісі барыпты. Мұнан бұрын қазақ бүйтіп бас қосып, қажыға бармаған екен. 120 кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып, жүрген соң және өздері де көзге түсерлік әр таптың қасқа-жайсаңы – көрген таңқаларлық болыпты.

Қазақ байғұстың салпиған тымағының құлағын, сүйретілген тонының етегін, саптама етігінің қоншын, аңқиған аузын, көрген соң, көрген қызығып, сұқтана бастайды ғой. Ноғай дәлилі мен сарт дәлилі таласыпты. Ноғай дәлилі: «Бұлар – Мәкеулік, мен – Мәскеуліктердің сайланған дәлилімін» - деп. Сарт дәлилі: «Бұлар – Бұхартілі, мен – Бұхартілдердің сайланған дәлилімін!» - деп. Сонан соң Мекке бастығын «шәриф» - дейді екен де, Медине бастығын «шейх» - дейді екен. Олар алдына алдырып сұрапты: -Сіздер Мәскеулік боласыздар ма, жоқ Бұхартілі боласыздар ма? – деп. Сонда қажы басы Құнанбай екен, ол кісі сөйлепті: -Біз мәскеу, мәскеубенді білмейміз. Бұхартілі, сұхартілінді де білмейміз. Тіріміздің билігі – «Аллажар» ұранды төреде, өзіміздің билігі – «Алла» ұранды қожада. Жайлауы мал сықылды, жусауы аң сықылды, Сарыарқа деген жерде бетімен қаздай қалықтап, үйректей жүзіп, өніп-өскен «Қазақ» деген жұрт боламыз, - депті.

-Қазақ деген де жұрт болады-ау екен, - деп, аң-таң қалысып, тарих ақтартып, шежіре тарқатыпты, таба алмапты. Күптаны жоқ біреу айтыпты: -Бұл табылса, Бағдат Шәрифте Имам Ағзам кітапханасы бар. Бұрынғы мұсылман халифалары ескі тарихтарды соған қарамай қойдыратын, сонан табылар, - деп, Бағдаттан іздетіпті.

Бұлар ортасынан Кіші жүз Досжан халфені жіберіпті. Барғандар: «Табылды: қазақ деген жұрт Әнес ибн Мәліктен өрбіген екен», - деп, нұсқа көшіріп алып келіп, сонан бұл 120 кісі ортасынан расход шығарып, «Қазақ тәкиесі» - деген тәкие салдырып, Құнанбай атына жаздырып: «Және оған шайхы Арғыннан тұрат-ұғын болсын» - депті. Бұлардың қажыға барған жылы қара киік жылы еді.

Қишыл қажы қажыға келгенде екіқабат қалған тоқалы ұл тауып, атын Мекебай қойған. Сол Мекебай 50-ден жасы асты. Біздің бұл Баянаула, Қызылтау жып-жылтыр мұз болып, жылқы біткен Сілеті-Шолақ деген жерге кетіп, тоқы қысыр қалмай, мал семіз, күйлі шығып, «Маймұз» - атанған.

Ол күнде «екінің бірі, егіздің сыңары» - сөйлеп, айтып жүруші еді. Бұл күнде алай-дүлей, ұйқы-тұйқы аласапыран заман болып, бүтін естінің өзі де қалған жоқ. Жарым естілер шала-шарпы білгенінен айырылып қалды».

Мәшһүр Жүсіп, 61 – 63 б.б. 1923 жыл.

Баянаула өңірінен шыққан қажылар

- Иса Шорманұлы – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы.
Сәтбай Шөтікұлы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы.
Сатай Жәдігерұлы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы.
Асыл Қырбасұлы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы (2 рет барған).
Баймұрын Байтілесұлы – Құлеке... Жылкелді ұрпағы.
Сағындық Шадайұлы – Құлеке... Жылкелді ұрпағы.
Жұмабай Қашқынбайұлы – Құлеке... Малкелді ұрпағы.
Екібас Шүкейұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Бақтыбай Бәкіұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Махамбет Құтыбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Жантемір Еркебұланұлы – Сатылған... Өтеу ұрпағы (2 рет барған).
Сағын Тілеуберліұлы – Сатылған (Тлеуімбет) ұрпағы.
Кенбай Шалабайұлы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.
Аймағанбет Кенжеалыұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.
Ержан Жарқынбайұлы – Құлеке... Талас ұрпағы.
Дүйсебай Кеменгерұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Құтыбай Өтекұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Жанысбай Құтыбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Таймас Шоманұлы – Сатылған (Қоныс) ұрпағы (2 рет барған).
Ақбесік Жанысбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Жәми Алтайұлы – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы.
Әбділда Жарылғапұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Халел Хамзеұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Әбу Ақпанұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.
Ерлан Олжатайұлы – Құлеке... Нияз ұрпағы.
Жарылғапберді Жұмабайұлы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.
Хамзе Әмірханұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Молдабек Жарылғапұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.

Сыздық Өстібайұлы – Құлеке... Жаулыбай ұрпағы.
Нөгербек Байкүшікұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.
Бәлтеш Бұғыбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Жақып Тоқбайұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Қашқынбай Малкелдіұлы – Құлеке... Малкелді ұрпағы.
Ғалым Серғазыұлы – Құлеке... Талас ұрпағы.
Зікірия Жанбайұлы – Алтынторы... Кедейбай ұрпағы (2 рет барған).
Қаткен Жанахметұлы – Құлеке... Нияз ұрпағы.
Мақсұт Тапырбайұлы – Құлеке... Нияз ұрпағы.
Алтын Сұңғатқызы – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы.
Болат Мәсіғүтұлы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.
Рымкеш Сапарбекқызы – Құлеке... Нияз ұрпағы (2 рет барған).
Кәрімтай Өкпеұлы – Құлеке... Ақша ұрпағы.
Гүлбарам Слямбекқызы – Құлеке... Жәдігер ұрпағы.
Бибану Арғынқызы – Сатылған... Қожамберді ұрпағы (4 рет барған).
Қабыкен Әбілғазыұлы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
Кәрім Бекболатұлы – Құлеке... Бабас ұрпағы.
Шерияздан Байкемпірулы – Құлеке... Құл ұрпағы.
Қапса Рақымқызы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
Уахит Қалиоллаұлы – Сатылған... Қожамберді ұрпағы
Мәкеш Алпысқызы – Сатылған (Жансары) ұрпағы.
Ырымжан Боранбайқызы – Сатылған (Мәмбет) ұрпағы.

Мектеп оқушылары мені «философ» деуші еді...

Семізбұғы мектебінің оқушылары мені философ дейтін. «Сен мектепті алтын медальмен бітіресің», - деп айтып жүретін, қалжың-шынын келтіргендей. Осы уақытқа дейін семізбұғылықтар «Сіз мектепті алтын медальмен бітірдіңіз бе?», - деп, той-томалақта анда-санда сұрап қояды. Үкіметтік емтихандардың барлығын 15 – 20 минуттық дайындықсыз-ақ, бәрін де біріңғай бестік бағаларғатапсырғаным шындық, бірақта алтын медальға

қолым жетпеді ғой. Институтта Иманбеков деген, психологиядан сабақ берген ұстаздың былай дегенін ұмытпаймын: «Мақсұтхан, сен өзі философ сияқты сөлейсің. Бұл қасиет кімнен дарыған?...» Астар мен тойларда, қилы конференцияларда асаба-жүргізушілердің жаныма келіп, құлағыма сыбырлайтыны бар: «Аға (немесе Ата) Сіздің сөйлегеніңізді осындағы қауым сұрап отыр...», - деп – маған қолқа салады. Мұның барлығын өзіме зор сый-құрмет тұтамын. Халқыма шексіз ришалығымды білдіре отырып, таудай рахметімді айтамын. Ғабұлсағат, сен кітап жазуға ұсыныс жасағаның өзімді өте қатты қуанышқа бөледі. Кітаптарды жақсы көремін. Кітаптарға қызығып қараймын. Кітаптарды «сызып тұрып», рақаттанып оқимын. Шабытым шарықтап, еңбекқорлығым артқан үстіне артты. Шын мәнінде мен философ емеспін, жай ғана қалам-дәуіт ұстаған, қараша ұстазбын. Ғабдұлсағат, кітапқа құмарлық, білген кісіге – үлкен өнер! Кітап жазғызып, оны жарыққа шығарту анау-мынау адамның көтере алатын жүгі емес-ау. Кітап шығарту мақсаты – кісінің тарих төрінде қалатын аты. Кітап – ілімнің шырағы! Кітап – білімнің бұлағы! Кітап – көктем уағындағы, өзен жағасындағы самалмен шайқалған, жайқала құлпырған, гүл-құрақ!

Ғабдұлсағат, сенің кітапқа құмарлығың мені тәнті етті. Кәрілік Ұлық Алланың жазуыменен кісілерге жетіп келеді. Екеуміз де ақсақалдыққа, қарттыққа, қариялыққа аман-есен жеттік, сексеннің сеңгіріне аяғымызды бастық. Жетпістегі адам философияға әуестеу болама қалай, өзі? Философ болу үшін дүниенің дүбірін ел-жұртқа түсіндіре алатын, оңы мен солын өте жақсы білетін жас, дәуір керек. Философияға ең жақын кісі ақындар мен жазушылар деп тұжырымдаймын. Білімпаз да көреген кісілер, Құдайға шүкіршілік, қазақтың ұлы даласының әр түкпірінен де, шет мемлекеттерден де көзге көрінеді. Мысалы – Қабдеш Жұмаділов! Қабдештің қаламынан он роман, жиырма бір хикаят, жетпістен астам

көркем жанырдағы әңгімелер шыққан. «Жан мен тән» деп аталатын кітапқа ең таңдаулы әңгімелері енген. Нағыз жазушы-философ – Қабдеш Жұмаділов! Осы пікіріме дәлел ретінде оның мына төмендегі әңгімесін, өзімнің өлеңімнен соң, толқытай осы кітапқа келтірейін.

Кәрілік келіп қалдың қай тұсымнан?

*Кәрілік келіп қалдың-ау қай тұсымнан,
Өмір мен өлімнің сынасына қыстырылған?
Айырылғаным ба аққудайын құсымнан,
Тасқараңғы көрге ақырын ығыстырылған?*

*Кәрілік деген жаман екен, жалаңдаған,
Түн ұйқым мың бұзылып, мазамды алған.
Оң-солыма аунап, сынапша сырғақтап,
Жаным, жұлдыз жымыңына алаңдаған.*

*Ғұмырым бойы өмір-өркенді жырладым,
Сөзге ден қойп, үлкен-кішіні көп тыңдадым.
Қара қарындашымның ұшын қырладым,
Есімді бігеннен ізденіп білімді шыңдадым.*

*Өмірім кітаптарды оқуға арналғандай,
Басымдағы бұйра шашым қарланғандай.
Мамандығым педагогикаға орнағандай,
Жердің байырғы тарихы, барланғандай.*

*Қабаңа айтарым Қабдешпен қамырлас,
Өмірде өрнекті ұқсастықтар болады екен.
Қазақтың қаны бір-бірімен тамырлас,
Ал сүбелі ой өзара сабақтасып келеді екен.*

Жетпіс жастың жақұтын жырлайық,

*Қазақы даналық өсиеттерді тыңдайық.
Жұмаділовтың әсерлі әңгімесіне үңіліп,
Көңілдің нұрлы шырағданын шыңдайық.*

1997 жылы екі аудан (Ульянов пен Тельман) қосылғанда аудандық мекемелер бірігіп, өзгерістер болды. Ғабдұлсағат сол өзгерістердің басы-қасында жүріп, мәселелердің оң шешілуіне, атап айтарлықтай, ықпал-септігін тигізді. Ол кезде мұғалімдердің есеп-шоты білім бөліміне қарайтын. Ал мектептердің шаруашылық жағы мен қызмет көрсетушілердің есеп-қисаптары ауылдың әкімшілігінде-тін. Ғабдұлсағат аудан басшылығына мектептердің есеп-шотының орталыққа шоғырлануының тиімділігін дәлелдеп, барлығын да білім бөліміне қаратып, бірегей білімдік бухгалтерия ұйымдастырды. Сөйтіп, бүкіл аудан бойынша, 49 мектептің іс-қағаз жұмысы бір ортаға топтастырылды. Бұрын әр мектепте бір-бір есепші болса, енді орталық бухгалтерияда осы жұмыстарды 15-ақ кісі атқарды. 49 адамның жұмысын 15 кісі істеді.

Осы кезде Ғабдұлсағат шөбере сүйіп отырған қазыналы қария. Немересі Ноян бала сүйді. Ермектің балалары Ноян мен Бекарыс Лондонда білім алып, жоғары оқу орнын бітірді. Ноян аталарының жолын қуып, финансист атанып, Алматыда қазақ-ағылшын біріккен компаниясында қаржы саласында табысты еңбектенуде.

Жаны жайсаң – жан апам!

Адамзат баласында, туған анадай болу, екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейдi ғой. Ол бiздiң туған апамыз, әкешемiздiң тұла бойы тұңғышы, Жанат апамыз едi. 1959 жылы, 17 жасында, 10 жылдықты бiтiрiп, келесi жылы оқуға барамын деп тұрған жерiнен, Бораш жездемiз алып қашып кетiптi. Артынан әкем қуып барған, балам оқу оқимын

дегенің қайда, сені еріксіз алып қашты ма? – дегенде, Жанат апамыз, «жоқ, өз еркіммен келдім, мені оқуға жібереміз, оқытамыз» деген деп, жауап берген екен. Бірақ Борааш жездеміз уәдесінде тұрмай, апамыз оқи алмай қалды. Борааш жездемізбен 37 жыл отасып, осы күнде жеті бала туып, өсірді. Балаларының бәріне, түгелдей дерлік жоғары білім алуына көп көңіл бөлді. Ол кезде институтқа түсу өте қиын болатын. Конкурс, бір орынға 4 – 5 адам. Барлығын, жеке-жеке, өз қолымен сүйегендей апарып, институтқа кіргізген. Қай жерде болмасын өтімді-тін. Тамыр-таныс тауып алатын. Балалары анасының еңбегін ақтап, жоғары білім алып шықты. Бәрі бір-бір семья, балалы-шағалы. Бірақ апамыз балаларының да, немерелерінің де қызығын көре алмай, 55 жасында ауырып, қайтыс болды.

Біздің шешеміз Дәмелі де ерте, 53 жасында дүниеден өткен. Шешеміз дүниеден өткенде бәріміз жас едік. Жанат апамыз күйеуге тиіп, басқа ауылда тұрса да, шешеміздің орнын жоқтатпай, бізге жиі келіп жүрді. Өзінің де өсіп келе жатқан балалары бар, соған қарамай екі үйге қамқор болды. Жанат апамызды бәріміз шешеміздей көрдік. Ол кісінің айтқаны біз үшін заң еді. Біздің үйдегі бірде-бір оқиға ол кісісіз өтпейтін. Не істейміз деп, сол кісіге жалтақтап отырушы едік. Біз үйленіп, жеке үй болсақ та, бәріміз ол кісісіз ештеңе шешпейтінбіз. Сонда жас арамыз онша көп емес.

Жанат пен Қанаттың біздің семьядағы беделінің жоғарылығы соншалық, олар әке-шешемізбен бір деңгейде тұратындай көрінетін. Біз олардың аттарын атамай Жанатты тәте деп, Қанатты әтәй деп атайтынбыз. Бізге қарап балаларымыз да ол кісілерді солай атады.

Әкеміздің өзі сол кісінің ақылын тыңдайтын. Ол кісі оқымаса да сондай данышпан болды. Бәрімізге ақыл беріп, дұрыс жолға қоя білді. Біз түгілі келіндері, күйеу балалары ол кісіні періштедей көрді. Ағалы-інілілер бірін-бірі

тыңдамай жатқан заманда, басқа елге тұрмысқа шығып кеткен қызды қалай тыңдағанбыз, соған таң қаламыз! Сүйтсек, бұл мінез апамызға дарыған ерекше қасиет деп қалдым. Жанат деген аты да өз мінезіне лайық еді. Күндей ыстық жалынын, жарқыраған нұрын жан-жағына сеуіп жүргендей әсер қалдыратын. Ол кісінің данышпандығы, көрегендігі, бауырмалдығы, жалпы адамгершілігін жоғары бағалап, өздері тұрған Торайғыр ауылының тұрғындары да қатты силаған екен. Иманды болсын. Бәріміздің ол кісіні силап, тыңдайтынымыз, қадірлейтініміз ол кісінің бізге деген аналық, апалық шексіз махаббаты, бізге аямай төккен шапағаты, ерекше мейірімділігіне деген жауабымыз шығар деп ойлаймын. Ол кісі өзін ойламайтын. Біздің өмірімізді, келешегімізді ойлап, шыбын жанын шүберекке түйіп жүргенде, өзінің денсаулығына қарауға да, емделуге де қолы тимеген ғой. Уақытында емделіп, өзін күтіп жүргенде, мүмкін, көбірек жасар ма еді? Сүйтіп жүріп, бізді еркелететін. Балалықпен бірдеңе бүлдірсек, бізді ұстап алып ұрған болатын. Сонда шапалағы денемізге батпайтын. Бізді қуғанда жете алмаған болады. Ал біз жеткізбедік деп мәз болатынбыз. Міне осындай жан болды, біздің аяулы АПАМЫЗ!

Қымбаттың шумақтары

*Анамыз кетті ертерек,
Қызығын көрмей балаларының.
Әке жолын баптадың,
Ана жолын ақтадың.
Бар балаңа білім беріп,
Қызыметпенен баптадың.
Ақыл айтып өміршең,
Парасатпен жеңушең.
Бірге туған құлындар,*

*Тату-тәтті болушыең.
Немере сүйіп мәз болдың,
Қызықтап оны жүрушең.
Шөбере сүйіп сүйсіндің,
Сол шөберенің қолынан –
Ноян мен Бекарыстың,
Суын ішіп қуанып.
Жұмаққа енді барам деп,
Қуанышты күн болды.
Халықтың берген батасы,
Қабыл болып тұр ма?
Өлгенше көп жасап кеттім бе деп,
Төсек зардабынан.
Сақта деп тілеп өттің,
Алла тілеуіңді орындады да.
Жан әке бар көрген бейнетің,
Тұңғышың Жанаттан айырылды.
Қанатыңнан қайырылды,
Өмір енді өксітіп жылатпасын.
Жалғанда сынақтардын құлатпасын,
Деп тіледім Жаратқаннан.*

Анам Жанатқа

Өзіңсін сүйікті анашым құдүретім
Жанымда жадырап қуантып күлдіретін
Өзімнің баларға деген махабаттың
Нұр жауып толып қош жанарын білдіретін

Бар ана туған елдің гүлдері едім
Анажан қайғын болса күнірететін
Сен барда менің әрбір күнім өлең еді
Өзіңсін өмірдегі бар ардағым

Жыр жаздым тұңғыш саған ән арнадым
Анашым айтарым көп тіл жетпейді
Бір сендей асыл адам таба алмадым

Баласы Қайрат

Нағашым-ай!

Нағашы атамыз Жанбос кең жауырынды, батыр денелі кісі болған екен. Мінезі қатал әрі батыл. Айдабол ішінде Аққозыдан тараған. Нағашы әжеміз Ғазиза деген кісі екен. Қыз бала туа беріпті. Бірінші қызы Балкен. Атамыз екінші ұл болады деп дәмеленіп жүрген екен. Содан атын Дәмелі қойыпты. Ол, екіншісі, біздің анамыз. Екінші әйел алған. Үшінші де қыз болыпты. Ұлдан дәметіп жүрген атамыз оның атын Дәметкен қойыпты. Төртінші де қыз болған. Ұлдан сонда да үмітін үзбеген, оның атын Үмітжан қойған екен. Содан атамыз үшінші әйел алған. Есімі Разия. Сол кісіден өзінің өлеріне үш жыл қалғанда барып, бір ұл туған екен. Есімін Базарбай қойыпты. Сол нағашымыз да әкесіне тартып, ірі денелі, жауырыны қақпақтай, өткір де батыл мінезді, кең пейілді, жомарт жан-тын.

Апаларынан (шешелері бөлек болса да) туған бізді бір ұстайтын. Ол кісіден барлығымыз қорқатынбыз. Тік мінезді, айтып салатын. Анда-санда еркелетіп қоятын. Көмегін де аямайтын. Мен алғаш Ульяновкаға көшіп келгенде, жас жанұямыз. Ермегім бір жаста. Құрлысы бітпеген үй сатып алдық. Огороды бар, бірақ су тартылмаған. Бірде картоп қазып жатқанбыз. Нағашым келе қалды. Жинап жатқан картопты көрді де, «үй, мыналарың нашар, ұсақ қой. Маған ертең кел, совхоздың полесына барайық. Машинаға картоп салып берейін». – деді.

Ертеңінде көрші совхоздың полесына бардық. Колхоз жұмыскерлері картоп жинап жатыр екен. Ешкімге қараған

жоқ. Бригадирімен сөйлесті. Қолыма-қол, дайын тұрған қораптарды трактордың көтермесімен көтерді де, машинаға тиіп берді. Біз тартып отырдық. Сол картоп ұзақ қысқа молымен жетті.

Бірде, түс уағында келе қалды, шай ішіп отырғанбыз. «Сүттерің қайда?» - дейді. Біз жас семья, мал ұстамаймыз. Бір-екі кесе шай ішті де кетіп қалды. Ертеңінде тағы да түсте, әйнектің қасына молоковоз келіп тұр. «Базарбай жіберді, сүт құйып берейін, ыдыс әкеліңдер» дейді. Ойбай, сонша сүтті қайтеміз? Деп керегімізше құйып алдық. Айран ұйтып, ірімшік жасап, сүттей ішіп, бір қарық болып қалдық. Сондай мырзалықтары көп-тін. Қашан келетінін айтпайды. Сосын жүресің, тамақ дайындап. Кейде «келем» дейді де келмей қояды.

Ол ГАИ-де инспектор-сержант бола тұра, өзгелермен тең сөйлесетін. Өте бетті кісі еді. Оның жиені екенімді білетіндер мені ешқашан тоқтатпайтын. «Крутой» болып жүретінмін. Амал не, давление болып, миына қан құйылып, 35 жасында дүниеден өтті. Марқұм нағашымыздың жатқан жері жәннатта болсын. Иманды болсын.

Заводта бас инженер болып істегендіктен машина мініп жүре беретінмін, баяғы. Нағашыма сеніп, жол ережесін бұза саламын. Бірде кабинаға үш кісі мінгізіп, әкемді ауылға апарып тастайын деп, трассамен келе жатсақ, жолда ГАИ инспекторы формасын киген біреу тұр. Оны көріп, әкей сасып, «кұрыдық правоңды тартып алады» - деді. Шегінуге жол жоқ. Жақындай бергенде жезельді көтерді. Қатарласа келіп тоқтасақ, нағашым, Базарбай. Әкейдің қуанғанынан айтқаны ғой: «ГАИ ма десем өзіміздің Базарбай екен ғой». Базарбай күледі «мен ГАИ емеспін бе?» - деп. Сондай, түрлі-түрлі оқиғалар болған.

1977 жылы қызымет бабыммен мен Ботақара (Ол кезде Ульяновский) кентіне көшіп келдім. Ет-сүйек ұнын жасайтын заводқа бас инженерлік қызыметке орналастым.

Ол кезде Ермек бір жаста ғана еді. 1980 жылға қарай іні-қарындастарым мектеп бітіргендіктен, «Қарағандыға оқуға түсеміз» - деп бірінен соң бірі келе бастады. 1981 жылы әкейді көшіріп алдым. Сәті түсіп, іні-қарындастарым оқуға түсті. Жұмысқа тұрып, жеке-жеке жанұя құрады.

Елде, туып-өскен жеріміз, «Октябрьдің 40 жылдығы» совхозында (қазіргі Жаяу-Мұса ауылы), тек үлкен ағамыз Қанат қана қалды. Ол кезде көшіріп алайық, бәріміз бір жерде тұрайық деп едік, көнбеді. Шешейдің бейіті сонда еді. Жалғыз қалдыра алмаймын деп. Ал апамыз Жанат Баянауылдың жанында «Торайғыр» совхозында тұратын. Анда-санда сағынғандықтан, Ботақараға келіп, бір-екі жұма жатып, үйіне қайтатын. Ол кісінің келгені біз үшін үлкен мейрам-тын. Кезек-кезек шақырып, өзара қыдыратынбыз. Біздің жақсы тұрмысымызды көріп, масайрайтын. «Сол кісіні ренжітпейік» деп бізде жақсы тұруға тырысатынбыз. Бір қызы, Мәдина, да Ботақарада тұрды. Алғаш келгенде, оған түспей біздің біреуіміздің үйімізге ат басын бұратұғын. Балаларына бізді «нағашыларың» деп силата білді. Балаларын кішкентай кезінде біздің үйге бір-екі айға әкеліп тастайтын. 1996 жылы «әкейдің 80 жылдығын неге тойламайсындар» - деп бізге ескертті. Шынын айтқанда біз тойлағымыз келмеді ғой. Ол жылдары мемлекетімізде жалпы кризис-тін. Электр энергиясының тапшылығынан жарық өше беретін, веерное отключение болат-ұғын. Дүкендерде товар тапшылығы байқалатын еді. 5 – 6 ай еңбек ақы берілмейтін. Ақша жоқ. Еңбек ақыны товармен алатынбыз. Ол кезде мен аудандық қаржы бөлімінің бастығы болғандықтан, ақша жағынан тапшылық көрмедім. Шамам жеткенінше іні-қарындастарыма көмегімді көрсетіп бақтым. Осындай тапшылық кез жағадан алып тұрғанда, апамыз той жасаңдар деді, біздерге. Амал жоқ, бәріміз бірігіп, әкеймен араласқандарды, барлық туыстарды, құдаларды шақырып, той жасадық. Ол кезде ресторан жоқ.

Үйдің жанына палатка құрып, тақтайдан стол, орындық жасадық. Бұны айтып отырғаным, апамыздың күні өтіп барады екен. Осы тойдан жарты жыл өткенде, өзі де қайтыс болды. Той өткен соң бәрімізді жинап алып, «ал енді әкелерің қартайды, қай күні кететіні белгісіз. Соған дайын болындар» - деп бізге алдын ала ескертіп қойды.

Ал, әкей болса, ортамызда одан кейін он жыл жасап, 90-ға жетіп қайтыс болды. Апамыз Жанат әсіресе Гүлсараға апалық көптеген қамқорлығын жасады. Гүлсараға келін деп қарамай, қызындай көріп, бірде-бір ұрыспай, үй шаруасына үйрететін. Гүлсара үйінен ерте кетіп, тұрмысқа ерте шығып, келін болып түскенде, үй шаруасына жоқ болатын, тамақ пісіруді білмейтін. Түбі әкемізді күтетін сен боларсың деп болжау жасайтын. Болжауы дәл келді. Қартайған кезінде басқа ұлдарының қолында тұрған әкей, Гүлсараның қолына көшіп келді. Қыздарының үйіне сирек баратын, үйткені оларға барғанда өліп қалсам, қызының үйінде өлді деген атаққа қаламын деп. Әкей дүниеден қайтар шағында Гүлсараға ақ батасын берді!

Ботан абыз ұрпақтарының елге қосқан үлесі

Қанат Кеңес үкіметі заманында совхоздың малын бағып, озат шопан атанды.

Ғабдүлсағат өмірін қаржы саласына арнады. Аудандық қаржы бөлімінің басшысы, аудандық білім бөлімінің бас есепшісі қызметтерін атқарды. Кейінірек кәсіпкерлікпен айналысып, ауданның дамуына елеулі үлес қосқандықтан оған «Бұқар жырау ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Олқайырымдылық істерімен белсенді айналысуда. Аудандық мешітке өз көмегінаямады. Мешітке бір жеңіл көлік, тұрғын үй, діни кітаптар, компьютерлерді сыйлап, отын-су, керек-жарақ жағынан да көмегін көрсетуде. Бұқар жыраудың Республикалық деңгейлң, үш жүз елу жылдық

мерейтойының өтуіне де ат салысқан. Ермекпен бірігіп, Астана қаласынан бір пәтерді баба тойына тарту етті.

Мұрат Қарағанды медициналық институтын бітірген соң жолдамамен Ақмола облысының Қима ауданында дәрігер болып, үш жылдық міндетін атқарған соң елге келіп, Ботақара емханасына дәрігер-терапевт болып орналасты. Өзінің жақсы маман ретінде басшылардың назарына ілігіп, сол емханаға меңгеруші қызметіне тағайындалды. Бұл қызметті аброймен атқарып, жоғары көрсеткіштерге жетті. Осының нәтижесінде Бұқар жырау аудандық ауруханасының директоры қызметіне дейін көтерілді. Міндетін өте жақсы атқарып, медаль-ордендермен марапатталды.

Қақамбетов Құсайын 1920 жылы Баянауыл ауданы Мұрымтал ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысып, елге оралған соң, әр түрлі партиялық қызметтер атқарған. Атап айтқанда, Баянауыл ауданында мектеп директоры, Ямышев кеңшарында парторг, Ворошилов аудандық партия ұйымының хатшысы. Көптеген мемлекеттік марапаттардың иесі.

Қақамбетов Оразалы 1932 жылы Алтай өлкесіндегі Славгород қаласында туған (Ашаршылық жылдары әкесі сонда көшіп кеткен). 1936 жылдары елге қайтып оралған соң Оразалы да ағасы Құсайынның жолын қуып, жоғары оқу орнын бітірген соң, әр түрлі партиялық қызметтер атқарған. Павлодарда мектеп директоры, 1970 жылдары Ермак қалалық партия комитетін құру туралы қаулы шыққанда, әуелі идеология бөлімінің хатшысы, кейін бірінші хатшы болып көтеріледі. Қаланың көтерілуіне зор үлес қосқаны үшін мемлекеттік наградаларға ие болады.

Қожанов Қыдыркен Сатыбалдыұлы 1936 жылы Павлодар қаласында туған. Алматының денешынықтыру институтын бітірген соң, бар өмірін спортқа арнап, үлкен жетістіктерге жеткен. 1961 жылы Целиноград (Астана) қаласына көшіп келіп, балалар және жасөспірімдер мектебі-

не жұмысқа орналасып, еркін күоестен сабақ бере жүріп өз шеберлігін шындай берген. Көптеген жарыстарда ірі жеңістерге жетіп, Қазақстан ғана емес, Совет Одағы атынан шетелдерге шығып, үлкен-үлкен жарыстарға қатысқан. СССР спорт мастері атағы бар ағамыз бірнеше қабат ҚазССР чемпионы болған. СССР чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Спортқа сіңірген еңбегі үшін «Спорт саласының құрметті қайраткері» атағы берілген. Ақмола облысы бойынша еркін күрестің негізін қалаушы. 40-тан аса СССР спорт шебері, 30-дан аса ҚазССР спорт шеберлерін дайындаған. Солардың ішінен 2 спорт шебері СССР чемпионы болған. ҚазССР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушы атағының иегері. Үлгілі жанұя. Жұбайы Алтын екеуі 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірген.

Зейнулқабден Табиғат Қабденұлы 1974 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Мұрымтал ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Ақмола қаласындағы аграрлық университетті экономика мамандығы бойынша бітірген соң, еңбек жолын ТОО Целинстройда инженер-экономист болып бастайды. Сол кездің өзінде оның ұйымдастырушылық қабілеті көрініп, қызыметі жоғарылап, әр түрлі мекемелерде басшы-лық қызыметтер атқарады. Атап айтқанда, ТОО Қарағанды жылу басшысының орынбасары, Қаныш Сәтпаев каналында бас директордың орынбасары, ТОО Қарағанды суда әуелі атқарушы директор, соңынан бас директор қызыметін атқарады. Басқарып отырған мекемесін Қазақстан Республикасы бойынша бірінші орынға шығарғандықтан, 2016 жылы ГКП Астана су арнасына бас директор қызыметіне шақырылады. Бұл басқарып отырған мекеме де бүгінгі күндері алдыңғы қатардан саналады. Еңбектері еленіп, кезінде Қарағанды қалалық мәслихат депутаты болып сайланған. «Ерен еңбегі» медалі, «Құрмет» орденімен марапатталған. Көптеген мақтау қағаздары бар.

Үлгілі отбасы. Жолдасы Айгүл екеуі екі ұл мен бір қызды тәрбиеледі.

Смаилов Төлеутай Айткенұлы 1955 жылы Ульянов ауданы Семізбұғы кеншарында дүниеге келген. Еңбек жолын 1979 жылы Қарағанды Медицина институтын бітірген соң туған жеріндегі ауруханасының бас дәрігері болып бастаған. 1983 – 1985 жылдары Торғай облыстық ауруханада, кейіннен Қарағанды теміржол ауруханасында бөлім меңгерушісі, анестезиолог қызыметтерін атқарған. Жоғары дәрежедегі дәрігер. 2006 жылдары жұмысы жүрмей тоқтап қалған санаторийді сатып алып, үлкен, күрделі құрлыстар өткізіп, қалпына келтіріп, қызымет жасау салаларын ұлғайтып, халықтың әрі емделіп, әрі дем алатын орнына айналдырған. Зейнеткерлерге, мүгедек жандарға жеңілдік жасаған санаторий Республика бойынша алдыңғы қатарлы емдеу орнына айналған.

2015 жылдары Мемлекет бағдарламасы бойынша меншікті балалар бақшасын ашу жөнінде шыққан қаулыға байланысты, Осы бағдарламаны қолдау ретінде, Төлеутай жабылып қалған төрт балабақша үйін сатып алып, 1250 балаға орын ашқан. 2018 жылы меншікті 1 – 4 сыныптарда оқитын балаларға арнап 200 орындық мектеп ашқан. 2020 жылы Көкшетау ауруханасын ашқан. Осы мекемелерде 500 астам адам қызымет қылады. Өзінің еңбекқорлығы мен ізденісінің арқасында халыққа осындай еңбек етіп жүрген Төлеутай ініміз қазіргі күнде жолдасы екеуі 4 бала өсіріп, 2 шөбере көріп отырған жанұя.

Әкемнің нағашылары да өнер-ғылымнан шет емес жандар. Ағайынды Рүстембековтардың үлкені Халиолла нағашымыз көп жыл мектепте директор қызыметін атқарған, тарихшы, сөзге шешен болған. Әкесі ерте қайтыс болғандықтан інілерін өзі тәрбиелеп өсірген. Жоғары білім алуларына көп себін тигізген.

Жағалтай осы кітаптың соавторы, жоғары санатты дәрігер. Ақын, бірнеше кітаптардың авторы.

Кенже інілері Кенжебек химия ғылымдарының кандидаты, профессор атағы бар. Бәрінің де балалары оқыған, еліміздің әр саласында қызмет атқаруда.

Немерелерінің іс-әрекеттері

Ермек облыс әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының пример-министрінің кеңесшісі, Самұрық-Қазына компаниясы департаментінің басшысы қызметтерін атқарып, қазіргі уақытта Великобритания мемлекетінің бас қаласы Лондонда тұрады.

Айдын Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары, Қарағанды-көмірдің бас директоры, Ликвидшахта компаниясының директоры қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта Республикалық Самұрық-Энерго компаниясы департаментінің басшысы.

Інім Мұраттың балалары да оқу-білімге зеректігінің арқасында көптеген жоғары жетістіктерге жетіп жүр. Қызы Гүлнар 2008 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетін Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша үздік деген бағамен бітіріп, 2010 сол оқу орнының магистратурасына түсіп, гуманитар ғылымдарының магистрі атағын алды. Прагадағы Карлово университетінде ғылыми тәжірибеден өтті, Венгриядағы Будапешт қаласында өткен конференцияға қатысты. 2021 жылы РНД докторантурасын бітіріп, доктор философии атағын алды. Осы кезде Казпотребсоюз Университетінде халықаралық экономика қатынастары кафедрасының меңгеруші қызметін атқаруда.

Әнуар 2006 жылы Қарағанды Политехникалық Университетін бітірген соң Бұқар жырау ауданының әкімдігінде маман болып, кейіннен бөлім бастығы қызметіне тағайындалды. Өзінің жұмысқа деген ынта-жігерінің арқасында,

Доскей ауылдық әкімдігіне әкім болып бекітілді. Аз уақыттың ішінде жоғары жетістіктерге жетіп, ауыл тұрғындарының алдында беделі жоғарылап, көптеген алғыстар алды. Халық ризашылығына ие болған Әнуар, аудан басшылығының көзіне түсіп, кандидатурасы облыс әкімділігіне ұсынылды. 2020 жылы Қарағанды облысы әкімдігіне маман болып ауысты. Амал не, 31-ден жаңа ғана асқан шағында, сұм ажал арамыздан кенеттен алып кетті. Жаны жәннәттә болсын. Артында жары мен 3 баласы қалды.

Данияр жоғары білімді дәрігер-кардиолог, Кәзірде Астанада, орталық емханада қызмет атқарып жатыр.

Дүйсенбай Серікболсын Бейбітұлы 1993 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданының Жаяу Мұса ауылында дүниеге келді. Алғашқы 6 сыныпты ауылда бітіріп, 7-ші сыныпта Павлодар қаласы Ы.Алынсарин атындағы гимназия-интернатқа қабылданды. 2011 жылы аталған мектепті «Алтын белгіге» бітіріп, мектеп кезінде облыстық, республикалық айтыстардың, мүшайралардың жеңімпазы болды. 2011 жылы Назарбаев Университетіне түсіп, 2016 жылы электр және электроника инженері атанды. Сол жылы Сауд Аравиясындағы король Абдулла атындағы «Ғылым және технология» университетіне (KAUST) магистратура және докторантураға түсті.

2022 жылы математика ғылымдары бойынша PhD дәрежесін алды. Кәзір математика ғылымдарының докторы. OZAT ONLINE мектебінің негізін қалаушы. 2000-дай оқушысы Назарбаев зияткерлік мектебіне, Білім инновация лицейіне және РФМШ мектептеріне түскен.

Басқа немере-шөберелері әр салада ойдағыдай жұмыс атқарып жүр.

«Мұсылманшылық шындығы

... Адам әуелі өзінің қалай жаралғанын біліп, онан соң жаратушы халқи ұсанғи кім екенін танып, онан соңғы

зироры керек нәрсе – мінез түзету екендігін білген соң, ғақыл не нәрсе, сөз не нәрсе – мұның бәрін таныған соң, не білу керек? Мұсылманшылықта болу керек. Бұл мұсылманшылық деген неменен болады? Уағдаға опалы болуменен, пайда мен залал таласып келгенде, залалға өзі шыдап қалып, пайданы басқаға қоюменен – асылы адамзат: Адам ата, Һауа анадан өрбіген жан, - бәрі бір кісінің тұқымы екендігін біліп, бір-біріне жаны ашып, артығы болса, ауысып, қажеті болса, берісіп, кем-кетігін көрсетіп: «Сыхна отлиғи өмір уа тілиғ» - болуменен болады. Бұлардың бір де бірі жоқ, құр намаз оқып, ораза тұтқанмен, домалақ-домалақ тасты жіпке тігіп алып санағанмен, мұсылманшылық табылмайды. Алла Тағала құранда: «Тығуан тінасыр тағасину менен» әмір қылды. Оның мағынасы: «Бір-біріңе жәрдемші бол, бір білек, бір бас, бір көңілде болындар!» - дейді. Бір жерде болған жамағат басы қосылғанда, бәрі бір кісінің денесіндей болу керек. Ішінде бірін – бас орнында сайлау керек. «Не айтады?» - деп, соның аузына қарау керек. Онан соңғылары: көз, құлақ, ауыз, қол, аяқ – орнында біріне-бірі қарайласып, бар-жоғына, аш-тоғына, кем-кетігіне қарасып, бір денедегі тұтас мүшелердей бірін-бірі жүдетпей ұстауға һаммет-қайрат қылуға керек. Дүние-малы дүниеде қалады, ешкімнің көріне бірге еріп бармайды. Оны ойлап Құдайдың әр не бергенін ортаға салып, өзі ішіп-жеп, өзінен артылса, жұртқа ішкізіп-жегізіп, жалғандағы жиған-терген дүниенің қызығын сөйтіп көру керек. Бізге Құдай Тағала пайғамбарлар жіберді. Құран-кітап ендірі. Сол жіберген пайғамбарының ақыры – Мұхаммед әл-Мұстафа салиалла ғалайссалам, сол кісінің мінезі – халқын қылған ісін ғалымлардан естіп, үйреніп, соны үлгі қылу керек. Ол Мұхаммед пайғамбар өзі Әбубәкір Сыдықтың қызын алды, оған күйеу болды. Ғұмар әл-Ғаруктың қызын алды, оған күйеу болды. Бұл екі қайын атасын көзінен таса қылмады. Хазірет Ғалыға қызын берді,

өзіне күйеу қылды. Екі қайын атасы, екі күйеу – төрт жар болды. Бұл төртеуінің бір жерге бас қосып, бірігуіменен пайғамбардың пайғамбарлығы күшейді. Онан соң Мекке – мікірмеден көшіп келген Мыһажыринларға Мәдинеде тұрған ансарлар екі қатындысы бір қатынын босатып берді. Екі аты бар – бір атын түсіп берді. Екі киімі бары бір киімін шешіп берді. Сонымен Мыһажырин ансары көрші болып, біріне-бірі жәрдемші болып: «33 мың сахаба» - атанды. Содан соң бұларды ешкім айырып, араз қып ала алмады. Сондай Құдайдың абзал жаратқан Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) – 4 жардың, 33 мың сахабаның басы қосылуымен - жау жаулап, жұрт алды. Онан бұрын 50 жасқа жеткенше, түк келген жоқ. «Басы – бұлбұл, аяғы – дүлдүл» - болса да, жұрт қолына алып көтермей, адам дәнемеге жарамайды. Мұнан ғибрат алып, ойлауға керек. Атқа тоқуға жарамайтұғын жалп-жалп шоқбытты ағаштың басына байлап: «Атшабар, атшабар!» - деп, айғай салса, сол шоқпыттың соңынан қанша жиылған жан еріп жөнелді? Бір жерге апарып шаншып қойса, соны айнала отырады. Сонан келіп жұрт көзінше асып өткен атқа бәйге тігеді. Оған жете алмай қалғанға дәнеме жоқ қылады. Жұрт қолына алып, ағаштың басына байлап, көтерумен жұмысқа жарап: «Қарақшы» - деп ат атанды. Қағаз ақша немесе, өзі ішсе, тамаққа жарамайды, бұзса, бұйымға жарамайды. Жұрт қолына алып, қадірлеп жұмсаумен қанша алтын, күміс, қанша дүниені қопарып ала бастауға жарап, жұрт оны жанындай сақтап, іннен-інге тығады. Олай болғанда, талап қылып, тырмысып, жарыққа таласқан көбелектей, жұрт көзіне түсіп, халық аузында сөз болуға ұмтылу керек. ...»

Машһүр Жүсіп, 83 – 85 б.б.

«... Бұл Алладан басқа Тәңір жоқ және Мұхаммед Алланың елшісі екендігінің айғағы болса крек. Алла Тағала – шексіз ерік иесі. Барлық нәрсе Алланың еркімен

жасалады. Алла Тағаланың еркінсіз, қалауынсыз ешбір іс болмайды. Біз қазырғы мешітте болған таң-ғажайып оқиғаның 2009 жылы Мәшһүр Жүсіп кесенесінің маңында қайталануы. Айт күні, сағат түнгі 11 немесе 12 шамасында, Мәшһүр Жүсіп кесенесінің төменгі жағында орналасқан қонақ үйінің сыртында жүрген халық дөңгеленіп шыққан айды тамашалап тұрған еді. Кенеттен Ай мен Жердің арасынан бұлт пайда болды да, аралары ашылып, жоғарыдан төмен оқығанда «Алла» деген сөз шықты. Арамызда бір молла мен араб тілінің маманы болғандықтан, арабша оқу қиындық туғызған жоқ. Таңғажайып оқиғаның куәгері болған ел мәз-мейрам болып, фотоға түсіре бастады. Кейбірі қолына фотоаппарат алса, енді бірі ұялы телефондарға жарқылдата бастады. Жарты сағаттан соң ай жоғарлап, көзден ғайып болды. Бір кереметі, жаңағы жазудың еш қайсымыздың фотоаппаратымызға түспей, Павлодар қаласының қадірлі азаматы Паруов Жұмажан ағамыздың телефонына ғана түсіп, сақталған болатын. Демек аталмыш кереметтер Мәшһүр Жүсіп атамыздың әлиелігі мен тақуалығын айқындай түссе, мешіт пен кесененің Алланың нұры жауған жер екенін айғақтай түседі. Сонымен бірге, бір Алладан басқа Тәңір жоқ екенін ескерткендей... Бұл сөздердің діндегі алатын орны теңдессіз және ол сөз адамдардың барлық ұғым-түсінігінен үстем. Алла тауфиқ берсін!

Әсет Пазылов «Мәшһүр Жүсіп және дін қағидастары», 134 – 135 б.б. Шымкент – 2013.

Тағдыр – Алладан! Трих – өткеннен! Тұлға – жеткеннен! Бір адам, бір үй, бір уәлеттің өзіне ғана тән, қайталанбас тағдыры, тарихы, тұлғасы бар. Бір адамның, бір үйдің, бір әулеттің тарихын жазғаным – бүтін бір мемлекеттің тағдыры, мемлекеттің төл таихы. Бүгінгі құбылыс, іс-әрекет – ертеңгі тарих. Бір, екі, үш, көп – мемлекетті құрайды.

Мәстек Абыздан бұрынырақ та, кейінірек те халықтың басынан не бір қилы-қилы замандар өтпеді? «Зарлы заман». «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, мамыра-жайлы заман». Жепіс жылға сағызша созылған «Кеңес Одағының зұлматты заманы». Тәуелсіздік таңы. Заман. Заман. Заман. Кете беретін, шексіз заман. Жан иелерін «Ақыр заманнан» Нақ Жаратқанның бір өзі сақтасын!

Адамзаттың басынан не у замана зары өтпеді? Ықылым заман тағдырын, тарихын біз білмейміз – жорамалдаймыз. Тас, темір, қола т.т. дәуірлерді де тасқа таңба түсіргендей, дөп басып айта алмаймыз. Сақ, Ғұн, Қыпшақ т.т. жалғасып кете береді. Бізге белгілі тәрізді термеленетіні – кейінгі жүз жылдықтар.

Сан ғасырлық тарихында қазақ халқы өз қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын, ана тілі мен ділін және басқа да құндылықтарын сақтап қалу мақсатында қилы замандарды өзінің басынан өткерді. Терін шүмектетті, қанын төкті, жан алысып, жан берісті – бас еркіндігі үшін үн қатты, күш жұмсады, мұңға батты!

*«...Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...»*

Елім-ай

«Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз, дәмі тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.»

Қаз дауысты Қазыбек би

«Қазаны батыр, ақылгөйі кемеңгер елдің бағы жанады».

Тоныкөк

Біздің даңты бабаларымыз – ұлы хандар мен қаһарман батырлар терең ақылдың, асқақ намыстың, ержүректіліктің арқасында ел мен жер тәуелсіздігін, көздің қарашығындай қорғап қалды.



Үш жүздің бас қосқан жері – Ұлытау!



Ұлытаудағы Таңбалытас /Петроглиф/



Алатау



Жоңғар Алатауы



Алтай тау



Ермек Шешенстан президенті Р.Кадыровпен бірге



Көкшетау – Абылай хан алаңы



Қарындасым Қымбат



Қарындасым Бақыт



Ермек, Әсем, Айдын



Менің қыздарым - Әсем, Гүлмира, Айсара, Әсем, Аяулым



Балаларым Турцияда дем алуда. 2022



Балаларым Турцияда дем алуда. Айдынның жанұясы



Балаларым Турцияда дем алуда. Әсемнің жанұясы




Мұраттың балалары: Ержан – Гүлнар. Үйлену тойы

IV БӨЛІМ

Шежіре

ШЕЖІРЕ



Шежіре – дала

Қазақ жүздері:

Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз

Орта жүз: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ.

Арғын (1440ж.)

Бәйбішесі Ергүлден Мейрам. Оның балалары: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек.

Екінші әйелі Момыннан: Ақсопы: Қанжығалы, Тобықты. Қарасопы: Бәсентиын, Қарауыл. Сарысопы: Атымтай.

Сүйіндік (1520ж.): Құлболды, Жанболды, Жолболды, Қаржас, Мәжік.

Құлболды (1585 ж.): Айдабол, Ақбура, Майлытон, Шегір, Тұлпар, Күлік.

Айдабол (1620 ж.): Малқозы, Жанқозы, Қарақозы, Аққозы, Бозқозы, Тәйкелтір, Қошетер, Қожакелді.

Жанқозы (1660 ж.): Төлебай, Қосқұлақ, Лапақ, Сары.

Төлебай (1680 ж.): Жолан, Еламан, Едіге, Елкелді, Малкелді.

Едіге: Шоң би, Торайғыр би.

Еламан (1700 ж.): Тұрсынбай, Ботан, Шонты, Көрпебай.

Ботан(1730 ж.): Таз, Тоқал, Құдайберген (Мәстек абыз), Шормақ.

Таз: Иман – Сламбек – Айтмұқан.

Солтан: Файзолла, Зейінулла.

Тоқал: Қашқын, Жақа.

Қашқын: Қожан қажы, Смайыл.

Қожан қажы: Зәркеш, Сатыбалды, Қажыбек, Оқап.

Сатыбалды: Шайхыслам, Қыдыркен – Баку.

Оқап: Қабден, Сәтен.

Шайхыслам: Қалкен, Шәмкен, Жора, Қабыкен.

Қабден: Рашит, Жомарт, Табиғат, Қуат.

Сәтен: Мереке, Береке, Орда, Қорда.

Смайыл: Айткен – Серік, Төлеутай, Мәулен, Қабыкен, Талғат.

Құдайберген (Мәстек абыз): Мұхаммедқанапия, Меңдібай, Қақамбет.

Мұхаммедқанапия: Әбубәкір, Шілкен, Шәкен.

Қақамбет: Шайқы, Түсіп – Құсайын, Оразалы.

Меңдібай (1826 ж.): Әбәйділда (1860 ж.) – Байқожа, Бекқожа.

Бекқожа: Қибадолла (Қибаш), Зейнолла.

Қибаш: Серік, Берік, Талғат, Қайрат, Тілек, Болат, Еркін.

Зейнолла: Сүйіндік, Қуан, Қаныш.

Байқожа (1892 ж.): Мұхаммедәлім (Әлім – 1917 ж.).

Әлім: Жанат, Қанат, Ғабдұлсағат, Қымбат, Мұрат, Болат, Бақыт.

Жанат: Қайрат, Бейбіт, Маржан, Қарақат, Ардақ, Мәдинә, Шынар.

Қанат: Баян, Ерлан, Нұрлан, Айжан, Балжан, Рымжан, Гүлбану, Сәния, Рымгүл, Нұрзада.

Ғабдұлсағат: Ермек, Әсем, Айдын.

Қымбат: Зарина.

Мұрат: Гүлнар, Әнуар, Данияр.

Болат: Жәния, Әлия, Әсель, Үміт, Индира, Гүлжан, Нұржан, Кенже, Еркежан, Ерсұлтан.

Бақыт: Гүлдана, Гүлсара, Сұлтан.

Ермек: Ноян, Бекарыс, Атығай, Мұса.

Әсем: Арман, Абылай.

Айдын: Айсара, Аян, Әмір.

Ноян: Дәуіт.

Қайрат: Нұрлыгүл, Бәкір, Нұржан.

Бейбіт: Айнұр, Әйкерім, Мәди.

Маржан: Мерей.

Қарақат: Диана, Айдана, Жәнелья.

Мәдина: Динара, Диляра, Асанәлі.

Ардақ: Айнара, Қазыбекби, Айсана.
Шынар: Әдемі, Қобыланды.
Баян: Нәзира, Жәзира, Әлібек.
Нұрлан: Айдана, Гүлдана, Исматолла.
Айжан: Серікболсын, Бұқар, Лашын.
Балжан: Қауаш, Балнұр, Әділхан.
Рымжан: Досжан, Нұржан, Нұрислам.
Гүлбану: Санжар, Асар, Ақжол, Асылназ, Еркеназ,
Сәния: Аделя, Ділхан.
Нұрзада: Арайлым, Бекзада, Әлішер, Ханзада.
Рымгүл: Анар, Аружан, Дарын, Айзере.
Зарина: Алан, Томирис, Темирлан
Әнуар: Нұралы, София, Ахмет.
Данияр: Әмірәлі.
Гүлнар: Айша, Дінмұхаммед.
Жәния: Жекемұрат, Айша, Аян.
Әлия: Ділназ, Мұхаммедәли, Ділдар, Ернар.
Әсель: Ерзат.
Үміт: Ерасыл, Әмір.
Гүлжан: Мейірмен.
Еркежан: Әмірлан.
Гүлдана: Дініслам, Бейбарыс.
Гүлсара: Әльбина.

2.Абыз – өмірден көрген-түйгені көп, келешекті қатесіз болжағыш-білгір, данышпан қарт. Абыздар аса таяқ ұстап, қобыз тартып, өмір-ғұмыр туралы толғау мен жырларды айтқан. Мысалы. Мәстек, Нысан, Асан қайғы, Қорқыт ата, т.б. абыздар.

«Қазақ Совет энциклопедиясында» былай жазылған: «Ғұндар түркі тайпаларының түп атасы екені қытай тарихында ашып айтылған. В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам т.б. ғалымдар да солай дейді. Олар ғұн мен оғыз екеуі бір ел деп дәлелдейді. Оған қарағанда Арғұндар ежелгі ғұндардан

таралып, солардың атының этнонимі түрінде сақталғаны байқалады» (1-т., 451-бет). Негізінде дұрысы арғын емес, арғұн немесе арғы (ару) ғұн болу керек тәрізді.

Жанарыстан келіп орта жүз тарайды. Қазақтан Қодан, Қоданнан Алаш. Алаштан: Сарыкелімбет, Қаракелімбет, Ақкелімбет. Қаракелімбеттен – орта жүз. Қаракелімбеттің баласы Ақжолсопы, Ақжолсопыдан: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Тарақты.

Арғын атамызға келетін болсақ, одан туғандар: Алқожа, Дайырқожа, Өстісаба, Қытайби, Қотанби.

Қотанбиден Дайырқожа (Ақжол). Дайырқожадан Қарақожа. Қарақожадан Мейрамсопы.

Қотанбидің бәйбішесі Әрігүлден Мейрамсопы, тоқалы Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы, Имансопы, Момынсопылар туған.

Қотанбидің Момын деген әйелінен тараған тұқымдар: Атығай, Қарауыл, Қанжығалы (Толыбай), Тобықты, Бәсентиын.

Қотанби - Атығай, одан Баба, Бағыс, Бабасан, Сүйіндік, Бәйімбет, Қойлыатығай, Құдайберді, Құлансу, Ақкиік, Қара, Балта, Майлы.

Мәшһүр Жүсіп:

***«...Бегендік, Шегендік және келдік,
Қуандық мырза, төртінші би Сүйіндік.
Үш жүздің баласы бас қосқанда,
Байлық, бақыт осыларда, һәм үлкендік...»***

Сүйіндік би-Айдабол-Жанқозы-Төлебай-Еламан-Ботан-Мәстек абыз-Меңдібай-Әбәйділде-Байқожа-Мұхаммедәлім.



Құлболды әулие (1540-1630 жж.) зираты

Құлболды әулие зираты

Ойланып отырсам, өмір деген көзді ашып-жұмғандай әп-сәтте өтіп кететін шырақ, жылт еткен сәуле тәрізді. Жан-жағыма қарасам, өмір деген аққан өзен, су сынды жерге сіңіп, көзден ғайып болатын дүние.

Байқожаұлы Әлім сонау 1916 жылы, қазақ халқы Аманкелді Иманұлының басшылығымен паптша саясатына қарсы көтерілген, көктем айында дүниеге келген. Әкесі Байқожа Әбәйілдаұлы Арғын руының Мейрамсопы – Сүйіндік атаға жатады. Одан бері тарататын болсақ, Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Елжан – Мәстек абыз – Меңдібай – Әбәйілда болып кете береді.

Ғабдүлсағаттың асыл тегі

«Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын?!»

Ахмет Байтұрсынұлы

Мық дәуірі, Алаша хан заманы. Сақ, Үйсін, Ғұн, Уыз хан заманы. Түрік (мықты) дәуірі. Қыпшақ, Қимақ дәуірі. Ноғайлы заманы. Қазақ хандығы дәуірі. Аблай хан дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры. ХХІ-і ғасыр – Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің өркендеп, қарқынды дамуы дәуірі.

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген ата-бабаларымыз, қандастар арасындағы туыстық қарым-қатынасты берік сақтауға айырықша мән бергені белгілі, руын сұрап-білу арқылы әр-бір азаматтың қай аймақтың тұрғыны екенін аңғару қиын емес. Жеті атаға дейін қыз алыспау да елді біртұтас ететін маңызды тетіктердің бірі. «Қазақтың арғы атасы – Алаш. Алаштан – Қазақ, одан Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс деген үш бала туады» деп басталған аңыз әңгіменің дүниеге келуінің өзі бар қазақтың баласын бір кіндіктен өрбіген бір атаның баласы ретінде біріктіру секілді игі мақсаттан туындаса керек.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «қазақ» атауының қайдан шыққандығын қопара зерттеп, тарихтың бір мың – бес мың жылына әрі түсіп-барып терендедік. Көпшілігіміз «қарға тамырлы қазақпыз» деп, қазіргі қандастарымызға «ру-тайпаны» қазаққа меншіктеп алғандаймыз ба? Алайда, түркі халықтарындағы ру-тайпа атауларын кездестіргенде туысқандығымыздың кездейсоқ емес екендігін аңғарамыз. Халық ауыз әдебиетінің алтын қорынан өзінің орынын алған «Алпамыс», «Көрғұл», «Ләйлі-Мәжнүн» жырлары, Қожанасыр хикаяларының түркі тілдес халықтардың бәрінде де бар болуы, көптеген әдет-ғұрыптарымыздың, жалпы мәдени мұрамыздың ұқсастығы біздің түбіміздің бір екендігін айғақтайды. «Қазақ-қассақ» – қазақтың «сақтар» тамырынан нәрленгенін анық аңғартады. «Қазақ-қаз-ақ» - көгілдір аспандағы аққу-қаздардың рет-ретімен ұшуын, ал жер бетіндегі аққу-қаздар тәрізді, жыл он екі айға орайлы, көшпенді халықтың тәртіпті қозғалысын меңзегендей.

Тіпті сонау VI-X ғасырлардағы түрік жұртының жоғары мәдениетінің, өзіндік дәстүрінің жарқын құжаты саналатын Күлтегіннің кешенді ескерткішінде *қыпшақ, керей, найман, шекті, әлім, жетіру, арғын, адай*, т.б. тайпалардың атауларының тас бетіне қашалғанын көне, түп нұсқадан оқи алатын, һәм, түрколог-тарихшы Қ.Сартқожаұлы «Ақжол» республикалық басылымының («Ақжол» №39, 26.09.03.) тілшісіне берген сұхбатында қазақтың шығу тарихы жөнінде жақсы айтады...

Бір сәт ауылға барып ағайындардың арасында аунап-қунап қайтуға, үлкендерге сәлем беріп, дүниеден өткендерге қол жайып бата қылуға уақыт табыла бермейді. Кейде осы бір жайларды ой елегінен өткізгенде, бүгінгі ауыл қазағы мен қала қазағының арасы жақындасқанның орнына суып бара жатқан тәрізді көрінеді. «Ат айналып қазығын табар» демекші, қасиетті атамекенге жыл аралатып бір соғып, үлкендерге бас иіп ақ батасын алу, аруақтарды құрметтеу – қазақ халқының ең басты ұлттық ерекшелігі. Уақытқа кінә артпай, игі дәстүрді жалғастыру ұрпақтық парызымыз екенін ұмытпайық, құрметті ағайын!

*«Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жобадан.
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан».*

Бұқар жырау

Ел-жұртының атын асқақтататын ұлы адамдар болады. Олар: өрім-өрім өнер иелері, жазушы-ақындар, білімдар ғалымдар, кәсіби спортшылар. Сонымен қатар бар ғұмырын өзінің халқына арнаған, ұлтының бағына туған жандар болады. Бұл топтағылар алғашқыдан да жоғарырақ тұрады. Есім хан, Қасым хан... осы екінші топтан.

Есім ханның «ескі жолы»! Қасым ханның «қасқа жолы»! Төрткүл дүниенің төрт бұрышын түгелдей билеп, әлемді аузына қаратқан түркі тектес елдердің түп атасы – ғұндар кейін көптеген ұлттардың құрамына еніп, мелекеттерінің өсіп-өркендеуіне себеп, негіз болғаны дүниежүзі тарихынан белгілі. «Атқа мініп садақ тартқан, қуыс үйді паналаған жұмыр басты жандар түгелімен бас иіп, тізе бүгуге тиісті», - деп түсінген ғұн патшалары жаугершілікпен әлемді оңды-солды, дамыл таппай шарлаған. Айдынды көлдер, айбынды таулар, шалқыған дариялар мен сарқыраған өзендер – ғұндардың ат тұяғы жеткен жердің бәрінде аталып, біразы біздің заманымызға дейін келіп жеткен.

Мәстек абыздың ата қонысы Далба тауының бауырайындағы Қарағайлы бұлақ, Мұрымтал өңірінде. Өз заманында ерекше қасиеттерімен елдің көзіне түскен Мәстектің ғұмыры, қариялардың айтуынша, осынау тарихы тұнып тұрған, әсем өлкеде өткен. Мәстек абыздың зираты Мұрымтал ауылының ортасындағы көне қорымда. *Мәстек абызға* арнап, ұрпағы *Ермек қажы Мұхаммедәлімтегі* «мәңгіліктас үй» тұрғызды, еңселі құлыптас қойды.

«Айдабол Құлболдыұлы

Айдабол Құлболдыұлы шамамен 1590 – 1680 жылдары жасаған би, Ташкент қаласының маңында ғұмыр кешкен тұлға. Ол замандарда Арғын Сырдарияның күнбатысында мекен қылып жүреді екен. «Арғындар Сырдариядан өтіп, Қаратауды жайлайды» - деген сөзді естіп, Қарақалпақ, Алшындар: «Арғын бұл жаққа келсе, таң атырып, күн шығармайды! Өткелден өткізбейміз!» - деп, өткел аузын қамап, тұра қалғанда, Сыр суынан өтетін өткел болмайды.

Сонда анамыз Мақпал бәйбіше астында торы жорға аты бар, сексен нар жетелеп, судан өтерде қара шұбар манат белдемшесінің етегін жинап алады да, іркілместен аты да

үйректей қақаңдап, жүгімен нарлары да шегініп қалмай байпаңдап, өте шығыпты. «Өткізбейміз!» - деп тұрғандар ләм-мим деп дәнеме айта алмапты:

-Пай, пай, бәйбішенің бөксесіне болайын! – депті. Сонда Мақпал бәйбіше: күлсең күлерсің! Күндердің күнінде күлкіңді тыя алмай жүрерсің! Бұл қай бөксе десең, Айдабол шыққан бөксе. Артың болса, Айдаболдай ұл тап! – деп жүре берген екен.

Айдабол бидің зираты Ташкенттен 18 шақырым жерде, Сыр өзені бойында деседі. Олжабай бастаған үлкен көш уақытында 1730-шы жылдар ішінде Баянаула, Далба жеріне бір мың шаңырақ Айдабол ұрпақтары келген. Айдабол балалары әдетте өзімен туыстас көрші отырған елмен біріктіріліп Айдабол-Қаржас деп, Құлболды-Қаржас деп те айтылатын болған.

Олжабай батыр бастаған Айдаболдың Малқозы атасы әуелі Ақкелін, Ақөрен, Семізбұғы, Қарағайлыбұлақ, Ақшоқы, Арқалық, Аққұдық, Қызылағаш, Таскөл, Қурайлы жерлеріне қоныстанған. Кейірек Олжабай батыр өзінің ауылымен Шойынкөл (Жасыбай), Баянтауды қоныс қылды. Тәйгелтір ұрпағы Қожакелдімен бірге қоныстас отыратын болған. Қарақозы балаларына Қарақабак пен Қожа қорығыеншілікке тиген.

Айдабол болысы батыс бағытында Алакөл, Тасыкөлден өтіп, Кіші Шабай арқылы Аталық көлге дейін көшеді. Қашықтығы дуан орталығынан 200 шақырым. Қыстаулары Дөкебай төбе тұсында, дуаннан 20 шақырым. Жанқозы-Айдабол болысы солтүстік-батысқа Алакөл арқылы Келдел, Екі Шорабай, Ащысу бойымен Аталыкөл мен Шоқы атты жерлерге дейін көшеді. Дуан басынан 200 шақырымдай болады. Қыстаулары Қарашат тұсында, дуаннан 65 шақырым жерде.

1833 жылы 22 тамыз күні Баянаула дуаны ашылғанда, мұнда 14 болыстық ұйымдастырылды: Айдабол, Әйтей-

Бәсентиын, Ақбура-Тұлпар, Актілес-Күшік-Бәсентиын, Бәсентиын, Бозқозы-Буранайман, Күлік, Жанқозы-Айдабол, Жәутей-Буранайман, Қозған, Құлеке-Қаржас, Атынторы-Сатылған, Орманшы. Бұл болыстар 149 қазақ ауылдарының басын бір әкімшілік орталыққа қаратып қосты және мұнда 11820 шаңырақ, немесе 70 мың шамада жан болған.

1830 жылы жазылған жүзбасы М.Махониннің дерегі бойынша Құлболды балаларының мал басы мен жан саны Айдаболда: үй – 2669, жылқы – 74830, сиыр – 19403, қой – 178172, түйе -3969.

1851 жылы жасалған ресми деректе ру атымен аталған болыстықтарда едәуір өзгерістер болғанын байқаймыз.

Айдаболда: ауыл – 9, түтін – 508, ер -1524, әйел – 2902, жылқы -9534, сиыр – 1602, қой – 27105.



Махсат Алпысбес

«Сүйіндік Айдабол бидің ұрпақтары». – Қарағанды, 2010. 67-81 беттер

«Сүйіндік-Айдабол бидің ұрпақтары», - Қарағанды, 2010. 67 – 81 беттер

Қырықбай Аллабергеннің «Орта жүз Арғын – Айдабол тарихы» кітабы. Павлодар – 2015. 542 – 545 беттер.

Айдабол

Айдабол – Ақмола облысының Зеренді ауданындағы көл. Зеренді көлінің оңтүстігіндегі осы Айдабол көлінен Аршалы өзені басталады.

Ақмола облысының Зеренді ауданында Айдабол деп аталатын кент бар. Іргесі ХХ ғасырдың бас кезінде (1908) қаланған.

Ақмола облысына қарасты Зеренді ауданының жеріндегі Жабай көлінің сол қапталында жатқан, Құмкөлдің оңтүстік-шығысындағы алқап Айдабол деп аталады.

Орта жүз арғын ішіндегі сүйіндік руынан тарай өрбіген аталардың бірі – айдабол.

Айдабол өз заманында аузы дуалы би болған. Шежіре деректерінде Сүйіндіктен – Оразгелді, одан – Мамық, одан – Құлболды, одан – Айдабол, одан – Аққозы, Жанқозы, Малқозы, Қарақозы, Байқозы туған делінеді. Бұларды жинақтап «Бесқозы» деп атайды. Жанқозыдан: Тайкелтір би, Қосжетер мерген, Олжабай батыр, Секербай би, әкелі-балалы Едіге мен Шоң билер, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әлкей Марғұлан тәрізді тұлғалар қазаққа мәшһүр. Айдабол атаға Мәшүр-Жүсіпте те жатады.

М.Ж.Көпейұлының шежіресінде Сүйіндіктен – Суғаншы, одан – Шуманақ, одан – Құлболды, одан – Айдабол болып таратылады. ХХ ғасырдың бас кезіне дейін айдабол руы Ақбеттау, Далба деп аталатын екі болыс ел болған.

«Айдабол-Қаржас – емшектес!

/Қариясөз/

Айдабол мен Қаржас – емшектес. Шежіре деректерінің бірінде Арғыннан – Дайырқожа, одан – Қарақожа туады

дейді. Қарақожаның бәйбішесінен – Мейрамсопы туады. Мейрамсопының бәйбішесі Нұрпаядан – Қуандық, Бегендік, Шегендік, Сүйіндік туған. Нұрпая ұзатылғанда салтанатын арттыру үшін екі жігіт, бір қыз еріп келеді. Екі жігіттің бірі – Жалықбас, екіншісі – Қамбар деп аталады. Ал қыздың есімі – Қарқабат екен. Жалықбас пен Қамбар ұрпағы арғын ішіндегі жалықбас, қамбар бұтағы болып кеткен. Қарқабат қызды Мейрамсопы тоқалдыққа алып, одан – Болатқожа (Қаракесек) туған.

Келесі бір шежірелік нұсқада Нұрпая ұзатылғанда оған жеңгесі және күтушілікке бір жігіт, бір қыз еріп келіпті дейді. Күтуші қыздың есімі Қарқабат. Кейін Мейрамсопы Нұрпаяның жеңгесіне де, Қарқабатқа да үйленеді. Сөйтіп, Нұрпаядан – Қуандық, Сүйіндік, Нұрпаяның жеңгесінен – Бегендік, Шегендік; Қарқабаттан – Болатқожа (Қаракесек) туып еді дейді.

Көшкіншілік-үркіншілік кезінде Мейрамсопыдан туған Қуандық пен Сүйіндік бір бала тауып алады. Балаға екеуі таласып, бір пәтуаға келмейді. Сөйтіп, шешесі Нұрпаяға жүгінеді. Нұрпая ана асық қаржыландар (иіріндер) депті. Қуандық жасының үлкендігіне, мінезінің адуындылығына бағып, «алшы түссе де, тәуке түссе де, бүк түссе де, шік түссе де мнікі» деп отырып алыпты. Сүйіндік шешесіне шағынып: «Апа-ау, осындай да қиянат бола ма екен? – десе, Нұрпая шешесі: «Балам, бұйырғаны болар, асықтың омпа деген бесінші жағы да бар емес пе?» - депті. Содан, асықты қаржып жібергенде омпы түсіп, бала Сүйіндікке бұйырып, сол баланың Қаржас атануы осыдан еді дейді.

Бұл кезде Сүйіндіктің әйелі жас босанып отырса керек, Айдабол деген баласы бар екен. Жас ана Айдабол мен Қаржасты қатар емізіп өсіріпті. Әлгі, «Айдабол-Қаржас – емшектес» деген сөз содан қалған дейді (*Дерек беруші Башар Әрінұлы (1889 – 1972), Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы; Нұрмұхаммедұлы Смахан төренің*

шежіресі де пайдаланылды. – «Жұлдыз» журналы, 2003, №3).

А.Сейдімбек, «Қазақтың ауызша тарихы» - 255 б.

Айдабол

Айдабол Сүйіндікұлы – би, шешен. Ташкенттің маңында дүниеге келген. Айдабол айтқан екен деген ғибратты сөздер ел аузында нақыл, мақал-мәтел болып кеткен. Алысты болжап, адамгершілікті ту тұтқан ол дүниеқор, қиянатшыл адамдарға қарсы тұрған. Әділдігі сондай, бір дауда «төрелігіміз дұрыс болмаса, ұлым Тәйкелтірді ат құйрығына салып өлтіремін» деп ант ішкені туралы аңыз ел жадында сақталған. Айдаболкөлі, Айдабол кенті тағы басқа атаулар би есімімен тікелей байланысты. Айдаболдың ұрпақтары: Олжабай батыр, Секербай батыр, Поштай Тұрсынбайұлы, әкелі-балалы Едіге мен Шоң билер, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров және басқа да әйгілі адамдар шыққан. Ботан абыз бен Мәстек абыз да Айдабол атадан...

«Ботан абыз, Мәстек абыз

Баянаула өңірінде ескілікті заманда да, бертінгі заманда да халық ортасынан қасиетімен танылып шыққан Құлболды әулие бабамыз, «Көмекей әулие» атанған Бұқар жырау, Ботан абыз, Қараман абыз, Мәстек абыз, Өтеміс абыз, Жаулыбай абыз, Көшербай абыз, доғал оқты Жанак әулие, ақбурадан шыққан жеті әулие, Мәшһүр Жүсіп әулие сияқты әулие, абыз, диуаналар көп болған. Осы қасиет иелерінің барлығы туралы толық деректерді келтірмесек те, зерттеп білгенімізше жазу міндетіміз.

Ботан абыз Шоң бидің кеңесшісі болған. Бұл туралы айтып, Ботан абыз бен Мәстек абыз туралы деректерді

сақтап жеткізген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр Жүсіп өз заманында ескі қазақ дәстүріндегідей әңгіме айтатын қариялардың, кәрі құлақ ақсақалдардың насихат қылатын ортасында жиі болған. Осындай ескіден әңгіме білетін болғандықтан да ақсақалдардың насихат сөзі тартымды, мазмұны терең, тарихи деректі, рухани құнды, астарлы тұстары да көп болған. Қазақтың бір сөзінде:

*Әңгіме білген бір адам,
Кәңгүр-күңгір елдей.
Әңгіме білмеген жүз адам,
Ел қонбайтын шөлдей, -*

дейді. Мәшһүр Жүсіп те осындай игі-жақсылардың ортасында көп болып, естіп-білгенінен құндысын теріп, тарих қылған. Ол осындай жиындардың бірі турасында: «Айдоста медресе ұстап тұрғанымда көрші ауылда отырған Жанқозы – Қосқұлақ атасынан шыққан Шүрек байдың Қараман абыздың баласы Бердәлісі Құрбан айтына Далба төңірегіндегі игі жақсыларды шақырған екен. Избас қажыға серіктесіп мен де бардым. Сеңкібай қыстауының ығында отырған Құдайберген-Мәстек абыздан тараған Меңдібай байдың Әбдидісінің Бекқожасы мен Байқожасы. Қаратомарда отырған мамыт Батыр атасынан тарайтын Бейсеннің Бәшердені, қарақозы-бабыр Байқонақ Құрманбай абыздың Қасым ишаны, Едіге атасынан Қосдәулеттен тараған Жақып пірадар, Қосқұлақ Наурызбай қазіреттер келген екен. Жақсылар отырған жерде жамандық бола ма, аузы дуалы ақсақалдардың дүниеден өткенінше ел-жұртқа жасаған шарапаты пен жақсылықтарын сөз етеді. Әңгімені бастаған Наурызбай қазірет жалған сөйлеуді білмейтін, сөзге жомарт кісі еді», - деп жазады. Мәшһүр Жүсіп Ботан абыз бен Мәстек абыз туралы деректердің біршамасын олардың тікелей ұрпақтарынан жазып алған. «Құдайберген-

Мәстек абыздың хикаяттарынан оның үлкен баласы, 29 жыл Бұхара-и Шаріптегі Мір-Ғарап медресесін тәмәмдап, әрі сонда қызымет қылған Мхаммед-Қанафия хафиз сөз қозғады», - деп жазды Мәшһүр Жүсіп.

Ботан абыз бен Мәстек абыз өмір сүрген жылдары турасында Мәшһүр Жүсіп: «Мәстек абыздың жас шамасы Шоң биден екі-үш мүшел кіші болса, әкесі Ботан абыз Шоңнан екі-үш мүшел үлкен болған көрінеді», - деп жазған. «Далба тауының бөктерінде қоныстанған Айдабол-Жанқозы атасынан тараған Төлебай батырдың Еламанының Ботаны абыз атанып, заманында туа қасиет дарыған адамның бірі екен», - деп жазады Мәшһүр Жүсіп. «Едігенің Шоңы жақсылардың соңы демекші, Шоң би Баянаулада дуанбасы болып, Сарыарқаға ықпалды кезінде Ботан абызды дұғағой баба деп атапты», - дейді Мәшһүр Жүсіп. Ел жайлауға көшерде Ботан абызға келіп айдың, күннің аманын, қоныс қылатын жерді сұрайды екен. Ботан абыздың оқыған дұғасының күдіретінен қырық күн шілде ыстықта қар жауып, қыстың қақаған қаңтар, ақпанында жаңбыр жауады екен. Болжауы мен көрегендігінде қисап жоқ, дуалы ауыз Ботан абыз туғанынан оң аяғын сылтып басатын болса керек. Жыланның қу басын байлаған, адал күміспен көмкерген асасын ұстап, «құтым» деп қдайы киіп жүретін құлын жарғағын үшінші ұлы Құдайбергенге аманат қылыпты. Құдайберген Ботан абыздың баласы. Шын аты Құдайберген болғанымен, елге танымал аты Мәстек абыз болған. Ботан абыз: «Бабам Төлебайға дұға қылып жүр, басыңнан бағың таймайлы, қысылғанда ауыруға жебейді, бейсауат мазалама», - деген екен. Бұл Мәстек абыз Ботанұлы да Шоң би Едігеұлының заманында болған адам. «Шоң би дүниеден өткенде, қаралы көптің алдында Мәстек абыз Түркістанның қожа сарттарына жолбасшы болып барады. Жүз жылқы бодауын төлеп, Шоң биді жерлеп қайтқан екен», - дейді Мәшһүр Жүсіп. Орыс деректеріне

сүйенетін болсақ, Мәстек абыз шамасы 1793 жылдары дүниеге келген. Мәстек абыз туралы қазақ дерегімен қатар орыс дерегі бар. Бұл Ресей отарлау әкімшілігінің қазақтың беделді адамдарына берілген мінездеме анкеталары. Орысша жазылған сол 1851 жылғы құжатта: «Мастек Ботинов, бий, 58 лет, не скромн, не дальновиден и горд. Достаточно зажиточен. Жангозы-Айдабульской волости, рода Еламанского. Кочевки летние в заподную сторону Ашысу, Шидерты, Оленты, Карбулак, Силеты. Зимовка на западной стороне при урочище Кос-шорабай, в 35 верстах». Қазақ тілінде тура аударғанда мазмұны: «Мәстек Ботинов, би, 58 жаста, дөрекі, қарапайым, тоғышар, өркөкірек. Аса дәулетті. Айдабол-Жанқозы болысында тұрады, руы Еламан. Жаз жайлауы батыс бағытына қарай Ащысу, Шідерті, Өлеңті, Қарабұлак, Сілеті өзендері бойымен. Қыстау мекені батыс жағында Қос-шорабай деген жерде, станицадан 35 шақырым». Қазақтың жақсы, ұлтшыл, адалдарын орыс отаршыл билігі мінездеме бергенде керісінше беріп, аямаған, қасақана жамандаған. «Баласы Құдайбергеннің үш жасқа жеткенше тілі шықпапты. Ботан абыз ұлық әулиелердің басына түнетіп, төңірегіндегі тәуіп біткенді таусып, құсалық ғұмыр кешеді. Бірде түнгі нәпіл намазын оқып отырғанда ұйқыда жатқан Құдайберген «Аллаһ» деп тұрып, әкесінің жайнамазына басын қойып, кәлимаға тілін келтіреді. Ерден иман құтылған ба деп осыны айтсайшы. Жасы балиғатқа жеткенде айтқаны қате кетпейтін көріпкелдігімен елге таныла бастайды. Бойы ұзарып өсіп, атан түйені шөккізбей мінеді екен. Мәстек абыз аталуына себепші осы болған деседі», - дейді Мәшһүр Жүсіп. Құдайбергеннің Мәстек абыз атануы турасында бізге дерек берген Мәстек абыздың ұрпағы Әлім қария: «Мен шежіре білмеймін. Өтірік айта алмаймын. Құлболды (Құлболды әулие – М.А.) мен Жанболды бір туысады дегенді ғана естігенім бар. Содан кейін толып жатыр ғой,

енді. Құлболдыдан енді Айдабол туады дейді. Айдаболдан Жанқозы. Естуіміз! Жанқозыдан Төлебай, < ... > Төлебайдан Еламан. Еламаннан, міне, Ботан дейді. Содан Ботаннан біз тараймыз енді келіп. Е-е, Ботаннан Мәстек деген кісі туыпты. Ал шын аты Құдайберген. Ал бірақ жерге шырылдап түсісімен басқа сөз жоқ «Аллаһ, Аллаһ» деп жылай беріпті. Е-е, содан «Аллаһлап» жылаған соң жаңғағының аты, құлағы үлкен болу керек, орыстың мәстегі сияқты, содан әлгі Мәстек абыз атанып кеткен. Бабамыздың жайы осы, қарағым. Сол Мәстек абыздан тараймыз, төмен қарай біз», - дегенін жазып алдық. Игілікті істері, жақсылығы Аллаһтан қайтсын! Айтқандай, Мәстек абыздың туғанында «Аллаһ, Аллаһ» деп жылап туу әңгімесі ескі қария сөздердегі сюжетпен ұқсас. Мысалы, Қорқыт атаның бір сөзінде:

*Алла, Алла демейінше, іс түзелмес,
Тәңірі бермейінше, ер болмас.*

Уыз хан әңгімесінде: «Мұғыл нәсілінен әуелі мұсылман болған осы Уыз хан еді. Мұның заманында не кітап, не пайғамбар – бірден-бірі жоқ еді. Ішінен туа елһаны «Алла» деп туды. Бұл Уыз өскен соң Ұлық патша болып, дүние жүзіне дәуірі жүріп, көп уалиәтылар алып, қанша жұртты мұсылман қылды», - деп айтылатын сөз өзегі Мәстек абыздың сәби күнінде «Аллаһ» деп жылап дүниеге келуіне де өте ұқсас.

Қазақ қарияларының аузында «кереметілі бір адам болып еді» деп отыратын әдеті бар. «Кереметілі» дегені, демек керемет иесі деген сөз. «Қасиеті болып еді», «Аруақты адам еді» деп және қариялар айтады. Мәстек абыздың кереметтері де көп болған. Халықтың Мәстек абыздың керемет қасиеттеріне көзі жеткені туралы әңгімелер де көп. Мәстек абаыздың бір әңгімесін бізге

жеткізген Мәшһүр Жүсіп әулие. Енді бір әңгімесін әңгімелеп берген абыздың ұрпағы сексен сегіз жастағы Әлім ақсақал. Әлім ақсақал әкесінен сәби жасында қалған адам. Әкесінің туыстары балаға жетімдікті білдіртпей, сонау қазақ халқын қырғынға шұрату мақсатында ұйымдастырылған аштық жылдарында да аман сақтап қалыпты. Бабалар аруағының желеп-жебеуімен себеп табылып қантөгіс соғыстан да аман қалып, адал еңбек етіп, міне, осы күні үбірлі-шүбірлі, немерелі қарт болып отырған жайы бар. «Тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк, уайым-қайғы жоқ» деп Әлім қария бір Аллаға шүкіршілік және тәуба қылып, үлкен отбасының сәні болып отыр екен. Құлақ естуден қалғанына жиырма жылдан асса да, тоқсанға таянған бабаның қимылы тез, қағазға жазған хатты көзілдіріксіз танып, сауалдың мән-жайын тез ұғып, дереу жауап береді. Бұрынғы аталарымыздың көрінісі осындай болды-ау дедік. Бүгінгі таңда мезгілсіз ажал көп, ал адамдардың ғұмыр жасы ұзақ болып тұрған жері шамалы ғой. Уақыт көшімен адамдар да фәни дүниеден бақиға аттанып кеткенін аңғарып жатуға уақыт та жоқ сияқты ма, қалай өзі? Осындай Алланың берген ғұмыры мен денсаулығының арқасында Әлім қарт бізге әңгіме де айтып, «Хазірет Ғалы мен Дариға қыз» қиссасының мазмұнын шолып шықты. Әлім ақсақалды нағыз көнекөз қария деп айтуға лайық. Бірінші күні кездескенімізде Әлім қарияның қисса білетінінен хабарсыз біз қиссасын дыбыстаспаға жазып, бейнетапаға жазуды ойымызға алмаған едік. Келесі күні бейнетаспа құралдарын алып арнайы келдік. Қағазға хат жазып, «ата, бізге шежіре айтыңыз, қиссадан үзінді айтсаңыз, біз бейнетаспаға жазып алар едік», - деп өтініш білдірдік. Әлім қария:

-Шежіре!? Қисса!? Шежіре айт дейсіңдер ме? Қиссадан үзінді айт дейсіңдер ме? Мен қисса білмеймін ғой, балалар! Ой, қисса айтатын адамдар өтіп кетті ғой! Түн бойы үзбей

айтушы еді. Эи, бұл ескі дәстүр ғой! Бұл ескілікті дәстүрді сендер қалай біліп жүрсіндер. Шежіре деген қайда. Оны айтатын адам жоқ қой қазір, - деп жатыр. Біз болсақ қолқалауды қоймай, «ой, ата, сіз кеше тап-тамаша ғып бізге «Дариға қыз» қиссасын айтып едіңіз ғой» деп өтініш білдіріп жаттық. Әлім қария қиссаны қара сөзбен көркем күйінде әңгімелеп бастады. Ой, ғажап. Бүгінгі сөзі де кешегі қисса айту мәтінінен ешбір аумайды. Сол сөздер, нүкте мен үтіріне дейін. Әңгімелесу барысындағы екпіні де сол. Қисса әңгімелеуі бір қалыптасқан мәнермен болып отырғанына көз жеткізіп отырмыз. Әлім қария қиссаны жырлап жатыр, ал біздің бейнетаспаға түсіру барысында ақаулар болып тоқтадық. Бейнетаспаның жұмысын қалпына келтіргенше бес-он минут уақыт өтті. Әлім қария:

-Ал болдыңдар ма? – деп сұрап, қиссаны сол тоқтаған жерінен жалғастырды. Дыбыстаспа мен бейнетаспадағы қиссаның ретін салыстыруға болады. Қария сөзін өзгертпей сөйлейді. Қария деп осындай адамды айту керек. «Қария – ағып жатқан дария» немесе «Үйінде отырған қарияң – хатқа жазған кітапқа тең» деген халық даналығы мазмұнына сай. Әке тәрбиесін көрген, ауылдың молдасынан дәріс алған ескі қазақ заманындағы балалардың зердесі осындай берік болды. Олар жат сабақ оқыды. «Оқуға сенген – ұмытшақ, жазуға сенген – жаңылшақ» деген сөздің астарын енді ғана біліп жатқандаймыз. Сөйтіп Әлім қарияның аузынан қисса да естіп тамашаладық, шежіренің білген тарамдарын анықтадық, Мәстек абыздың абыз атану себебін бір әңгімемен анықтадық.

Мәстек абыздың бала кезінен осындай тақуалық пен қасиет иесі болуы өз алдына, ол терең діни білімді игеріп, Қожа Баһауеддинді пір тұтып, сәуегейлік қасиеттерін көрсеткені туралы дерек мол. Ботан абыздың үйінде бірде келген Асаубай би болғанында Мәстек абызды сынағаны турасында әңгімені қариялар былай айтады: «Ботан абыз

шаңырағына жаздың жаймашуақ күндерінің бірінде найман елінің Асау деген байы ат басын тіреп тынығып кетуді жөн көреді. Аман-саулықтан соң Асаубай:

-Ел арасында әгіме жатқан ба? Ұлыңның мүшел жасын тойламай неге сараңсып отырсың, - депті. Сонда Ботан абыз: -Ауыл-аймақты шақырып ас бердім. Жетпей ме?! – деп жауап береді. Асаубай:-Рұқсат болса сол ұлыңның жүзін көрейін дегенде, Ботан: -Құдайбергенді шақырыңдар, - дейді. Көп ұзамай үйге сәлем беріп ұзын бойлы, жіңішке жігіт кіріп келеді. Сәлем алып Асаубай:-Кімнің баласысың? – деп сұрайды. Құдайберген:-Халқымның,- деп жауап береді. Асаубай:-Мұсылмансың ба? – деп сұрайды. Құдайберген:-Әлхамдулиллаһи, мұсылманмын! – дейді. Асаубай:-Дәлел керек! – дейді. Құдайберген:-Әшһаду ән лә иллаһи уа ашһаду әннә Мухаммадан ғабдуһу уа расулуһ! – дейді. Асаубай:-Осынша білімді кімнен алдың? – деп сұрайды. Құдайберген: -Әкемнен, - дейді. Асаубай: -Онда сопылықтың кімнен қалағанын білесің бе? – деп сұрайды. Құдайберген: -Ыдырыс пайғамбардан, - деп жауап береді. Асаубай:-Сабырлылық кімнен? – деп сұрайды. Құдайберген:-Айюп пайғамбардан – дейді. Асаубай:

-Қанша пірің бар? – деп сұрайды. Құдайберген:-Үш, - деп жауап береді. Асаубай:-Сонда сен әділ дін дүниесінің ілімін жалғастырушысың ба? – деп сұрайды. Құдайберген: -Әлбетте, - дейді. Асаубай:-Көзіңнің өткірлігі соншама, малға тиген итті оңдырмайды деп естідім, - дейді. Құдайберген: -Алланың бойға дарытқан қасиетінің арқасында парыз бен сүннетті бірге алдым. Мүмкін содан болар, дейді. Асаубай: -Мүрдәр емессің бе? Құдайберген: -Жоқ! – дейді, Асаубай: -Қазір такзиптер көбейген уақыт, соның бірі емессің бе? Құдайберген: -Жоқ! – дейді. Асаубай: -Дұрыс! Қолыңды жай! Бата берейін! – деп, қысқа да нұсқа бата қайырып, абыз деген атақты қосақтап кетсе

керек. Бұл Құдайберген абыздың он үш жасында болған оқиғасы», - деген екен.

Мәстек абыз діни білімі терең адам болған. Жын мен пері оқуын игерген, хасида ілімін меңгерген адам. Мұны дәлелдейтін жоғарыда келтірілген Мәшһүр Жүсіптің жазбасы да бар, ауызекі түрінде қариялар жадында сақталған әңгімелер де баршылық. Сондай қария ақсақалдар бұрынғы өткен үлкендерден өз құлағымен естіп, жадына сақтаған. Бұл қария сөздерге Мәстек абыздың қасиеттері, оны қолдаған тылсым күш иелерімен байланысты айтылатын әңгімелер де бар. Соның бірі: «Мәстек абыз әкесінен қалған мал мен дүниені туыстарына, жетімдерге таратып берсе керек. Бұл қылығына риза болмаған ағалары араға елші салып наразылығын білдіреді. Қазіргі Ботан абыз есімімен аталатын бұлақтың төменгі жағында отырған Мәстек абыздың шаңырағына, Байболсын Әжіпұлы деген жасы алпыстан асқан ақсақал келеді. Амандық-саулықтан соң:

*«Жай жүрмей жау көбейткің келмесе,
Көршіңді шауып барымта ал.
Ел ішінде дау шығарғың келмесе,
Малыңды шашып қатын ал,*

Дегендей, мал үлестіріп берді деген қайдан шыққан пәле?», - деп айғайға басса керек. Мәселенің мән-жайын түсіне қойған Мәстек абыз: -Сабыр сақтаңыз, әуелі төрге шығып деміңізді басып алыңыз, - деп, маңайына отырғандарға «дұрыстап күтіңдер» дегендей ишара білдіреді. Сол-ақ екен қонақ үшін бір құлын сойылады. Ет ортаға келгенше, қоныс аударып келген қуандық, қозған елінің біраз азаматтарына Ботан абыз жайлауының шығыс жағын биылша қыстап шығу мақсатымен Шоң биден рұқсат сұрау үшін Ізтілеу мен тағы бірнеше жігіттерін жібергелі

отырғанын баяндай келе, Мәстек абыз: «өз жеке басының қызығын ойлайтын ағаларыма айтар бір-ақ сөзім бар», - дейді. «Қандай» деп Байболсын қадала қарайды. -Мәселе адамның байлығында, атағында емес. Ел алдындағы адал абройында. Әділдіктің арқасында әкем абройлы болды. Мен де шамам келгенше маңайымдағыларды тең ұстағым келді. Сонда ғана бірлік болады, - дейді Мәстек абыз.-Артыңнан жақсы сөз қалсын десең, Меккеге бар, - дейді Байболсын. Сонда Мәстек абыз:-Менің қажылығым өзімде, - дейді. Байболсын:-Қалайша? – деп сұрайды.-Ең бастысы көршім аш емес, балаларым өкпелі емес, дәретім мен иманым бар. Соған шүкіршілік. Үлестіріп берсем, өзіме тиісті малды үлестірдім, әлде рұқсат сұрауым керек пе еді? – дейді Мәстек абыз. Сөз таба алмаған Байболсын біраз қипақтайды. «Қой, мен той тойлап, ет жеу үшін келген жоқпын, жылжиын», - деп, тұруға ұмтыла бергенде, бір тылсым күш иығынан басып жібермей отырғандай сезінеді. Ештеңеге түсінбеген ол бірнеше рет тұруға тырысады. Болмаған соң жанындағыларға қолын созып көрсе, ешкім қол ұшын беретін емес. Сонда Мәстек абыз:-Әй, қойыңдар, оның кінәсы қанша? – деп, даусын шығарғанда ғана иығынан ұстап біреу көтеріп алғандай ұшып түрегеледі. Байболсын болса: -Сиқырыңды неге жауға көрсетпейсің? – деп ашуланады. –Қайдағы сиқыр, періштелерім ғой, өздерінше ашуланып жүрген, - деп, жауап берсе керек Мәстек абыз. Тәмам».

Әйткен ақсақал ел аузында сақталған Мәстек абыздың дұғамен өрт өшірген кереметі туралы бір ескі сөз әңгіме етті. «Мәстек абыздың бір досы болыпты. Күндердің күнінде абызға сол досы келіп «жерімді өрт алды, перілеріңді жіберіп өшіруге көмек жаса» деп келеді. Сонда Мәстек абыз «жеріңді өртеген мен емес, бір Алланың ісі», - деп жауап қатады. Сабыр сақтаған досы: «Әншейінде кереметтісің де, осындайда қол ұшын бермейсің», - деп

ашуланып, үйден шығып кетеді. Мәстек абыз болса, кетіп бара жатқан досына: «Бір жолға ашуыңды бас, өрт үйіңе келіп тірелер де сөнер». – деп ізіне айтады. Айтқанындай, досы ашу үстінде үйіне келсе, өрт киіз үйге жетпей өшкен екен. Аз уақыттан соң абыздың досы күйгелектігі үшін кешірім сұрауға келеді. Досының келгеніне риза болған абыз дастархан жайып күтіп алады. Мәстек абызға досы үн қатпай отырады. Біраз уақыттан соң досы шыдай алмай: - Сенің кереметіңді көрдім, өрттен мал-жан басымызды, үйімізді аман алып қалдың. Ақысына не сұрар едің? – деп, үн қатты. Сонда Мәстек абыз: - Менің айтар өтінішім, шіркін, орындай алмайсың ғой, - деп, басын шайқайды. Досы: - Неге? – дегенде, Мәстек абыз: - Беліңді бекем будың ба? – деп сұрайды. Досы: - Будым, - дейді. – Олай болса ауылыңдағы кемтар отбасыларды қарамағыңа ал, - дейді. Сонда досы: - Одан да мен саған жылқыдай мал берейін, өзің үлестіріп бер, - дейді. Мәстек абыз:

- Істесең қайырымдылықты өз қолыңмен істе. Істемесең өзің біл, - депті. Мәстек абыздың кеңесіне құлақ салған досы қайырымдылық етіпті. Тәмам».

Мәстек абыз Баянаула тауындағы Қоңыр әулиеге тәу етіп тұрғаны турасында осындай қария сөздің бірінде айтылады: «Мәстек абыз Мұрымталдан ұзап ешқайда шықпаған. Тек жылына бір рет рамазан айында Қоңыр әулиеге барып, бір күн қонып қайтады екен. Абыз жолға дайындалғанда, атқошылыққа тілек білдіргендер қосыла түседі екен. Бірақ Мәстек абыз өзінің жүрегі қалаған діни сауаты бар азаматтарды тандап алып отырыпты. Қоңыр әулиеге жеткенше, жол бойына тоқтап, аруақтарға құран бағыштап, бір күн қонып, екінші күні жетіп құлайды екен.

Қайтқанда қайта-қайта «еркелемендер, келер жылы тағы бір өтермін, қазір уақытым жоқ» деп жол бойы сөйлеумен жүреді екен. Мәстек абыз өлген адам үйіне кірмей, тек зират басына барып, құран оқып қайтады екен. Кейбір уақыттарда

абыз атқа мініп, бір жаққа кетіп қалады да, таңсәріде қайтып оралады. Қайда болдың деп сұрағандарға «бейкүнә жандардың шақыруымен бастарына барып, дұға бағыштап қайттым», - дейді. «Қонбай-ақ күндіз барып келуге болмай ма?» деп реніш білдірген ұлына: «барған соң қонбасам, бәрібір орта жолдан қайтарады ғой» деп жауап беріпті. Тәмам».

Мәстек абыздың кереметінен айтылатын мысалдар көп. Әсіресе Мәстек абыздың ұрылардың ұрлығын өзінше тиып отырғаны турасында әңгімелер тартымды. Бір ауызекі әңгімеде «Шілдехана тойында отырған Мәстек абызға сырттағы жылқышылардан «ауылдың жылқысын қуып кетті» деген хабар жетеді. «Қай өңірдің ұрылары екен?» деген абыздың сұрағына жылқышы: «біздің өңірдің адамдары емес», - дейді. Сонда Мәстек абыз «қатты сөз айтсам обал болар» деп ішінен күбірлеп бірдеңе айтады. Ештеңе түсінбеген жылқышы атына мініп кері қайтады. Біраз ауылдан ұзаған соң жылқыларды кері айдап әкеле жатқан ауылдастарын көреді. Ұрылар жылқыны айдап шыққан соң Қойтасты маңайлап Қарқаралыны бетке алады. Мәстек абыз иелігінен шықпай жатып, өздері мінген аттарына ие бола алмай, әрқайсысы жан-жаққа шауып кетсе керек? Тәмам», - деп айтылатын болса, Мәшһүр Жүсіп: «Мәстек абыздың тұсында елде жұмақылық заман болған деседі. Барымта, ұрлық сап тиылған. Жер дауы, жесір дауы шешімін тапқан кез болыпты. Малды әкеткен баукеспе ұрының қай елден екенін, көзін жұмып отырып, қобызын тартып, күншілік жердегіні дөп басып айтады екен. Өзінің алдынан жазылмаған сырқаты да болмаған, айтқанға көнбеген, байлаусыз жындардың дұғасын шешіп, баласы жоқтарға себеп болып, мұқтаждарын толық өтеген екен. Қобыздың үні ордалы жыланды бағындырып, жыланның уын ем қылып, құрт ауруларды сау-саламат жазыпты».

Мәстек абыздың осындай ұрлыққа, жөнсіз іске жол бермегендігі себеп болар, оған дұшпандық ойлаған қаскөйлер болған. Алайда олардың жауыздық әрекеттері ешбір нәтиже бермеген. Осындай бір оқиға турасында дерек Мәшһүр Жүсіп қолжазбасында берілген. Онда: Шоң, Торайғыр билердің заманында Мәстек абызды сараң байлар өлтірмекші болып, Құдай сүйер қылығы жоқ бір азғынды жолдайды. Жалдаған зұлым қулығын ішіне сақтап, байлардан жәбір көрген болып, Мәстек абызға келіп «менің барар жерім, басар таум жоқ, қарсылық қылмасаңыз сізге қызыметші болайын» деген соң, Мәстек абыз келісімін береді. Бірақ қарақшы дегеніне жете алмапты. Бірде жол жүрейін деп жатқанда, түйенің қомына байлаған торсығына у салып жібереді. Мәстек абыз мінейін десе түйесі шөгіп, жатып алады. Күтушісінен үйдегі ілулі тұрған қамшысын сұратып алмақшы болып, жұмсаған екен. Үйге кірген күтушінің айқайлаған даусын естіп, соңынан барса, бір сарбас жылан мойнына оралып, буындырып өлтірген екен. Далаға шықса, бір жылан түйенің қомындағы торсықтың аузында ысылдап тұр. Осылай Аллаһ құдіреті Мәстек абызға арашашы болды. Елдің ішіндегі ұрылар мал ала алмай дымы құрыпты. Олар да адам жалдайды, таң намазына тұрып, дәрет алып жатқанда, түйесі боздап қоя береді. Мойнын бұрып қараса, түйенің екі тізесінің астында бір адам жатыр, қолында сары ала кездік бар екен. Орнынан тұрып жанына келсе, түйенің салмағы қойсын ба, өліп қалыпты. Жалдаған баукеспе ұрылар Мәстек абыздан кешірім сұрап, бір үйір қысырақ жылқы берген екен, жетім-жесірлерге таратып беріпті. Түйесі боталап, қойы жылына екі қоздап жатқанда, ұрлықтан келген малды қайтсін! Өзінің мыңғырған малы бар», - деп Мәшһүр Жүсіп жазған екен.

Бойына қасиет дарыған Мәстек абыз бен Мәшһүр Жүсіп, Сағымбек, Әбжалап диуаналар жын-періні өз еркіне бағындыра білгендер. Олардың сиынған өз пірлері болған.

Төртеуі де бойындағы қасиетін ұрпағына аманат еткен. Мәстек абыздың бір кереметі туралы әңгіме оның аруақ қона алмай жүрген балаға аруақ қондыруына байланысты айтылады. Әңгімеде: «Елде белгілі Сағымбек диуананың атасы Шөкіп туысқанының бір баласы он екі жасында өзінен-өзі сандырақтап, бір ауыруға шалдығып, оның әкешесі емдетуге апармаған жері қалмаған екен. «Мәстек абыздан бір көмек болса көрелік», - деп, бұл баланы он алты жасында, абыздың алдына әкеліпті. Тауасар баласы Шөкіп: «Балаға аруақ қона алмай жүр екен, бүгін не адам қатарына қос, не аруағын қондырып бер», - дейді Мәстек абызға. Сонда абыз: -Баланы айналшақтап жүрген Әлімбек диуананың аруағы, онымен бірнеше түн алысуға тура келеді, - деп жауап береді. Шөкіп: -Әшейінде әңгіме құрып отыратын перілеріңді шақырсаңшы, - дейді. Мәстек абыз:

-Сендерге бәрі оңай көрінеді. Дегенмен де Төлебай мен Еламанның аруағын көмекке шақырып көрейін, - деп, біраз отырған соң, басынан төмен қарай терлеп қоя береді. Сол-ақ екен, Жерде отырған Мәстек абызды бір тылсым күш жарты метірдей жоғары көтереді. Зәресі ұшып кеткен, ауыру бала қасындағы адамның қамшысын жұлып алып, абызды айнала «әкетпеңдер, қойдым, қойдым, қойдым» деп айғайлап жүгіре жөнеледі. Ауада қалқып тұрған абыз, сол кезде, баппен төмен түседі. Есін жиып болған соң, қасына баланы шақырып алып: «Не көрдің?» - деп сұрайды. Баланың жауабы: -Бір ақ киімді ақсақал қылышымен сізді шабайын деп жүр екен, мен оны қуып жібердім, - дейді. Абыз жиналған елге қарап: -Басқа кім көрді? – дейді.

Жұрт көрмегенін айтып мәре-сәре болады. Сонда Мәстек абыз: -Е-е, ол атаңның қасиеті ғой, енді аяғың жерге, төбең көкке тимейтін дуалы ауыз диуана боласың, - деп, батасын беріпті. Тәмам», - делінеді.

Қария сөздерге қарағанда, кезінде Мәстек абыздың шәкірттері де аз болмаған. Сондай әңгіменің бірінде:

«Мәстек абызға бір жолы шәкірті сәлем бере келеді. Ұстазымен сұхбат құрып, шәкірті Мәстек абызға: -Ұстаз! Осы біз Аллаһтан үміттіміз ғой?, - деп сауал қояды. Сонда Мәстек абыз: -Үмітсіз тек шайтан ғана, - деп, жауап беріпті. Шәкірті: -Ендеше күнәміз неге көп? – деп сұрапты. Мәстек абыз: -Қазіреті Омардың сөзін естіппе едің? – дегенде, шәкірті: -Естімедім, - деп, басын шайқайды. Мәстек абыз: - Қазіреті Омар Мұхаммедке (с.ғ.с.) барса, пайғамбар жылап отыр екен. Ештеңе түсінбей, Қазіреті Омар «неге жалайсыз?» деп сұрағанда, Мұхаммедке (с.ғ.с.) жаңа ғана Жәбірейіл келіп, Аллаһның сәлемін жеткізді. Аллаһ айтыпты: «әрбір мұсылман пенденің сақал-шашын ағарта тұрып ол пенде неге күнә жасауға ұялмайды», - депті. Соны естіп жылап отырмын, - дейді. Демек, біліп істеген, білмей істеген күнәларымыз үшін аузымыздан «Бисми-иллаһир-рахманир-рахим» деген сөзді тастамай, иманды болайық.

Шәкірті: -Біле тұра неге сіз имансыздардың бетінен басып, уағыз айтпайсыз? – дейді. Сонда Мәстек абыз:

-Маған ақымақпен ақымақ болу жараспас. Мен оның айтарын айтқызып барып жауап берем, - дейді. Шәкірт:

-Сіздің аузыңыз дуалы ғой, менің қанша ғұмырым қалғанын айтып беріңізші? – деп өтініпті. Мәстек абыз:

-Сен өз ажалыңмен көз жұмарсың, бірақ ұрпағың аң сияқты бір-бірімен ырылдасып өтер, - депті. –Неге? – деп сұрайды шәкірті. –Себебі сен не істесең де мақтанып жүресің. Ал адам сыншысы – халық. Жақсылығың мен жамандығыңды ел айту керек, - депті Мәстек абыз. Шәкірті: -Менің дәретім бар, намазым бар емес пе? Оның сауабы қайда? – деп сұрапты. Мәстек абыз: -Көрдің бе, сен саудаласып шыға келдің. Аллаһны ауызға алған соң көңілің таза болуы шарт.

Айтқандай-ақ әлгі шәкірті 1892 жылы Торғайға барып көз жұмады. Ал Әміре деген ұлы Амангелді Иманұлының

көтерілісіне қатысады. Басқа екі ұлы ақтардың қатарына кетіпті. Тәмам».

Мәстек абыз «ұрпағым Аллаһны аузына алса, әрқашан қысылғанда жәрдем болып, шаршағанда қуат беріп жүремін» деп айтса керек. «Меңдібай деген Мәстек абыздың бір баласы бірде әкесінен: Қай немеренді жақсы көресің?» - деп сұрапты. Сонда Мәстек абыз «Барлық немерелерімді жақсы көрем», - дейді. Меңдібай: -Ұрпағымызда өзіңізден соң абыз бола ма? – деп сұрапты. Мәстек абыз: -Менің әкем Ботан абыздың ұсынған алты қап ғылымының үш қабын ғана қабылдай алдым. Бірақ бұтағым сынбас. Егер уақыт бөгемесе, қанда бар қасиет жерде қалмас, - дейді. Меңдібай: -Ойбай-ау, барлығы абыз болса, малды кім бағады?, - деп қарқылдап күледі. Мәстек абыз: -Енді білімдар алтыншы ұрпағымнан шығар, дейді. Меңдібай: -Сонда оған дейін ұсақталып кетеміз бе? – дейді. Мәстек абыз: -Қой, бәрі Аллаһтың қолында, тек жүрегің ақ болсын, - депті. Меңдібай: -Бәрі дұрыс қой, бірақ неге ағайын-туыс арасында бітім айтып, татуластырып шаршайсыз. Өзіміз аман болсақ болмай ма? – депті. Мәстек абыз: -Олай дей көрме! Әрбір ұрпақта көркем мінезді жан болады. Келер уақытта солар туыстардың басын біріктіріп, мен сияқты тер төгетін болады. Тәмам».

«Үшқара дауы» атты әңгімеде Мәшһүр Жүсіп Мәстек абыздың бір жолы билік айтқаны туралы сөз қозғайды. Әңгіме өзегі былай болған: «Қарқаралыны Тұрсын төре билеп тұрған заманда Үшқара деген жер қаракесек Шаншар баласының қонысы екен. Ел Нұра бойында жайлауда болғанда, бәсентиын менбура наймандар басып алып, «қаракесектерден бұрын біз қоныс қылғанбыз» депті. Сонда арақатынас ушығып, екі-үш рулы ел елдіктен кетуге бет алып, бітім-тыным үшін төрелік айтар кісі іздейді. Бәсентиыннан Сатыпалдының Қазанғабы, бура-найманнан жас та болса бас болып жүрген Мақар бақсы туысы

Жылтыр шешен мен Тұрсын төре, қаракесектен Тіленшінің Алынбайы Қарқаралыда бас қосады. Біреуі де бітім сөйлемей, дал болады. Сонда Алшынбай: «Бабам Қазыбек би дүние салған, Далбадағы Қарағайлы бұлақта сүйіндіктен шыққан, қара қылды қақ жаратын, ғаділ Мәстек абыз деген кісі бар. Бір шешсе, дауды сол адам шешеді», - деп, үш рудан үш адам жібереді. Мәстек абыз Қарқаралыдан келген даугерлерге «араға жұма салып келіңдер» деп, қайтарған екен. Өз әкесі Ботан абыздан қалған құлын жарғақты киіп, асасын қолына алып, кісендеулі тұрған қобызын босатып, алмажай пірлеріне сиынып зікір салады. Қолындағы аса мен қобызына қарап қарсы жақтың кісісі болып, сөйлескен екен. Уағдалы уақытта даугерлер келеді. Сонда Мәстек абыз:

-Бәсентиын мен бура-найманға сәлем айт, қаракесек шаншарлар Қаз дауысты Қазыбек бидің заманында қалмақпен соғысып, қан төгумен алған жер. Орысқа сенбесін, Қазыбек бабаның әруағын силасын. Үшқара былай тұрсын, шөбі шүйгінді қоныстары Ертістің қарасын көруге зар болып жүрмесін. Мықтылығы сол болса, қалмаққа бермей отырмады ма? – деген соң, наймандар Айғыржалды қоныс қылып, бәсентиын Ертісті жағалай жайлап, ел іші тынышталған екен. Мәстек абызға Тұрсын төре «мен атқаратын істі атқардың» деп ат айғыр, ту бие, түйеге кілем жауып, сый қылыпты.

Мәстек абыз турашыл, әділ адам болса керек? Оның осы мінезін сипаттайтын Мәшһүр Жүсіптің бір әңгімесінен мынандай дерек табамыз: «Ғабидолла хан» бұл Сарыарқада параға сатылмайтын, айтқанын екі қылмайтын екі-ақ ғаділ адам бар» деп айтады екен. Олардың бірі Торайғыр би, енді бірі – Мәстек абыз деген көріпкел. Екеуінің де елі Сүйіндік екен. Он шақты адам Айдабол атасынан шыққан бұл екі адамды бұрын сыртынан естуші едік <...> Мәстек абыз Айдабол атасынан шыққан дүр екен. Қонысы заманында Қаз дауысты Қазыбек би қоныс қылған Далба тауының

бөктерінде Қарағайлы бұлақта екен. Мәстек абыздың төңірегінен жау жүрмейді. Жылқыларын ұры алмайды. Жер дауы, жесір дауы болмайтын көрінеді. Тоғыз бойын күміс байланған жыланның қу басына ұқсаған асасы сылдырап, сонымен тілдесіп, Құдай аузына салса, қашан өлетініңді, бетіңе айтатын әулие екен. Малға ұры тисе, кісендеулі тұратын қобызының кісесін шешіп, зікірлеп пірлеріне сиынады да, малды әкеткен адамның қайдан келгенін, кім екенін біледі. Күндік жердегіні дөп басып, ұстайды деп естиміз».

Мәстек абыз Мұрымталда жерленген. Мәшһүр Жүсіп өз дерегінде көрсеткеніндей, Мәстек абыз жасы жетіп, дәмі таусылар шағында, елді жинап айтқан екен: «Мен дүниеден өткенде жаназамды шығарған соң, түйеме артыңдар. Түйе қайда барып шөгеді, сол жерге жерлендер. Ол жерден ұзындығы өз бойымдай тас шығады, құбылам солай қарасын. «Аллаһ, Аллаһ» деп, Аллаһның құдіретімен шыққан тас ақыр заман боларда жерден жоғалады», - депті. Әйел затына «қырық қадам жер жақындамасын, ұрпағы кемтар болады» деп кеткен екен. Қарағайлы бұлақтың аузындағы жатқан жеріне барып дұға қылдым, дәл өзі айтқандай екен. Жарықтықтың айналасы қалың қорым болыпты, өзі сол қорымның ортасында жатыр. Басында шырақ жанып тұрады екен. Көзі тірісінде жын-шайтан мазасын алғанда, дұғаның күшімен шайтанды шашынан ұстап, жоламастай еткен көрінеді. Мәстек абыздың бұл қасиетін Қосқұлақ атасынан шыққан Қараман абыз меңгерген екен.

Міне, осы жерде 2003 жылдың қоңыр күзінде, самал желі ескен, күншуақты қыркүйек айының соңғы күндерінде, Далбаның етегінде, Мұрымталдың әсем табиғатының аясында, Мәстек абызға арналған ас берілді. Мәстек абыздың қоныс орындары, Қос-Шора-бай, Қарағайлы бұлақ болған. Кешегі Кеңестік дәуірде қазақтың мандайына біткен

қасиетті тұлғалары ауызға алынып, олар туралы әңгіме қозғап, айтылуы мүмкін емес еді. Сондықтан бұл құрбандық шалып, ас беру қазіргі ұрпақтың қасиетті бабаларын еске алу, оларға арнап дұға ету, аруақтарын құрметтеудің белгісі. Мұндай шаралар елге игі. Осыны іске асырып жүрген, Әлім қарияның немересі, Ермек Ғабдұлсағатұлы, абыз дәрежесіне жеткен, ұлы бабасының жолын ұстанып, имандылықты, қайырымдылықты артық көрген, рахымдылығы мол, мырзалығымен танылған азамат.



Бекарыс, Гүлмира, Ермек, Атығай, Ноян

*Ізгіліктің жалғыз дәнін ексем де,
Алыс ұшып қияларға жетсем де.
Барша әлемді кезсем де, ағайын,
Қазақ Елім, бар жұмағым өзіңде!*

V БӨЛІМ

М.Т.Ақыштегі

VI БӨЛІМ



ЕСТЕЛІКТЕР САМАЛЫНЫҢ ЕРУЛІГІ



Тау бұлағы

Нағашыларым туралы естелік

Менің шешем Дәметкен Жанбос атамның кіші қызы. 1900 жылы туған Жанбос, әкесі Одаштың жалғыз ұлы болғандықтан ерке болып өсіпті. 14 жасар Қазипа деген қызға әкесі Одаш, Жанбос 12 жасқа келгенде үйлендірген. Әкесінен ерте айырылған Жанбос, өзінің ірі денелі әрі батылдығының арқасында ешкімге есесін жібермей, шешесін де ешкімге ренжітпей өскен. Жанбос үш рет үйленген. Бірінші әйелі Қазипадан Балкен, Дәмелі есімді екі қыз туған, Қазипа ауырып жастай қайтыс болған соң, екінші рет Сақышқа үйленіп, одан Үмітжан, Дәметкен деген екі қыз туған. Ылғи қыздар туа берген соң, ұлдан дәм етіп, қыздарының атын Дәмелі, Дәметкен, ұлдан үміттеніп Үмітжан деген есімдерді қойып отырған. Екінші әйелі қайтыс болған соң әменгерлік заңмен немере ағасынан жесір қалған әйелі Рәзия деген кісіге үйленіп, 1946 жылы ақырында ұл туып атын Базарбай деп қойған. Рәзияда ол кезде Зүкен деген қызы болған. Үлкен қызы Балкен Жанбосқа қарындасындай болып, әкесіне көп көмек көрсетіп, демеу жасаған. Балкен тумасынан ақылды, батыл, әрі талантты болып өсті. Өлең шығаратын, ән айтатын қабылеті болған. Екінші қызы Дәмелі (Ғабдулсағаттын анасы), жуас, бауырмал, өте балажанды, үлкенге сыйлы, кішіге жанашыр адам-тын.

Енесі Бибісараны көп жыл төсек тартып жатқанда, балабасты болса да, күтіп, өз қолымен шығарып салған. Жанбостың басқа қыздары да өте еңбекқор, тәрбиелі болып өсті. Өйткені Жанбостың өзі бала тәрбиесіне көңіл бөліп, тату-тәтті жанұяның отағасы болды.

1932 жылғы ашаршылық кезінде Жанбос өзінің пысықтығымен жанұясын аш қалдырмаған.

Біресе ақ гвардияшылар, біресе қызылдар келіп елді тонағанда, күрт, май, ет сияқты тағамдарды үйге жасырып екі ірге қалап, соның арасына тығып сақтаған. Ақтар тыққан жеріңді көрсет, әйтпесе атамыз дегенде, өзім өлсемде, балаларым аман қалсын деп, шынын айтпаған. Кездейсоқ жағдайымен атудан аман қалған.

Үшінші қызы Үмітжан 1935 жылы туған, өте ақылды, білімді, әрі көрікті болған көрінеді. Мед.институтта оқып жүрген кезінде ауыруға шалдығып 20 жасқа шыққан шағында қайтыс болып кетті.

Жанбостың ауылдасы әрі алыс ағайыны Ермек деген кісіден Алау, Жүкіш тарайды, Балкен Алауға 1934 жылы тұрмысқа шыққанмен көпке дейін бала болмаған, сондықтан да Жанбос өзінің төртінші қызы 1940 жылы туған Дәметкен деген қызын Балкен мен Алауга береді, Жанбостың қолында Төлеу мен Үмітжан қалады, ол кезде Балкен мен Дәмелі тұрмыста еді.

Ашаршылық кезінде Алау Балкенмен Россиядағы Кемерево қаласына құрылыс жұмысына кетеді. Өздерінің пысықтығымен Алау пеш салу мамандығын үйреніп, Балкен әйелдер бригадасында бригадир болып, тұрмыстарын түзеп алады. Алау жастайынан есеп-қисапқа жетік болған. Ол кезде тиым салынатын алып сатарлық (қазіргіше комерсант) іспен де айналысады. Ақшаның молдығынан ол арақпен қартқа еліктей бастайды. Бірде үлкен сомаға дейін ұтылып, әкесінен сөз естіп таяқ жеген соң, әкесіне енді арақ ішпеуге, қарт ойнамауға сөз береді. Сол сөзін өмірінің аяғына дейін ұстанған.

Соғыстың алдында олар елге қайтып, Семізбұғы руднигіне орналасады. Алаудың жанұясында 1946 жылы (үйленгеннен кейін 12 жылдан соң) Маймуна деген қыз туады. 1950 жылы Жұмабике, ал 1952 жылы көптен күткен ұл Ауданбай (Сағынтай) туып, жанұя зор қуанышқа бөленіп, ұлан-асыр той жасалады. Одан кейінгі балалары

1954 жылы Бақыт, 1958 жылы Маржан, 1961 жылы Алтын туып, Алау үлкен шанырақ иесі болады. 1950 жылы Ворошиловқаға (қазіргі Ботақара) көшіп келеді. Алыс туысы Мақым деген кісіні Балкен туған ағасындай күтіп, өз қолымен шығарып салады.

Бұл жанұя өте қонақжай болған. Ворошилов аудан орталығы Ақжар, Бабаев, Алғабастың кісілері жұмыспен келгенде көбі Алаудың үйіне түсетін.

1949 жылы Жанбос қатты ауырып, күйеу баласы Алаудан Төлеу мен Үмітжанға қамқор болуын сұрайды. Сол жылы қайтыс болып, екінші әйелі Сақыштың жанына жерленеді, Базарбай шешесі Разиямен қалады. Бірақ апалары еркелетіп жақсы көргеннен шығар, көбінесе апаларымен тығыз қарым-қатынаста болады.

Атасының аманатын Алау түгелдей орындап, Төлеуді өз баласындай тәрбиелейді. Ол кезде қолға түсе бермейтін үш аяқты «Ирбит» мотоциклін әпереді, үйлендіреді, оқытады. Алаудың қамқорлығына қарай Төлеуде жақсы азамат болып өседі, тату отбасының ұйытқысы болды.

Ол кісі менің туған нағашым болсада, мінезі тік, принципі қатал болған соң ба, білмеймін, мен ол кісіні көп түсіне алмайтынмын. Бірақ қай істе болсын ол кісінің әділдігін сезініп тұратынмын.

Екінші нағашым Базарбай Ульяновқаға (Ботақара) келіп инспектор болды, Рымкул Айсанова деген қызға үйленіп 1970 жылы Марал деген қызы дүниеге келді, өзі 1982 жылы кенеттен қайтыс болды.

Менің анам Дәметкен алдында айтып кеткенімдей, түгелдей, тұрмысқа шыққанша Алаудың тәрбиесінде болды, екі жездесі Алау мен Әлім шешемді қатты еркелететін. Шешемнің айтуы бойынша 1956 жылы 16 жасында жездесі Әлім қол сағат сыйлаған. Құрбыларымда жоқ қол сағатты 16 жасымда тағып, төбем көкке жеткендей қуанып едім

дейтін. Ондай сыйлық ол кезде өте қымбат болып саналатын.

Алау Дәметкенді өз фамилиясына аударып алған 1959 жылы Байпақтың Марас деген ұлына тұрмысқа ұзатылып, одан мен, Ерболат, Қайрат туған. 1956 жылы Дәметкен екінші рет Армия деген азаматқа тұрмысқа шығып, одан үш ұл, үш қыз туған. Армия 1982 жылы, Дәметкен 2008 жылы ауырып қайтыс болды.

Бөле -Құрмет



Болмысы мықты, өресі биік

Энгельс совхозында бас зоотехник болып істеп жүрген кезімде, совхоз директоры Өміртаев деген кісі кабинетіне шақыртып жатқан соң барсам, қара торы дембелше қырықтан асқан бір кісі отыр екен.

Өміртаев бірден мына кісімен танысып қой Әлімов Ғабдулсағат бухгалтерияға қызметке алдым, малшаруашылығының есебін жүргізеді, яғни екеуің тығыз жұмыс істейсіндер деді. Түсі жылы көрінгенмен кісі киіктеу ме деп ойлады. Дегенмен келісіп, танысып жұмыс орнын көрсетіп бухгалтерлік істі тапсырдым. Таныстығымыз осылай өтті.

Бұл 1993 жылдың жаз айы еді. Әр айдың аяғында мал санауға бірге шығып жүрдік. Сонда байқағаным өз ісіне білікті маман екендігі көрінді. Бір нәрсеге көзі жетпесе қисайып қалатыны да бар. Өз көзқарасын дәлелдеп керісіп қалатын жағдайлар да болды. Артынан бірімізді-біріміз түсініп бір шешімге келіп жүрдік. Бұрын бұл іс әр кісінің қолында болған соң есеп ақсаңқырап тұрған екен. Қабекең

келгенсоң есепті бір жолға қойып тәртіпке келтірді. Қандай цифр керек болса қолма-қол тауып беріп жүрді.

1994 жылы Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығының шешімімен мен осы Энгельс атындағы совхозға директор болып тағайындалдым. Директор болып жаңа тағайындалсам да, бұл совхоздың қыры-сыры, адамдары бәрі өзіме белгілі еді. Сондықтанда жұмысты шаруашылықтың кем-кетік жерлерін түзетуден бастадым.

Маған әуелден орталық бухгалтерияның жұмысы ұнамай жүретін. Оның жұмысын түзету үшін маған іс білетін бас бухгалтер керек болды. Бухгалтерияның ішінен білімі де жетік, ұйымдастыру қабілеті бар деп тандауымды осы Қабекеңе түсті. Ол кісіні бас бухгалтерлікке бекіттім. Тандауым қате болған жоқ. Жұмысын жүргізе білді, кездескен қиындықтардан сәтті шыға білді. Ауданаралық банкпен, басқармамен, салық бөлімдерімен тығыз байланыс орнатып, есеп-қисап жұмыстарын уақытында орындап совхозға ешқандай сөз келтірген жоқ. Ауыл адамдары мен жұмыскерлер арасында силы, беделді болды.

1995 жылы аудандық қаржы бөліміне меңгеруші қызметіне лайықты адам керек болып, бірнеше кандидатура ұсынылды. Қабекеңде сонда барғысы келгендей болды. Мен оның талабын түсіндімде, совхозға істеген еңбегіне риза болғандықтан, облысқа шейін барып, ол кісіге қолдау көрсеттім. Еңбегім еш болмай Қабекеңнің кандидатурасы өтіп, аудан қаржы бөлімінің меңгеруші қызметіне жоғарлап, ауданға көшіп кетті. Көшіп кетсе де отбасымызбен араласып сыйласып тұрдық.

О. Дурунбетов Энгельс атындағы совхоздың бұрынғы директоры

Абзал туыс – адал дос

Туған бөлелер болғандықтан біз бала кезден бірге ойнап, бірге өстік. Ғабдұлсағат (жанұяда оны Қабыл дейтінбіз) жанұясы Баянауылда, біз Ульянов қазіргі Ботақарада тұрдық. Жазғы каникулда олар бізге келіп 1-2 ай жатып, не біз оларға барып 1-2 ай жататынбыз. Асық ойнап, доп теуіп балалық шақтың қызығын бірге көріп өстік. Ғабдұлсағат мектеп бітіріп, әскерге барып, одан жоғары білім алған соң біз тұрған Ботақараға жұмыс бабымен көшіп келді. Содан араласуымыз жиі болды. Біріміздің қызықтарымызда да шыжықтарымызда да бірге болып бір-бірімізге қолдау көрсетіп жүрдік. Сонда Қабылдың бойынан туысқанға деген жанашырлық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін байқап қалдым. Менен жасы үлкен болған соң ба мен одан әрқашан ағалық қамқоршылығын сезетінмін. Туысқаннан қолынан келген жақсылығын аямайтын. Кейіннен арамызда, туысқандықтан бөлек достық қарым-қатынасымыз қалыптасты. Ғабдұлсағатқа жанұяда бақыт, балаларының қызығын көрсін, аға-інілік қарым-қатынасымыз мәңгілік жалғаса берсін деп тілеймін.

Бөлесі Құрмет

Досым Ғабдұлсағат туралы

1971 жылы мен Целиноград құрылыс техникумына оқуға түстім. Күздің кезі еді бізді Целиноград қаласының маңындағы бір совхозға картоп жинауға жіберді. Оқуға түсіп көңілді жүрген жастар бар ынтамызбен еңбек еттік. Бір жатақханада жаттық. Маған көрші кроватта жастары менен үлкен екі жігіт жатты. Таныса келе екеуі менен үлкен 3-4 жастай әскерге барып келген, өмірлік тәжірибелері бар салмақты адамдай көрінді. Өздері жаңа таныссада бірімен-

бірі жақын адамдай шүйіркелесіп бірге жүрді. Бірте-бірте меніде жақындарына тарта бастады. Ол жігіттердің бірінің есімі Есілбай, екіншісі Ғабдұлсағат екен.

Егін жинау біткен соң, қалаға қайтып сабаққа кірістік. Мұнда да жиі араласып жүрдік. Келесі жылы жатақханадан орын алғанда үшеуіміз бір бөлме алдық, содан достық қарым-қатынасымыз күшейді. Ғабдұлсағат сабақты жақсы оқыды. Білгенін бізден аямайтын. Көмек керек болса әрқашан дайын тұратын. Каникулда бір-біріміздің үйімізге бірге барып тұратынбыз. Көбінесе Есілбай жақын тұратындықтан оған жиі баратынбыз. Өз басым Ғабдұлсағатты дос ретінде қатты сыйладым, досқа адалдығы әрқашан білініп тұратын. Мені кішісің деп шеттетпей өзімен тең құрдастай, бірімізге-біріміз сыйластықпен болдық. Кейін оқу бітірген соң жұбымызды жазбай араласып тұрайық деп бір-бірімізге сөз беріп тарқастық. Үшеуімізде туған жерімізге кеттік мен Жамбыл облысына, Есілбай Көкшетау облысына, Ғабдұлсағат Павлодар облысына. Бірақ өмірдің өз заңы бар екен, үйлендік, балалы-шағалы болдық, жұмыс бір жағынан, содан 38 жылдан соң Есілбай екеуімізді Ғабдұлсағат өзі іздеп келіп тапты. Мұның өзі оның достыққа берік екенін білдірсе керек. Ештен кеш жақсы дегендей, содан бері қарым-қатынасымызды үзбей араласып қызық тойларымызда бірге жүреміз. Мен оған әрқашанда денсаулық тілеймін, өзінің осындай өмірге деген құштарлық сезімінен айырылмай, бала-шағасының қызығын жары Гүлсара екеуі бірге көріп жүре берсе екен деймін. Бір қызығы, сол біздің достығымыз әйелдерімізге жұғып қалғандай Мүслима (Есілбайдың жары), Жанка (менің жарым) және Гүлсара үшеуі бізден гөрі жиі араласатын болды. Олардың араласуы біздің 38 жылдан кейін одан сайын жақындатқандай.

Студенттік досы Шаймерден

Адал дос

1968 жылы Целиноград құрылыс техникумына оқуға түстім, Ғабдұлсағатпен сонда таныстым. Екеуіміз бір группаға түсіп, екі айдан соң екеуімізді де әскер қатарына алып кетті. Мен Краснодар өлкесінде, ол Карелияда әскери қызметтерімізді өтедік.

1971 жылы әскери борышымды өтеп, оқуды жалғастыруға техникумға келсем, Ғабдұлсағатта әскери борышын өтеп сонда жүр екен. Екеуіміз құшақтасып маз болып қалдық. Тағы да бір группаға түстік. Содан екеуіміздің жұбымыз техникумды бітіргенше ажыраған жоқ. Ол әуелі қарындасы Қымбат, інісі Мұрат үшеуі пәтер жалдап тұрды. Келесі жылы жатақханаға ауысып Шаймерден деген тағы бір досымыз бар, тағы бір жігіт төртеуіміз боп бір бөлмеде жатып, бір нанды бөлісіп жегендей бірге болдық.

Оқу кезінде Ғабдұлсағат өзінің жан-жақты, білімді әрі адамгершілігі жоғары екенін көрсете білді, оқуды жақсы оқыды, әсіресе математика пәндерінен жетістіктері жоғары болды, жоғары математика сопрамат, техмеханика деген пәндердің үздігі болды. Оның осы білімінің пайдасын мен көп көрдім. Қазір ойлаймын Ғабдұлсағат болмаса мені баяғыда оқудан шығарып жіберетін шығар деп. Ол жалғыз мені емес, бүкіл группаға көмектесіп сессия кезінде есептерін шығарып беретін. Математика мұғалімі қаталдау кісі болды, бірде емтихан кезінде оның басқаларға көмектесіп жатқанын көріп, класстан шығарып жіберді. Өзін сессиядан өткізбеді. Артынан білсек автоматпен 5 қойып өткізген екен. Сүйтіп жұртқа көмектесем деп өзі емтихан тапсыра алмай қалған кездері болатын. Мына есепті шығаруын бер десем, кел отыр үйретейін, сосын өзің шығарасың дейтін. Жарайды, сен есеп шығара бер мен қазір келем деп кетіп қалатынмын. Содан қыдырып Конгрес-Холға барып келсем,

ол шығарып қоятын. Біз қыдырып жүрсек ол кітап оқып отыра беретін.

1974 жылы оқу бітіріп бәріміз өз елімізге кеттік, мен Көкшетау облысына, Шаймерден Жамбыл облысына, Ғабдұлсағат Павлодар облысына. Содан 38 жыл өткен соң, Ғабдұл мені іздеп тапты. Кейін Шаймерден табылды. Содан үшеуіміздің қайтадан араласуымыз басталды. Бірімізден-біріміз алыс тұрсақта, шақырысып қызықтарымызды бірге өткізіп, санаторийде бірге демалып жүреміз. Кездескен сайын жастық шақтың, студенттік кезімізді еске алып жасарып қаламыз.

Қазіргі уақытта балаларымыз өсіп, білім алып, өз алдына бір-бір жанұя. Біз енді «Баланы өскенше, немерені өлгенше» дегендей немере бағып отырған жайымыз бар. Өмірде сан достарым бар, соның ішіндегі адал досым ретінде Ғабдұлсағатты бірінші орынға қоямын

Студенттік досы Есілбай

Ташкентке саяхат

Мен осы әңгімеде Ташкент шаһарына барған саяхаттымды көпшілікке ұсынсам деген ниетпен жазып отырмын. Бұл саяхатқа баруға екі себеп болды. Біріншісі үлкендердің әңгімесі бойынша біздің ата-бабаларымыз ертеректе Ташкент маңайында өмір сүрген, содан біздің ұлы бабаларымыз Айдабол өзінің бес ұлы Жанқозы, Малқозы, Аққозы, Қарақозы, Бозқозы сол жерде өмір сүріп, қайтыс болған екен. Бейіттері де сол жерде деп еститінмін. Соны естіген соң, барып бейіттерін көріп, құран оқып қайтсам деп армандап жүруші едім. Екінші себеп, бұрынғы совет өкіметіне қарайтын көрші елдердің дамуын, біздің елмен салыстырғым келетін.

2022 жылдың сәуір айында ойымда жүрген сапарымның сәті түсіп, жанұяммен Ташкент қаласына самолетпен ұшып

келдік. Балам Ермек, немерем Ноян және шөберем Дәуіт бәріміз бесжұлдызды «ХАЯТ» қонақ үйіне орналастық. Қонақүй қызметкерлері аса қадірлі қонағындай бізді құшақ жая қарсы алды. Жамбас ақысына жатқан бөлmemізден басқа, күнсайын бассейн, сауна, жаттығатын бөлмесі қызмет істейді екен. Төсек күнде алмастырылады. Таңғы ас тегін, бөлmemізге жеміс-жидек, сусын, күн сайын жеткізіліп, әрі жаңартылып тұрады екен.

Бірінші күні тынығып алған соң бір микроавтобус алып қаланы қыдыруға шықтық.

Менің бірінші мақсатым, бабаларымыздың бейітін көру болды, біз содан бастадық.

Сұрастыра келе қаладан 18 шақырым жерде Арғын деген ауыл бар екен. Бірден сонда тарттық. Ауылға келсек көбінесе қазақтар тұрады екен. Біреулері өмір-бақи тұрады, біреулері 1932-37 жылдары келген екен. Бір қазақ әйелі біздің келген мақсатымызды біліп, үйіне шақырды.

Төрт бөлмелі үйі, гаражы, машинасы, ауласы жайнап тұр. Дәмге шақырды, бірақ кіргеніміз жоқ, ораза кезі еді, аулада сөйлестік, ол кісі анда-мұнда телефонмен хабарласып, ақырында бізге жол көрсетуші тауып берді, сол кісімен бірге ауылдың шетіндегі қорымға бардық. Қорым түгелдей қоршалған, темір қоршаумен.

Темір решеткалы қақпағы бар арасымен кісі өтетін жері бар екен, содан ішке кірдік. Күзетшіге келген жайымызды айттық, бабаларымыздың 17-18 ғасырда осында тұрғанын, бабамыз Арғын екенін, сондықтан да осы ауылдың Арғын атауы соған байланысты екенін түсіндірдік. Содан кейін күзетші бізді бейітке қарай ертті. Қоршаудың іші екіге бөлінеді екен. Бір жағы ескі, екінші жағы жаңа бейіт. Бізді ескі бейітке алып жүрді, ескі бейіт қоршалған, айнала ағаш егілген. Ортасы жап-жасыл шөп егілген, ешқандай белгі жоқ. Күзетшінің айтуы бойынша өткен ғасырда қайтыс

болған адамдар осында жатыр. Оның қайсысы қайда екенін ажырату қиын.

Болжауымыз бойынша бабаларымыз осында жатқан шығар деген оймен сол жерде отыра қалып құран бағыштап, садақасын беріп, «Алла риза болсын!» деп, іште жүрген бір ойымыз іске асқандай болып кері қайттық.

Ал енді Арғын ауылына келетін болсақ, біздің ауылдардай емес, қалаға жақын болған соң ба, қаладан кем емес.

Көшелері түзу, таза, асфальтталған, ағаш егулі, көшелер жарықталған, дүкендері қатар-қатар, тіпті көшеден мал көре алмадық, ол жақта малды көп ұстамайды. Айналысатындары бау-бақша, сауда қызып тұр. Бір таң қалғаным, біз өзімізді шет елде жүргендей сезіндік. Қайткенменде совет үкіметі кезінде бір мемлекет болдық қой, соған қарамай олар өзгеше секілді, тек қана өз тілдерінде сөйлеседі, жастары да үлкендері де. Бір-екі рет орысша сөз естіп қалып елең еттік, өз тілімізді естігендей.

Мектепте орысша бір-екі сағат оқытады. Жоғары оқу орнында орысша мүлдем оқытпайды, тек қана өзбекше және ағылшынша, өз тілін білмейтін қазақтарға қарағанда, өзбектің сана-сезімі рухани жетістіктері, өз тілін, дінін, ділін құрметтеу әлдеқайда артық па деп қалдым. Өздерінен бұл қалай деп сұрасам бұл президентіміз И. Каримовтың арқасында деп мақтанышпен жауап береді. Президентін құрметтеген қандай бақытты елде іштей қызығу менен қызғаныш сезімі пайда болды. Бұрын өзбектерді көрсе алашапан киген саудадан басқа не біледі деген сын көзбенен қарасым өзгерді, олар бізден әлдеқайда көш алда екен, олардың әбден игерген саудасын біз жаңа ғана үйреніп жатырмыз. Экономикасы көш алда, барлық товарды өздері өндіреді, сыртқы қарызы біздегідей триллион доллар емес, Каримовтың кезінде бір тиында қарызы болмаған. Біздің мақтанған Астанамыздан әлдеқайда таза, әрі әдемі. Рас, біздегідей архитектуралар мен салынған үйлер аз, онында

себебі бар, өйткені Ташкент ескі қала архитектурасы ескі модельмен салынған. Ташкен қаласы әлі де зерттелу үстінде, біздің Тараз қаласы сияқты археологиялық қазбалар жиі кездеседі. Тарихтары да бізге қарағанда өте-өте бай, олар тарихтарын көбінесе Ақсақ- Темірмен байланыстырады және Ақсақ темірді дәріптейді, мақтаныш тұтады, оған арналған көшелер, музейлер бар. Ақсақ Темір туралы деректер, ескерткіш т. б. Самарқанд қаласында көп дейді, бірақ біз уақыт тығыздығынан онда бара алмадық. Біздің тарихта олардан кем емес, қазаққа, Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткерлер бізде де аз емес қой, Абылай хан, Кенесары хан, Ташенов, Байтұрсынов, Бөкей хан, Нұрқаділов, Қонаев. Бірақ бізде сол қайра-ткерлеріміз дәріптеле бермейді, кейбір жастарымыз олардың кім екенін білмейді де. Ташкентте төрт миллионнан астам халық тұрады екен, соған қарамастан біздің Астанадағыдай жол кептелісі бола қоймайды екен. Көшелері кең. Біз орналасқан қонақ үйінен аэропортқа шейін бірде-бір жол кептелісіне тап болған жоқпыз. Аэрапортында біздікіндей тым үлкен емес, шағын әрі қолайлы ілінген жарнама көбінесе өзбек тілінде, кей жерлерде ағылшын тілінде. Орысша біздегідей бірде-бір жарнама жоқ. Қаланың іші солай әріптері латынша, тәуелсіздік алысымен бірден латын алфавитіне көшіпті. Автомобиль транспортына келетін болсақ, 90 пайызы өздері өндірген «Шевроле» автомашинасын жергілікті өндірісті қолдау үшін шетелден алмай, өздері өндіретін машинамен жүреді. 2013-ші жылы жас келуіне байланысты зейнеткерлікке шықтым. Қызмет істеп жүрген кезімде шет елдерді көріп, араласса ғой деп жүретінмін. Бірақ қызмет бар, жанұя, бала-шаға бар дегендей ешқайда шыға алмай жүретінмін. Зейнеткерлікке шыққан соң, сол кездегі ойларым іске асатындай болды, балалар өз бетімен күн көре бастады, тіпті маған көмек көрсете бастады. Содан осы 7-8 жыл ішінде бірнеше шет елге, жұбайым Гүлсара

екеуіміз бардық, атап айтсақ Дубайға, Лондонға, Тбилиси, Турция, Қытайға, Өзбекстанға, Оңтүстік Кореяға, Жапония. Дубай мен Лонданға, Турцияға бірнеше рет бардық, өйткені онда үлкен балам Ермек тұрды. Қытайға, Оңтүстік Кореяға емде-луге 2-3 рет бардық, ондағы қазақтармен танысып шақыры-сып жүрдік. Әрине әр мемлекеттің өзінің ерекшеліктері бар, бірақ біз үшін соның бәрі жаңалық, кейбіреулері таңқала-рлық жағдайларда боласың. Бұл мемлекеттерде көбінесе демалуға не болмаса санаториларына жатуға баратынбыз, барып қайтқан сайын ерекше бір сезімге бөленіп, көңіліміз марқайып, жасарып қалғандай қуанышты сезімге бөленеді екенсін.

Достарға іздеу салу

1974 жылы Целиноград құрылыс техникумын бітірдім, сонда оқып жүргенде бір бөлмеде жатып, бір тілім нанды бөліп жеген екі досым болды. Бірі Есілбай Степногорск қаласының жанында Бөгенбай ауылында тұратын, екіншісі Шаймерден Жамбыл облысы Меркі ауданында тұратын. Оқу бітірген соң, үшеуіміз өз елдерімізге кеттік, екі - үш жылдай хат жазысып тұрдық, содан хабар үзілді, әрқайсымыздың өз мәселелеріміз шыға бастады. Үйлендік, балашаға, жұмыс дегендей, бірақ мен оларды ұмытпадым, бір көргім келетін. Содан 2013 жылы зейнеткерлікке шыққан соң, соларды іздейін дедім, әйтеуір тұратын жерлерін білемін. Бірінші Степногорскіге бардым, өз машинама бар еді, сұрастырып едім, фамилиясы Оспанов болатын. Оспанов деген кісі таяуда қайтыс болды деді, сонда да үйіне барып құран оқиын деп әрі қарай іздедім. Сөйтсе Бөгенбайдан Советский деген ауылға көшіп кетіпті, сонда да іздеп бардым. Есік алдында бір кісі жүр, Есілбайға ұқсайды, Есілбайдың шашы қап-қара, бұйра болатын, мына кісінің басы аппақ, тақырлау. Жанына жақындадым, ол маған

жақтырмай қарады да, машинасына бұрылды, мен айттым: «Есілбайдын үйі осы ма?», - деп, ол маған бұрылды да, «-Не керек?», - деді, мен қайталадым, сәл кідіріп тұрды да, бір кезде ойына бірдеңе түскендей маған тесіле қарады да, «Сен Ғабдұл емессің бе?», - деді. Мен иә дедім, содан бас салып, құшақтасып жатырмыз, ол бала сияқты мәз болып, әйелі Мұслиманы шақырып, жолдастарына звандап, мәз болып жатыр. Қорадан бір қойды алып шығып, бата жаса деп жүгірді, есі шығып жүр. Содан бір-екі күн қонып, ол енді Шаймерденді тап деп, маған тапсырма берді. Келесі жылы Шаймерденді іздеуге шықтым. Меркі ауданының жаңында Меркі санаторийі бар, соған Гүлсара екеуіміз путевка алып, сонда тарттық. Ойымыз, санаторийдің қызметкерлері сол жердің кісілерінен сұраймыз деп. Санаторийға орналасқан соң Шаймерден деген кісіні сұрастыра бастадық. Көбісі Шаймерден дегенді білмейді, мүмкін Шәкен шығар дейді. Шәймерден Қазақ Диқан ауылында тұрады деймін, бұлар айтады «ол ауылда Шәкен деген кісі сіздің жобаңызға ұқсайды, мүмкін сол шығар» дейді. Не болса да соған барайық деп, такси алып бардық. Үйге кіріп, Шәймерден үйі осы ма деп сұрадық. Осы дейді. Мен шығып кетіп таксиден нәрсені түсіре бастадым, осы кезде бір кісі жанымызға келіп, «Кімсіңдер, мені неге іздедіңдер?» деді. Мен таныдым, бірақ үндемедім, ол қайта сұрады, танымай тұр, сол кезде Гүлсара шыдамай, сіз Целиноградта оқыдыңыз ба деді, ол кісі маған жалт қарады да, сен Ғабдұл емессің бе деді, содан ал құшақтас та кел құшақтас. Сөйтіп 38 жылдан кейін, екі досты өзім таптым, бұл оқиғалар 2013 жылдары болатын.



«Арпа ішіндегі бір бидай!».

Қам-қаракеті мен қызығы мол жастық шақтың шуақты күндерін бірге өткізген, қалтарысы мен бұралаңы көп, шеті мен шегі көз жетпестей көрінген жұмыстардың қыр-сырына бірге бойласқан азаматтардың ішінде Алимов Ғабдұлсағатта болды. Мен Ғабдұлсағатты 40 жылдан аса (1977 жылы Ульянов ауданына көшіп келге-нінен бері) білемін.

Ауданға келісімен әр салада қызымет істеді. Ет-сүйек-үн зауытында бас инженер, автожол кәсіпорнында прораб, Красный октябрь, Энгельс атындағы совхоздарда бас есебші жұмыстарын атқарды. Осы кездерде Ғабдұлсағатты кішпейіл, тәртіпті, еңбекқор, өз жұмысына деген жауапкершілігі мол маман деп таныдық. Бір ғана білімділік пен білгірлік қана емес, кәсібилік деңгейі мен адамгершілік қасиеттері жоғары азамат ретінде өзін көрсете білді. Өз ойын дұрыс және дәлелді түрде баяндап, сөйлеп отырған адамның сөзін бұзбай, әңгімелесушіге ізгі ниеттілікпен құрмет білдірді.

Адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген сенімділік қалыптасты. Осындай «Арпа ішіндегі бір бидай» секілді қолынан іс келетін, жұмыс істей алатын адамдар қашанда елдің көз алдында жүреді ғой. 1995 жылы мен ауданның әкімі болып жұмыс істеп жүрген кезде, жоғарыда айтылғанның бәрін ойластыр отырып, Ғабдұлсағатты аудандың қаржы бөлімінің менгерушісі ретінде тағайындадық. Ол тап қиын кез еді. Экономика үлдіреп,

бюджетті толтыру, қаржы көзін табу оңай болған жоқ. Сол қиын уақытта Ғабдұлсағат бюджеттен қаржыланатын мекемелерге қажетті көмек қрсетуге тырысып, жұмысын ойдағыдай атқарды. Аудандық қаржы бөлімінің менгерушісінен кейін аудандық білім бөлімінің бас есебшісі болды, тағыда сол ауданда жауапты қызметтерді атқарды.

Ғабдұлсағаттың көп жыл сіңірген ерен еңбегі бағаланып « Бұқржырау ауданының Құрметті азаматы » деген атақ берілді. Өз ісінің майталман шебері деп осындай адамдарды айтса керек. Ғабдұлсағат бауырымыз бүгінгі күні зейнет жасында. Ара-тұра онымен кездесіп қалғанда оған деген құрметіміз арта түседі.

3. Балапанов, Бұқар жырау ауданының бұрынғы әкімі

Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші шақырылымының депутаты

Өз ісінің шебері.

Бір елдің, бір жердің азаматтары болғандықтан мен Ғабдұлсағатты ертеден білетінмін, сәлеміміз түзу болатын.

Ал енді аса жақын танысып, білісуіміз 1995 жылы Ғабдұлсағат аудандық қаржы бөліміне басшы болып келгенде басталды. Мен ол кезде аудандық білім бөлімінің кәсіподақ комитетінің төрағасы едім. Ол кезде қаржы жағы бюджетте аса тапшы болып, мұғалімдер 4-5 ай еңбек ақысын ала алмай жүретін. Сонда мен білім бөлімінің басшысы Баян Кәкеновпен бірнеше мәрте Ғабдұлсағатқа барып, мұғалімдердің еңбек ақысын беру мәселесін ақылдасатынбыз. Сонда Ғабдұлсағат қолынан келгенше істі шешуге тырысатын. Кейде еңбек ақыны ақшамен, кейде кәсіпкерлермен сөйлесіп, товардай беріп жүрдік. Кейін екі аудан қосылған соң, Ғабекен қысқарту бойынша білім бөліміне бас есепші болып келді. Бұл жұмыста да іскерлігін, есеп-

қисап жағынан білімді маман екендігін көрсете білді. Екі аудан қосылған соң, мектептің саны да көбейіп орталықтандырылған бухгалтерия құру керек болды. Бұл іс Ғабдұлсағаттың тікелей басшылығымен өтті. Есеп-қисапты жөніне келтірген соң, Ғабдұл басқа жұмыстарға да араласа бастады. Әсіресе мектепті жөндеу жұмыстарына, балаларға бөлінетін тегін тамақ ісін де жөнге қоюға атсалысты, іскерлігін, басқару қабілеттілігін көрсете білді. Ғабдұлсағатпен қатарласа тығыз қызмет істей жүріп, басқаларда кездесе бермейтін бір қасиетін таныдым, жауапкершілікті ешқашан да басқа біреуге аудармайтын, тіпті қателік кетсе де өзі мойнына алатын, оның үстіне ешқашан қарамағындағы қызметкерлеріне айғайлап, намысына тиіп төмендетпейтін. Қайта оларды жоғары жақтан келген тексерушілерден, әкімдіктің қызметкерлерінен қорғап, қате іс болса өзі жауап беретін. Сол үшін бірнеше рет жоғары жақпен ренжісіп, қызметтен шығып қалған күндері де болды. Бірақ ісі таза болғандықтан, қайта орнына қойылатын. Соның арқасында білім бөлімінде 16 жыл қызмет атқарып, абыроймен зейнеткерлікке шықты. Еңбегі бағаланып бірнеше рет грамотамен марапатталды. Ауданымыздың «Құрметті азаматы» атағына ие болды. Ғабдұлсағатқа мол денсаулық, балаларының, немерелерінің қызығын көріп жүре беруіне тілектеспін.

Ш.Сатиев. Кәсіподақ комитетінің бұрынғы төрағасы

Өзім жайлы толғаймын

*Қанымда бар қайырымды іс жасау,
Өмір деген сонысымен зажап-ау.
Балаларым да жомарттыққа жоқ емес,
Ұят емес не жақсылыққа жарамау.
Ардагерлер, аналар мен балалар,
Осылар зой бақытты болып саналар.
Бәріне де қолдан келген көмекті,*

*Жасай берем болса егер бағалар!
Алланың үйі мешітке де қамқормын,
Жақсылықтың бәріне көңілім шын.
Алланың да аманатына әділ болып,
Жақсылық жасап, жайдары өмір сүремін!
Таныстырып өтейін тегімізді,
Туған жерім Баянауыл ауылында.
Балалығымды өткіздім бауырында,
Әлімов Ғабдұлсағат мен боламын.
Иіліп сәлем берем қауымыма,
Жан жарым, үш балам – бақытым!
Жеті немере, екі жеуен, бір шөберем,
Осындай отбасым бар, шырақ жаққан!
Бақытымды баянды етсін бір Тәңірім,
Тұңғышым Ермекжаным Москвадан,
Білім алды оқыды талаптана.
Примьер-министрге кеңесші боп,
Қызметтер атқарды әр салада.
Әсемім, қызым менің, қызыл гүлім,
Екі ұлға ана болды ерке күнім.
Қаржы директоры қызметінде,
Абыройлы еңбекте жүр зой міне.
Шаңырақтың иесі Айдын балам,
Ген директор қызметінде жүр есен-алан.
Үш баламда жоғары білім алып,
Абыройлы қызметтерде бағы жанған.
Күйеу балам Аманым, қос келінім,
Гүлмира мен Әсемжан қос қанатым!
Теңін тапқан балаларыма ризамын,
Бақытты қылып атасы мен апасын!*

Игі ісі – ел есінде

2011 жылы Бұқар жырау ауданына әкім болып тағайындалғанда, мекеме басшыларын шақырып, жиналыс өткіздім. Сонда аудандық білім бөлімінен Ғабдұлсағат келді. «Сіз бастықсызба?» - десем, «Жоқ, мен бас есепшімін, бірақ бастық үшін жауап бере аламын»- деді. Сонда сол басшылардан Ғабекеннің берген жауабы мені қанағаттандырды. Білім бөліміне аудандық бюджеттің 50% шығыны жұмсалатын ең ірі мекеме болғандықтан, оған әкімдік көп көңіл бөлетін. Сондықтанда оларға қойылатын сұрақта көп болатын. Сонда Ғабекен мен бас есепшімін деп отыра бермей, әр салаға кірісіп, басқарып жүретін. Мемлекеттік тендер, құрылыс, күрделі, ағымды жөндеу тағы да басқа шаруашылық мәселелерін басшымен бірге шешетін. Оның үстіне, тікелей міндеті салық жүйесі, банк, ревизия, бәрі еш қиындықсыз, айғай-шусыз өтіп, не әкімдікке, не білім бөліміне жаман ат келмейтін.

Осынша жұмысты абыроймен атқару Ғабекеннің жанды-жақты кәсіби деңгейі жоғары, білімді азамат екендігінің арқасы, онын үстіне адамгершілік қасиеті мол, тәртіпті, еңбекқорлығы зор екендігінде деп білемін.

Ал енді тақырыпты «сегіз қырлы бір сырлы» деп атауыма себеп болып отырғандығым, ол тек қана бюджет қызметкері емес, бизнес саласында да көп табысқа жеткен азамат.

Ғабекен - ақсақал Баянауыл ауданына және барлық Қарағанды облысына белгілі азамат

Халқына сыйлы, өр еліне елеулі. Еңбекқорлығы және іскерлігі, өмірдің қызығы-шыжығында өте білетіндігі - казіргы жастарға үлгі ретінде. Қиындықтан қорықпайтын және де қаймықпайтын ағамыз.

Ауданда орталықтандырылған монша, қонақ үй салып, жұмыс жүргізіп отырды. Бірнеше адамды жұмыс орнымен

қамтамасыз етті. Сонымен қатар, қайырымдылық ісімен де айналысып, аудандық мешітке бірнеше рет көмек көрсетті. Аз қамтылған отбасыларын, кем-кетік адамдарды, ардагерлерді моншаға тегін кіргізетін. 2018 жылы Бұқар-жырау бабамыздың тойында үлкен спонсорлық көмек көрсетті.

Сонымен қатар үлгілі отбасының отағасы. Жұбайы Гүлсара екеуі 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Ермек ірі қызметтерде істеп, қазір Англияда тұрады. Екінші ұлы Айдын менің орынбасарым болып қызмет атқарды. Айдынның бойынан әкесінің жақсы қасиеттерін көрдім. Қызметте өте алғыр, іскер, білімді, жауапкершілігі мол. Соған сеніп оған жауапты істерді тапсыратынмын. Бәрінде абыроймен атқарып жүрді.

Осындай үлгілі отбасының отағасы, жанды-жақты, білімді, үздік қызметкер, әрі ауданға тигізген мол шарапаттарын ескере отырып, аудандық маслихатқа ол кісіге Бұқар жырау ауданының «Құрметті азаматы» атағын беруді ұсындым. Маслихат бір ауыздан қабылдап, Алимов Ғабдұлсағатқа «Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы» атағын беруге шешім қабылдады.

Бүгінде Ғабдұлсағат ағамыз зейнеткер. Бірақ еңбектен қалғысы келмей, қолынан келген жұмысын атқарып жүр. Ол кісіге зор денсаулық, балаларынан мол бақыт көре берсін деп тілейміз.

Ғабекен ағамыз өнегелі еңбек жасады, адал несібесі алдынан шықты, берекенің сырын жанымен ұққан мерейі өсіп, мәртебесі биіктей берді, жүрегі кең, ықыласы ыстық іні-бауырларының ақ тілегіне кенеле берсін.

Ш.Мамалинов. Бұқар жырау ауданының әкімі

Білікті басшы

Сартөбе орта мектебінде мұғалім, кейінен директор қызметінде 35 жыл еңбек еттім. Сол уақыт ішінде Бұқар Жырау аудандық білім бөлемінде бірнеше басшылар ауысты.

Өзіннің әртүрлі қабілетімен, қызметтес адамдармен қарым қатынас жасау мінездерімен әр адам әртүрлі із қалдырады. Солардың ішінде Ғабдулсағат Алимович қарапайымдылығымен, білімділігімен маған ерекше көрінетін.

1997 жылы екі аудан қосылып. Жоғары жақтың шешімімен, біздің аудандық білім бөліміне жаңа басшылар Макаров Мереке Ескендирович-меңгеруші, Алимов Ғабдулсағат-бас есепші болып келді. Ол бір қиындау кез еді. Бюджеттің тапшылығынан мұғалімдер 4-5 ай еңбек ақы ала алмай жүретін. Оқу құралдары жетіспей, көмір жетпей бір қиын шақ болатын. Содан көмек сұрап, аудандық білім бөліміне жиі баратынбыз. Ғабдул Алимовичтің іскерлігі сонда таныла бастады. Ол өзі мен бас есепшімін басқада жұмысым жоқ деп отырмайтын, әр нәрсеге кірісіп кететін. Әсіресе мектептерді жөндеу жұмыстарында белсене ат салысып жүретін. Жылу қазандықтарын айырбастау, басқада жұмыстарда өзінің іскерлігін көрсететін. Еңбек ақы ала алмай жатқан мұғалімдерге жоғары жаққа өзі шығып, комерсанттармен сөйлесіп, азық-түлік алып беретін. Ақшасы жоқ адамдарға ол көп көмек болатын. Мектептерге жиі шығып, мұң-мұқтаждарымызды сұрап, шамасы келгенше көмек көрсететін. Біздің Сартөбе мектебі бұрынғы үлгімен салынған бір қабатты ескі үй болатын. Кейін жағдай түзеліп, бюджетте қаражат пайда бола бастағанда, мектебімізді жаңартып спорт залын салуға Алимовичтің еңбегі зор болды. Ол аудандық маслихатқа шығып, біздің мектепті жөндеу қажеттігін дәлелдеп

жеткілікті қаражат бөлінуіне үлкен себебін тигізді. Осылай істеу ол кісінің аудан басшылары арасында беделі болуында. Аудан басшылары ғана емес. Аудандық білім бөлімінде де беделі жоғары болды. Осындай білгірлік адами қасиеттері жоғары болғандықтан, әрі аудандағы көп жылғы еңбегінің арқасында, ол кісі Бұқаржырау ауданының құрметті азаматы атағына ие болды. Өз басым ол кісіні әрқашанда үлгі тұтамын. Бүгінде шөбере сүйіп отырған зейнет жасындағы ағамыз әрі жанашырымыз Габдулсағат Алимовичке зор денсаулық, бала, немере, шөбере қызықтарын көріп, Гүлсара жеңгеміз екеуіне зор денсаулық, мол бақыт тілеп, өзінің адами тұлғасы көз алдымызда үлкен бәйтерек болып, жүре беруіне тілектеспін.

**Бұрынғы Сартөбе мектебінің директоры Әмирбеков
Нұртай**

«Ағасы бардың жағасы бар»

1991 жылы Одақ ыдырап, ауыл шаруашылығы жекешелендіруге көшкен соң, қолынан келгендері шаруа қожалықтарын ашып, бөліне бастады. Мен ол кезде Шилі бөлімшесінде мал дәрігері болып істейтінмін. Шаруашылық тараған соң, бәріміз жұмыссыз қалдық. Көбі қалаға көшіп, сауда жасап, арба сүйреп, көшір болып (таксис) т.б. жұмыстар тауып, күндерін көре бастады. Ағам Габдулсағат аудан басынан (Ботақара) үш бөлмелі үй сатып әперіп, мені сонда көшірді, жұмыс та тауып берді. Мекемелер жабылып, қысқартулар болып, сол кезде жұмыс табу өте қиын болатын. Габдулсағат аудан ішіндегі беделі мен қызметінің арқасында жалғыз маған емес, бар туыстарына көп қамқорлық жасады. Сол кезде оқу бітіріп, жұмыс таба алмай отырған қыздарым Жәния, Әлия, Әселді де қызыметке орналастырды. Қарын-дастары Қымбат, Бақытта істеп

жүрген қызыметтерінен қысқарып, үйде отырып қалған. Оларды да мектепке лаборант қылып орналастырды. Күйеу баламыз Байданға өзінің жүргізіп отырған дүкенін беріп, саудасын жүргізуге үлкен ықпал жасады. Жанұя үлкен, көмегі болады деп маған москвич 412 автокөлігін әперді. Баласы Ермектің арқасында Сауд Аравиясындағы Меккеге барып, Алла алдындағы бір парызымды өтеп келдім. Екінші ұлы Айдын Қарағанды көмір компаниясының бас директоры болып қызымет істеп жүргенде, аудан басындағы бар туыстарын тегін көмірмен қамтамасыз етіп отырды. Әкелі-балалы ағамыздың жанұя-сының қиын-қыстау кезде бауырларына жасаған қамқор-лығы ешқашан ұмытылмайды. Балаларын оқытып, үлкен қызыметте істеп жүрген осындай бақытты отбасына бұдан да үлкен табыстарға жетіп, жеңгем Гүлсара екеуіне зор денсаулық тілеп, балаларының қызықтарын одан әрі көре берсін деп тілеймін.

Інісі Болат

Астана. Елорда сапары сәтімен ерекшелінді

06.09.2022. сағат 10-да тұңғыш ұлым Нұрланның темір тұлпарымен жұбайым Сәуле үшеуіміз Қарағанды қаласынан Астана шаһарына жол тарттық. Себеп – осы күннің түскі уағы, сағат 14-ке Ғабдұлсағат үйіне бізді қонаққа шақырды. Сағат 13,10-да шаһар шекарасын қиып, Ғабдұлсағатқа қалта телефоны арқылы хабарласып, Сәуле екеуімізді алып кетуін одан өтіндім. Ол артық сөзге келмей, «13,30-да келіп, алып кетемін» деді, қуанышты көңіл-күйінде. Айтқанын дәлмедәл орындап, уақыт 14:00-де Ғабдұлсағаттың табалдырығын дұғай сәлемімізді бере аттап, шұрқырай да, құшақтаса да, сүйісе де аман-саулық сұрасып, төргі бөлмеге жылжыдық.

Осы тұста айта кетейін – Ғабдұлсағат екеуіміз сыныптас доспыз. Семізбұғы мектебінің бір партасында қатар отырған

шәкірттерміз. Туған жер, абройлы ел, балалық шақ қашан да ыстық қой ыстық – сағыныштың сәулелерін сүйсіндіреді.

Шаһар шырайына таңданып, үй дизайнына таңырқап, қонақжайлылыққа тамсанып, дүние шіркін ғажабын бірінші рет көрген кісі сынды, көктемгі күндей күлімдіп қалыстық!

Бір жағынан алып қарағанда, өмір-өзен қоштасуымен де, қауышуымен де қызғылықты, қайраны мол, сайраны көп. Екі адамның ара-қатынасы осы екеуінен тұрады – байқамай, бейқамдықпенен жоғалту мен ойламаған жерде, бір уақытта табысу. Ойланып қарасам – Ғабдұлсағат ұзақ жылдар бойы хабарсыз кетіп, жуық жерден тауып алу өте қиынға соғатын дос-жарандарды іздеуде таптырмайтын маман тәрізді, құтты бір көріпкел кісідей – жоғалтқанын таппай қоймайды. Бұған бір ғана мысал: Арғын мен Төле аталарымыздың зиратын іздеп, сонау өзбек жеріне барып, олардың рухына, дұға дәм-еткен мұсылмандардың рухына арнап, құран түсіріп, қазақ топырағына, аброй-кішіпейілдікпен қайтып оралды.

Іздейді дегеннен шығады. Ғабдұлсағат дос-жарандарды ғана іздеп қоймайды, ол бүкіл-бүкіл дүние жүзінен қазақты іздейді, адамзаттың асылдарын іздейді, бүкіл-бүкіл әлемдік тарихтың шындығын іздейді. Бабаларының зираттарына тәу етіп, қазақ шежіресіне кірген де, кірмеген де, тарихы терең дарын-даналарды, әулие-әмиілерді, ғұлама пайғамбарларды іздейді. Бұл қасиет Ғабдұлсағаттың немерелері мен шөбере есімдерінен де ап-анық байқалады, көзге түседі, ой-зереге де орала береді, орала береді, орала береді. Ғабдұлсағаттай адам, Лұқпан һәкім тәрізді мың жасайды – өз ұрпақтарымен де, ардақты халқымен де, ар-ұжданды іздемпаздығымен де!

Шақырылған қонақтар сау етіп, дәлме-дәлдік уақытында бір адамдай келіп, әдемі уағында «Рахмет және де хошын» айтысып бір кісі секілді кетіп қалды. Үздік-создық, әрі тарт-бері тарт болған жоқ. Қонақтар – құдалар! Қазақта «Құданы Құдайдай күт» деген құнды сөз де бар. Қонақтардың асты-үстіне түсіп күту сондай сәулетті болды – отырыс орынды

да, озық үлгіде өтті. Гүлсара да, Ғабдұлдың келіні Гүлмира да, жалғыз қызы Әсем де зыр жүгіріп, құрақ ұшып, қымбат қонақтарды бар ықылас-ілттипаттарымен, шынайы жүрекпен күтті. Құда-құдағилардың құнды-құнды сөз саптаулары мен тәлім-тәрбиеге толымды әңгімелері стол басындағыларды тәнтілеп, ой-өрістерін қазақтың түрлі-түсті ою-өрегіндей өркендетті. Серік пен Айдынның қазақы мәтінді орамдары, орынды дастандары ұлттық ізгілікті ұлықтады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тұжырымды аталар осындайда шегелеп тұрып айтқан ғой, әрине.

Жерімізде мынандай пәпсір бар: «Көп жасағаннан емес, көп жүріп, көпті көргеннен сұра. Сол біледі көпті – жақсыны да, жаманды да, ақты да, қараны да». Ғабдұлсағаттың жасы осы кезде 73-те! Бұқар жырау бабамыз 113 жас жасаған, әрине, бұл адамзат ғұмыры ұзақтықтығының шегі емес қой. Адамзаттың биологиялық ғұмыр ұзындығы тым әріректе жасырынған-ау. Ғабдұлсағат та, оның әулеті де, өзіміздің қазағымыз да, бар адамзат та, жасаған үстіне жасай берсін! Сондықтан да, жақсы әңгімелердің жарасуына Ғабдұлсағат білімі мен ілттипаты зор ықпалын тигізді. Бұл жерде өзбек ағайындардың тілге, ділге, дінге деген ұлық көзқарастары мен озық мәдениеті сөзге сүбелілік силатап, қазақ елінің бүгінгі қал-жағдайымен өзара салыстырылды. Кей тұстарда әттегенайлар да орынды айтылды. Мысалы өзбек ағайындар да, сол мемлекетте тұратын өзге ұлт өкілдері де, тек қана өзбек тілінде сөйлесіп, өз елінде ғана шығарылаты автокөліктерді мінеді екен. Ал бізде? Қазақтың екі шалы да бір-бірімен білгішсініп, орыс тілінде шүлдірлесіп тұрады. Оны байқаған ұрпақ оңа ма? Әрине жоқ. Ал көлікке келсек – тақымдағанымыз неше түрлі шеттен келген, тозығы жеткені де, жаңада ғана конвейірден шыққаны да бар ғой. Еліктеуге келгенде ешбір ұлтқа жол бермейміз, әрқашанда алдыңғы орын біздікі. Енді бір ойланып-толғанып көріңіз. Қай

мемлекеттің рухы мен экономикасы жоғарырақ сатыда? Қай мемлекеттің рухы мен экономикасы төменірек деңгейде? Өз рухын, өз экономикасын өзгеден жоғары қойа білген асқақ ел басы мен саналы ұлт, тау шыңында жеңістің көк жалауын желбірете береді!

Бұл жерде өте өзекті мәселе қозғалып отыр. Елдік салт-санадан, халықтық әдет-ғұрыптан жұрдай өскіннің қылтиуы мемлекетті жақсылыққа жеткізбейді. Тілсіз, ділсіз, тіптен, дінсіз мемлекет өлмейтін мемлекет бола алмайды.

Осы тұста, көпті көзіммен көрген қария ретінде, мына жәйітті ескертейін. Мүйізі қарағайдай жазушы ма, ақын ба, көпке танымал ғалым ба, әйтеуір олар да қазақ санатында, орыс тілінде ғана үнін қатады, ал олардан туған балалар, ұрпақтар ана тіліне, қазақ тіліне пысқырып та қарамайды, қайран да қайран баба тілін, өте бай да, аса қасиетті ұлттық ұлық тілді менсінбейді – ол туралы білгісі де келмейді. Сол сабаздар ел-жұртқа бағдар сілтеп, ақыл айтады, жоғары оқу орындарында дәріс оқып, тәрбие жұмысын жүргізеді. Солар үшін мен қатты қиналамын, үрке ұяламын. Мұндайлар орта Азия мемлекеттерінен үлгі-өнеге алғандары дұрыс болмақ, тереңнен ойға шомғандары ләзімдік. Мұндайларға а десең, олар «б» дейді. Бар десең, «жоқ» дейді. Ұлттық рухы, ұлттық жаны, ұлттық намысы жоқ жан иелері қоғамға қауіп төндіреді, ұлттық сана мен ұлттық өнерді, ұлттық жалпы мәдениетті керіге есектей тартып, әлем халықтары алдында арзандық күлкі мен арсыздық мазақ тепкісін тудырады.

Әрине көптің көзіне топырақ шашпаймын, арда халыққа кінәнің батпандай ап-ауыр жүгін артпаймын. Халықтың сөзі Құдай сөзіне жақынырақ жатады. Сондықтан, халықтың сөзі мен тілегінен бірде-бір адам әрі кете алмайды. Халық айтты – заң! Айтайын дегенімді барлық кісі менен артық біледі. Отанымызда мықты-мықты мамандар да, ғаламдық-ғұлама ғалымдар да, далалық дарынды даналар да болуы керек. Сондай сом тұлғалар болса, мемлекетімізде үздік

техника мен технология, өнім мен өндіріс алыптары, сонымен қатар, дүниежүзілік рынок төрінде жарық жұлдыздай жарқырай алатын соңғы нәтиже гауһарланып, бүкіл әлемнің қырақты көзіне түсуі керек. Халық байлығы, шикізатты, шет елдеге есепсіз төгу сұмдықтың сұмдығы саналады, ал жерді сату ананды сатумен тең, сондай-ақ, ұлттық қазақ тілін техника, тарих, әдебиет тілдеріне, тереңірек айтқанда поэзия-періште тіліне келтіре алмау дегеніңіз, ұяттың ұяты, дәрменсіздіктің дәрменсіздігі! Мысалы кімді жаныма тартсам да, нені сатып алсам да екеуін қажетіме жаратамын. Ағаштың да, малдың да, адамның да, еркек-ұрғашысы болады. Егіздік дегеніміз осы! Неге? Құдайдан өзге екеуден тұрады: еркек-ұрғашы; жан азығы – техника-технология-экономика, рух азығы – ілім-білім-өнер. Сондықтан, экономикасыз ел ел болмайды, ал өнерсіз мемлекет мемлекеттіктің ең биік шыңына еш уақытта да көтеріле алмайды...

Діліңді біл:

Рухани танымымыз – тәңірге табыну, аруақты сыйлау. Дініміз – Ислам. Тәңірлік Таным, дін Ислам – ұлттық Діл негізі. Ұлттық діл бес ұстанымнан тұрады: тіл, ғылым, өнер, кәсіп, әдет-ғұрып-салт-дәстүр. Діл – тіліміздің қасиетіменен тығыз байланыста. Ана тіліміз – құдіретіміз, қорғаушымыз, халықтық келбетіміз, ұлттық болмысымыз. Ана тіліне уызынан жарыған ұрпақ – бабаларымыздан жалғасқан мұра – тарихымыздың тереңіне үңіледі, теңдесі жоқ әдебиетіміздің таңғажайып сырлы әлеміне жол тартады, дақ түспеген, кір шалмаған – саф-алтын өнеріне сүйсінеді, ата-баба аруағын сыйлайды, олардың өшпес өнегесіне тағызым етеді, таным-тағылымдық, философиялық тұжырымдарға негізделген салт-сана дәстүрлерін меңгереді, ұлтымыздың намысын, арын қорғай біледі, ғылымын өрістетеді, кәсібін

өркендетеді, елі мен жерін жанынан да артық көреді, көзінің қарашығындай Отанын сақтайды, үлкен әріпті патриот болады. Ана тіліміз – ұлттық идея мен идеологияның мызғымастай тұғыры!

Ділімізді сақтайтын бес дүние:

1. Тәңірге табыну, мұсылман болу, аруақты ұмытпау.
2. Өзін-өзі тану арқылы Тәңірді тану, он сегіз мың ғаламды ғылыми тұрғыда игеру, бүкіл әлемді тану.
3. Ұлттық рухты сақтау, жаңғырту, жетілдіру, қорғау. Ел мен жер үшін жанды қию, мұсылмандық парыз-міндеттерді өтеу.
4. Қанағатшылдық арқылы Құдайға шүкіршілік қылу, тектілік қасиеттерді ұрпаққа мирастау.
5. Ұлттық қоғамымыздың барлық игіліктеріне атсалысу, араласу, еңбектену.

Ұрпаққа бес аманат:

1. Рух биіктігінен төмендемеу.
2. Жан тазалығын ұлықтау.
3. Тән тазалығын ұстану.
4. Ақыл-ой деңгейін үнемі жоғарлату.
5. Отан мәселелерін бәрінен де бірінші орынға қою.

Рух, Алладан ғана берілетін, ақиқаттың өзгермейтін, еш нәрсеге тәуелсіз, адамзаттың қабілеттерімен танылатын – абсолют, нұр! Рух діліміз арқылы, сөзіміз арқылы танылады. Сөз сүйектен өтеді. Дана халқымыз сөзің қадір-қасиетін өте жақсы білген. Сөзге тоқтаған! Рух-Діл-Сөз үштігі - рухани танымның алтын кілті.



Астана шаһары, Ғабдүлсағаттың шаңырағы. 07.09.2022.



**Мақсұтхан – Сәуле, Гүлсара – Ғабдүлсағат.
Астана қаласымен қоштасу сәті. 07.09.2022.**



Қолдағы балапан – Дәуіт! Астана қаласы – 07.09.2022.

Ел болашағына немқұрайлы қарамайтын ортада мұндай әңгіме-дүкен көптен-көп көтеріліп тұратыны бар – ол кішігірім ғылыми конференция немесе үлкен симпозиумнен кем емес, оның ішінде атақ-даңқы жер жаратын оқымыстылар болмады демесеңіздер. Мұнда қозғалған ой-зерде толқыны, халықтың ой-талқысынан хабар жеткізетіндей әсерге ие ғой. Толқынды толқын қуады, ойды ой қозғайды – шынайы төл тарих-тас тозбайды, рух-падиша өмірден мезгілсіз мерзімде озбайды дейік. Топырағымыз еш уақытта да тозбасын, жас-жаткіншектер де заманынан бұрынырық өмірден озбасын!

Астананың орталығы сәулетті, Ғабдұлсағаттың үй-жайы сымбатты, қонақтар инабатты болғаны мен үшін байрақты білімнің, толағай тәрбиенің, ерлікке толы еңбектің алтынсандық қоймасының орасан зор байлығын білдіріп, бір мәрте жадыратып, мың мәрте жасатып, жұлдызды жақсылықтың көп жарығын толған ай сынды сезіндім. «Жақсы сөз, жарым ырыс» деген аталы түсінік осы екен ғой. Сәре шыққан қазақ жылқысының қазы-қартасы мен көктемгі семіз биенің жуас қымызы қандай бал-шекер-дәмді

болса, мол дастарханның дарханында айтылған сүбелі сөздер, ортаға тасталған ойлар, таза қазақия салт-дәстүрдің, ұлттық әдет-ғұрыптың тұзқұрт қосылған, қою сорпасындай құнар-қайратымен қонақтарды тәнті етті.

«Жақсы отбасына жақсы келінді Жаратқанымыздың өзі силайды», - деген терең мағыналы тәпсір қазақ халқында бар ғой. Бұл жерде жақсы отбасы дегенім: өте жақсы ата - Ғабдұлсағат, өте жақсы ене – Гүлсара! Яғни, жақсы ата-енеге жақсы келін өте жақсы көңіл-күйімен, жақсы мінез-құлқымен, жақсы іс-әрекетімен, жақсы тәлім-тәрбиесімен, ұзын сөздің қысқасы – асқақты аңсар-арманымен келері хаһ.

Астана шаһарының Есіл ауданындағы, Мәңгілік ел 48/26 пәтерін элиталықтың, әсемдіктің өте үздік үлгісіне келтіру жұмысында қомақты үлес қосқан қос келін – Гүлмира мен Әсем. Мұндағы ерекше көз тартатын һақтан жеті тәбірік:

- ✓ «Қазақы салт-сана» топтамасы – жеті ата шежіресі, қамшы, қанжар, қылыш, дуылға, қалқан, домбыра.
- ✓ Дүниежүзілік, ұлттық деңгейде жазылған кітаптар сөресі – қарапайымдылықтан бастап ғұламалыққа дейінгі тәлім-тәрбиені, ғибрат-ғалқияны, білім-ғылымды, ізгілік-ілімді адамзатқа паш етеді.
- ✓ Қазақтың киелі даласы – Сарыарқаның жылы самалы, Арқаның ардақты адамдары – көңілді көтере-ді, сезім сүмбілесін селдетеді, Елге деген, Отанға деген асқақ махаббатты мазмұндайды.
- ✓ Терезеден үй ішіне құйылған күннің нұр-сәулелері – нұрлы қылығымен, сәулелі әрекетімен өмір-ғұмырға деген құштарлықты байытқан үстіне байытып, келер ұрпақтарға жұлдызды жолды көрсетеді.
- ✓ Терезелерден көрінетін төрт құбыла – қазақ жерінің кеңдігін байқатады, заңғар тауларын асқақтатады, шалқар-көлдерін жарқыратады, гүл-шоқтарын құлпыртады.

- ✓ Балконға шығып көкке көз жүгірткенде – бұлтсыз аспанда, самалды желмен жұптаса желбіреген көк ту жігерді жанып, намысты оятып, рух найзағайын ойнатады.
- ✓ Мол дастархан, зор ықылас, нар бата – адамдарды дархандыққа, бірлікке, ізгілікке шақырып, шексіз арманның шашуын жинай беруге елді шақырады, жұмылдырады, ұйымдастырады.

Осы тұста «Нар бата» дегеннен байқалатын таңқаларлық бір оқиға, терезе тықылдатады. Елге мақтанғандай көрінуім мүмкін ғой, бірақта бұл бұйымтайды айтуға тура келіп тұр. Халқыма өте ризамын, зор рахмет, көптеген жиын-тойларға шақырып, жастық кезімнен бастап, бүгінгі қарттық күніме дейін қақ төрге отырғызып, аса сыйлы адам ретінде бата сұрайтындар, Жаратқанға шүкір, бар. Ғабдұлсағаттың мол дастарханында да, Құдай Тағалаға қолшылық жасалып, қол жайылып, асқа бата берілді.

Орындарымыздан тұруға ыңғайлана бастап едік, үйдің тұңғыш келіні Гүлмира: «Мақсұтхан ата, Дәуіттің аузына түкіріп, батаңызды беріңіз», - деп, иіле дұғай сәлемін салып өтінді. Немере-шөберенің аузына түкіріп, ақ бата беру, менің өмір-ғұмырымда болып көрмеген құбылыс-тын. Азмаздап абыржыған жай-күйім, дастархандастарға байқалып қалды.

Балапан Дәуітке берген тоғыз пара дұғай батам:

Бисмиллаһир-рахманир-рахим!

***Өнері-білімі өрге өрлесін,
Құлашын кеңге сермесін.
Күш және қуаты кернесін,
Жаманнан масақ термесін.***

*Биіктен биікке төрлесін,
Қауіп пен қатер төнбесін.
Қиындық атаулыны көрмесін,
Бақыт жұлдыздары сөнбесін.*

*Туғандарына мейірімін төгіп,
Бар халқына жанашыр болсын.
Құбыласына нар түйе шөгіп,
Бақ-дәулеті ұлан-асыр болсын.*

*Абылай ханның ерлігін берсін,
Ақан-Біржанның сал-серілігін берсін.
Абайдың ақындығын дарытып,
Бұқар жыраудың өнер-өрлігін берсін.*

*Көпті көре-көре көсем болсын,
Халқын жақсылыққа бастасын.
Сөйлей-сөйлей, шешен болсын,
Еліне ұранды сөздер тастасын.*

*Талмайтын талап берсін,
Самғайтын қанат берсін.
Жаратқан ұзақ ғұмыр силап,
Мұқалмайтын санат берсін.*

*Құдайым тілектерімді қабылдасын.
Тілдеріміз өзара өрілді, Дәуіт, балам.
Періштелердің құлағына шалынсын,
Жоғарыдағы батамды санаңа салам.*

*Инш Алла, болмасыншы қата,
Дәуіттей дарынға жолдадым бата.
Жастың арманына қосыламын,
Із салып жүргендіктен, болып ата.*

***Тектілігің асыл тастай сақталсын,
Жүректен жолданған бата ақталсын!
Жортқанда жолың тұлпарлы болып,
Шығармашылық үрдісің, жақталсын!***

Дәуіт, Ермек пен Гүлмираның немересі, ал Ғабұлсағат пен Гүлсараның шөбересі. Дәуіт – асыл тегінен болайын деп тұрған, өте ақылды, һәм тартымды, аса сүйкімді бала.

Үй тұрғызған, ұрпақ өрбіткен, ағаш отырғызған, оның ішінде бала, немере, шөбер, ... , сүйген, жерім, елім, асқақ Отаным деп өрелі өмір сүрген, Отаным деп келелі ғұмыр кешкен адамдарда арман бар ма? Ондай адамдар бақытты! Арман көкжиегі – азаймайтын, ортаймайтын, таусылмайтын болмыстың бақ-базарына ұмтылыс.

Өмірде ешнәрсе де, ештеңе де бекерден бекер, тектен-текке болмайды. Барлығының мың бір себебі бар, не жүз бір негізі бар. Бата алу да, бата беру де бекерден-бекер емес.

Осындай уақытта жүрек ілімі адамның жадына оралады. Жүрек ілімі – Жүрек тебіренісі! Жер бетінде тіршілік кешіп жатқан он миллиардтай адамдардың әрқайсысында дүрсілдеп соғып тұрған, өмірдің қайнаған қазаны, таусылмас базары – лүпіл қағып тұрған жүрек!

Арыстандай айбатты, жолбарыстай жалынды, дұшпанына селт етпейтін, батыл да, батыр жүректі Дәуітке Жаратқан иеміз дарытсын.

Сенімі мен серті ұялаған – жүрек! Он сегіз мың ғаламға, ғылымға, өнерге, бар тылсымның сырына құштар – жүрек! Ұрпақтан ұрпаққа, жүректен жүрекке ғасырлар бойы жалғасқан Жүрек ідімінің үзілмейтін алтын қыл-сымы – адамзат балсын дүниетанымға, имандылық пен адамгершіліктің асыл шыңына жетелеп, Алланың қалауымен жалғассын!

Дәуітке Жаратқанымыз ғаламдағы не жақсының бәрін де бұйыртсын! Әумин!

VI БӨЛІМ
ҚАЖЫЛЫҚ

М. Ә. Ә. Ә.



Хантәңірі

Меккеге сапар

Исламның бес тірегінің бірі Аллаһтың қасиетті үйі Қағбаға қажылық жасау болғандықтан, баруға ниет етіп жүретінмін. Ол адамның еркінде емес, қажылық жаса деп Аллаһ өзі шақырады дейді. Сол бір сәтті күн 2022 жылдың 19 қазанында (үйленген күніміз ,1974ж) туды. Астанадағы Ақ мешіт имамы Дәурен деген жігіт Умраға баруға топ жиналып жатыр, барам десеңіз, қосылыңыз деген соң, інім Болатқа, қажылыққа баруға ниет етіп жүретін, хабарласып екеуіміз әлгі топқа қосылып 19 қазанда жолға шықтық. Қазақстанның басқа қалаларынан да барушылар бар екен, бәріміз Алматыда бас қосып, Сауд Арабиясына ұштық. 5 сағаттан соң Жидда қаласына қондық. Уақыт айырмашылығы үш сағат екен. Аэропорттан бізді жіберген Мина тревел фирмасының өкілі Ынтымақ деген жігіт қарсы алып автобуспен сол күні Мекке қаласына жеттік. Қонақ үйге орналасқан соң, бірден ихрам киімін киіп, Қағбаға жаяу бет алдық. Умра жасаудың төрт міндетті амалдары бар екен.

1. Ихрамға кіру.
2. Тауап жасау.
3. Сафа мен Маруа тауының арасында жүру.
4. Шаш алдыру.

Бірінші амалды орындау үшін ихрам киімін кию керек, тағы бірнеше міндеттері бар оның бәрін тізе бермей ақ қояйын. Екінші амалда Қағбаны жеті рет айналу қажет. Қағбаның әр бұрышында айтылатын дұға сүрелерді айтып шамаң жетсе қағбаның іргесіне, қара тасқа және Йемен бұрышына қол тигізіп, сүю қажет жете алмасаң алақаныңды жайып қара тасқа қаратып Аллаһ акбар деп дұға оқып өту керек. Онан соң екі ракат тауап намазын оқиды. Мүмкіндік болса Мақам Ибрагимнің артында тұрып оқу сүннет. Әр амалдан соң зәм зәм суын ішу мустахаб.

Үшінші амал Сағи деп аталады. Тауап және намаздан кейін Сафа төбесіне беттедік. Сафа мен Маруа төбесінің арасы 450 метрдей сол екі араны жеті рет дұға тілектерімізді айтып айналып өтуіміз керек. Бұл міндетті атқарған соң төртінші міндетіміз шаш алдырып, таң ата қонақ үйге келіп құладық.

Аллаһтың жер бетінде ең қасиетті мекені болған Мекке қаласының артықшылықтары көп. Онда Жаратқанға құлшылық қылулары үшін адамдарға арнап тұрғызылған жер бетіндегі алғашқы үй ҚАҒБА. Жер бетінің қай түкпірінде болса да мұсылмандардың аңсары қасиетті ҚАҒБАҒА ауып тұрады. Ибрагимнің (алейхис сәләм) дәуірінен бері Аллаһ үйіне қажылық амалдарын орындау үшін олар дүниенің әр тарапынан ағылады. Оған менің көзім әбден жетті. Біз мешітте намаз оқып отырғанда, Қағбаны айналғанда өмірі көрмеген әр түрлі ұлт өкілдерін көрдік. Европадан, Азиядан, Африканың түкпір түкпірінен келген адамдар, түрлерінің ерекшеліктері айқын көрінеді, бойлары, түстері неше түрлі. Алғаш көргенде ауымыз ашылып, таңырқанып жүргенде бірімізден біріміз адасып та қалып жүрдік. Сүйте тұрса да парыз тәсілдерін орындау бір келкі, үйткені бәріне ортақ ілім ол ҚҰРАН. Бәрінің жолбасшысы, табынатыны ол ҚҰРАН. Сапырылысқан халық әр түрлі, бірақ бәрінің ниет мақсаттары бір. Мен Қытайға барғанда осынша көп халықты көрмеппін.

Қағбаның жанында Әл-Харам мешіті бар, қанша адам сиятынын білмеймін жүз мың адам сиятын шығар, өте сәнді салынған, ішінде намаз оқуға бар жағдай жасалған, дәрет алатын жері, намаз оқитын алаңы бәрі бәрі таза, кең, желдеткіші бәрі тамаша істеп тұр. Қазан айының аяғы болса да ол жақта 36 градус ыстық болып тұрды, ол кезде Астанада 2 градус суық болып тұрған. Сол мешітке барып жамағатпен бірге намаз оқыған, басқа мешітке қарағанда

жүз мың есе артық сауап көрінеді. Сондықтан болар, қай уақытта болмасын мешітке адам симай кетеді. Симағандар далада мешітті айнала отырып оқи береді. Бізде бес мезгіл намазға мешітке барып жүрдік, орын а

лып алайық деп ертерек барамыз.

Меккеге келгеніміздің екінші күні қонақ үйде демалып жатқанбыз біреу есік қағады, ашсам ағам Қанаттың туған жиені Серікболсын екен. Қош келдіңіздер деп Болат екеумізді құшақтап жатыр. Амандық білісіп мәз болып жатырмыз біздің келгенімізді естіп әдейі қонаққа шақыруға келіпті. Серікболсын жолдасы Айнұр екеуі Назарбаев Университетін алтын медальмен бітірісімен грант бойынша Сауд Арабиясына оқуын жалғастыруға кеткен, содан бері сонда тұрып жатыр. Қазіргі күнде докторлық диссертация қорғап ғылыми жұмыстармен шұғылданып жатқан көрінеді, жастайынан талантты болып өскен Серікболсын, бүгінгі күнде бірнеше ғылыми кітаптардың авторы, ақындық қабілеті бар, өлеңдер жинағы кітап болып жарыққа шыққан. Серікболсынға, талабы таудай болып, көздеген мақсатына жетіп, елдің үлкен азаматы болуға тілектеспін.

Айжан Қанат ағамның екінші қызы. Серікболсыннан кейін туған Бұқар мен Лашын екеуі де ағасына тартып талантты балалар болып өсті. Бұқар ЖТ мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнын бітіріп, Астанада ірі компанияда програмист болып істейді. Лашын да математика мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнын бітіріп, Павлодар қаласында ұстаздық етеді.

Меккеде бір жеті болдық. Фирманың өкілі бізді қаланы аралатып көрсетті. Мекке қаласы таулы жерге орналасқан. Аса биік үйлер аз, мені таң қалдырғаны тоннель жолдардың көптігі, тауды тесіп өтіп екінші жағында тауды кертіп үйлер сала береді екен, таудың үстіндеде үйлер, үйлердің көбі темір бетоннан салынған, іргелері жұқа, әйнектері шағын, көшелерінде бағдаршам жоқ деседе

болады, халықпен машиналар араласып жүре береді, жаяу жүргінші өтетін арнаулы сызықтар жоқ жол тек бір бағытқа салынған, қарсы бағыттың арасы бөлініп тасталған сондада майысқан машиналар көп кездеседі біздегідей майысса қолмақол істетпейме, әлде авария көп пе білмеймін бірақ он екі күн болғанда бір авария көрген жоқпын, неге бұлай деп артынан сұрастырсам, тәртіпті бұзған машинаны ГАИ алдына темір орнатқан машинасымен әдейі соғып майыстырады екен.

Қаржылық сүннеттер орындайтын жерлерді барып көрдік. Біздікі Умра болғандықтан ешқандай амалдар жасаған жоқпыз жай аралап таныстық, олар арафат тауы - (арафат түні тозақтан азат етеді) Муздалифа -тас жинайтын жер, Минна- шайтанға тас лақтыратын жер құрбандық шалатын жер, осы қасиетті жерлердің қажылық жасағанда істейтін өз амалдары міндеттері бар олардың бәрі оңайлықпен жасалмайды, оларды жасау үшін үлкен ниет, зор денсаулық керек, Аллаға деген сенім мол болса ол саған күш қуат беріп, осы амалдарды жасауға мүмкіндік береді ,үйткені келген кісілерге аса жағдай жасалмаған, халық көп, сол амалдарды жасау үшін сен қиындыққа төзіп, Аллаға деген ниет сенімдеріңді көрсете білуің керек. Таңғы төрттен аса азан шақырылады қала неше жерден үлкен болса да азаншының дауысы әр үйге жетеді, әр үйде, қонақ үйінің әр бөлмесінде радио тұрады содан халық оянып алыста, жақындағы бар шамасы жеткендер мешітке ағылады ,өйткені Мешітте оқылған намаздың сауабы бірнеше есе көп дейді. Меккеде Айша мешіті қасиетті болып саналады екен. Айша Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың екінші әйелі екен жасы Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың қызы Фатима шамалас болыпты. Қадиша қайтыс болған соң Омар Сахаба жалғыз болмаңыз деп өз қызы Айшаны Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызға қосқан дейді .Айша өте ақылды болып Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызға көп қолдау

көрсеткен. Ислам дінін таратуда, уағыздарда әсіресе әйел қауымына қатысты көп амал міндеттерді жасаған кісі көрінеді. Басқа мешіттерде дуғаны бірнеше кісіге арнау болса, Айша мешітінде бірақ кісіге ғана арнауға болады екен. Інім Болат шешеміз Дәмеліге арнап, мен әкем Әлімге арнап дуға жасадық, басқа мешіттерде өзіміздің бар өлі-тірі туған-туыстарымыз ата-бабаларымыз бала-шағамызға арнап дуға тілеп жүрдік.

Меккеден кететін күні Айша мешітіне тағы бардық. Бұл жолы інім Болат екеуіміз ол кезде қайтыс болған апамыз Жанат, ағамыз Қанатқа арнап дуға жасадық.

Умра міндетін үш рет атқардық, үшеуінде де халық көп болып қара тасқа жете алмадық. Сондада жанталасып жақындап барып қағбаға қол тигіздік, Йемен бұрышына жеттік сонда көргенім Болаттың бойына бір күш пайда болғандай көрінді. Инсульт алып бір қол, бір аяғы жөнді жұмыс істемей әзер жүретін адам қағбаны айналғанда көзі жанып, бар дүниені ұмытып барықыласы қағбаға ауып, ерекше бір сезімге кіргендей көрінді. Оның жағдайын білетін мен жұрт итергенде құлап қалама деп қасынан қалмай жүрсем де оған әзер ілестім. Ол бар күшімен жанталаса екі қолын жоғары көтеріп Қағбаға ұмытылады, мен сонынан ұмтыламын. Өзін өзі ұмытып бар ниеті алда, ауызында Аллаһу әкбәру Аллаһу әкбәру Аллаһу әкбәру Лә иләһә иллаллаһу Аллаһу – әкбәр Аллаһу - әкбәр уә лилләһил Һамд. Қайта қайта қайталап дуға сүрелерін айтып барады. Менің көзім Болатта, оның көзі Қағбада құлапқалама деп зәрем жоқ сүйтіп жүргінде менің йығымнан сөмкем сыпырылып түсіп қалыпты оны кейін шегініп кең жерге келгенде бірақ аңғардым, кері қайта алмайсың. Сонымен жұртпен бірге Қағбаны қайта айналып әлгі жерге келсем, менің сүмкімді бір милиционер ұстап тұр, қуанып кетіп бер десем бермейді бірдеме дейді, мен түсінбеймін, сосын сумкадан телефонды алып шықтым. Ол телефоннан менің

сүретімді тауып алды содан кейін көзі жетіп берді. Ол жақта бәрі адал ниетпен барған соң, әрі қасиетті жер ешқандай ұрлық деген жоқ, ұрсу жоқ, жаман сөз айту жоқ. Халықтың көптігінен бір бірін итеріп қақтығысып жатса да ұрыспайды, бір біріне бажырайып қарайды да аймсори (кешіріңіз) деп жүре береді. Болатқа таң қалғаным Ихрамның міндеті бойынша Қағбаны жеті рет айналып өткен соң бірден Сафа мен Маруа тауының арасына жеті рет жүріп өту керек ол кем дегенде 3.5 километр таулардың арасында ер адамдар жүгіріп өтетін жерлер бар ол жерлерді міндетті түрде жүгіріп өту керек, ауылда үйінен бір км жердегі Мешітке шаршап әзер баратын Болат мына жерде бойына бір ерекше күш қуат кіргендей, бізден қалмай жүретін жерде жүріп, жүгіретін жерде жүгіріп отырды, ниетінің шындығы, Аллаға деген сенімінің молдығы, қасиетті жердің топырағы оның бойына ерекше күш енгізгендей жүзі нурланып өзін дүниедегі ең бақытты адамдай сезініп жүрді. Болаттың осы өзгерісін көріп, оны ертіп ала кеткеніме өзім қатты қуандым оның бойындағы осы бір өзгерістер біздің бойымызда да болды бізде рұхтанып өн бойымызға бір күш қуат енгендей болып жүрдік. Онда болған он екі күніміз он екі сағаттай өте шықты, бірақ Болаттың бойындағы өзгерістер ерекше болды ма деп ойлаймын

Меккенің маңында Қызыл теңіз бар екен, сонда барып суға түсіп шомылдық. Су ащы екен, малтысаң батпайсың, көбі сонда барып демалады екен. Қайтар жолда түйенің сүтін ішеміз деп бір фермаға соқтық, барсақ қоршауда қой бір бөлек, ешкі бір бөлек, түйе бір бөлек қамауда екен, кеш түсіп қалған мезгіл еді, малдар арық болып көрінді, өйткені ол жақта шөп өспейді, күн ыстық күйіп кетеді, әр жерде қараған талдар өсіп тұр оларды жесе түйе жейді, ал шөп басқа жақтан әкелінеді екен. Қойларының құйрықтары ұзын, бақташылары үш негр жігіттер, қайдан келдіңдер деп сұрап едік Африкада Судан мемлекетінен деп жауап берді

,басында үй дейтін үй жоқ күрке істеп алған, күннен қорғануға, далада құм, таулы жерде кездеседі, тастары үлкен үлкен, ал құмдары үйіліп жатады екен, шамамен қатты жел соққанда үйіледі ғой деймін.

Меккеде болған сегізінші күні автобуспен Мадина қаласына бет алдық. Мадина қаласы Меккеден 450 шақырымдай жердей екен. Мұндада бізді қонақ үйге орналыстырды Екі мезгіл тамақпен өздері қамтамасыз етеді екен. Мұхаммед пайғамбарымыз Ислам дінін насихаттауды Меккеде бастаған көрінеді ,бірақ қарсыластары көп болып, Мұхаммед пайғамбарымызға көп қысымшылық көрсетіп содан амалсыздан Мадинаға көшкен. Қаланың халқы пайғамбарымызды ерекше қарсы алған көрінеді. Оған дейін қала басқаша аталған, пайғамдарымыз көшіп келген соң қаланың тұрғындары бір ерекшелікті сезгендей болады қалада бір түрлі нурланғандай өзгеріс болады. Мәдина деген арабша нурлы деген сөз екен, осығай орай қалаға Мәдина деген ат қойыпты .

Қала Меккедей емес жазық жерге орналасқан ,бірақ айналасы тау біз орналасқан қонақ үй пайғамбар мешітінен онша алыс емес екен, мешітке жаяу барып келіп жүрдік, бұл мешіт өте үлкен екен пайғамбар осы мешітте жерленген Пайғамбар мен қатар сахабалары Әбу Бәкір, Әл-Омар жатыр. Біз қонақ үйге орналысымен бірден мешітке барып әуелі Пайғамбарымызға сосын Әбу Бәкір, Әл Омар сахабаларға сәлем беріп, жатқан жерлерін көрдік, ішіне кіріп құран оқиық деп едік кіргізбеді, сүйітсек онда рұқсаты бар адамдар ғана кіре алады екен. Мешіттің айналасы үлкен ашық алаң түгелдей плиткалармен төсеп тасталған ортада биік бағамдар тұрды не екенін түсінбедік, біз кеш түсе барғамыз. Ертеңінде түскі намазға барғанымызға әлгі үлкен алаңның үстіне палатка тартып тастады, ол қайдан келді десек, әлгі биік бағандар зонтик сияқты ашылады да алаңның үсті жабылады. Сүйітсек күн ыстық қой, мешітке

симай далада отырған кісілерге көлеңке екен, Бір зонтиктің аумағы 100 метрдей болатын шығар. Керемет архитектура.

Келесі күні жолбасшымыз қаланы аралатып көрсетті. Ол кезде Ислам дініне кірмеген Меккедегі адамдар Пайғамбарға соғыс ашып, Мәдинаға келген. Бізге сол майдан болған жерді көрсетті, сол жерде қаза болған жетпіс сахабаның бейіті қоршалған ерекше күтімде екен құран оқып дуға қылдық ол жақта құрма ағаш бақтары көп, соның біріне барып араладық әр түрлі құрмалардың сортымен таныстық. Қой сойып сол жерде ас іштік, дүкендерді араладық, дүкеншілер түгелдей дерлік ер адамдар екен ол жақта өзбектердің, ауған қазақтарының дүкендері бар екен мүмкін кәсіптері бар шығар. Ескі қала болсада құрылыс жұмыстары жүріп жатыр, мешіттер, үйлер әр жерде бой көтеріп жатыр, тағы бір көңіл аударатын жағдай, жол мәселесі өте жоғары деңгейде сапасы қаланың іші болсын, сырты болсын, бір сапасыз жол кезікпейді, айналма жолдар, өткелдер, тунельдер, аспа жолдар бәріне қарап отырып көңілің тояды, содан жүргізушілер өте бақытты шығар деймін

Сонымен қажылық анықтамаларында жазылған міндеттерімізді орындап, қазанның 31 күні көңілімізге ұнаған заттарымызды алып, елге қайттық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Калибек Данияров «История Алаш». Алматы, 2006 ж.
2. Смағұл Елубай «Ақ боз үй». Алматы, 2008 ж.
3. Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге». Алматы, 2014 ж.
4. Абай «Қара сөз». Алматы, 2016 ж.
5. Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз». Алматы, 2018 ж.
6. Қабдеш Жұмаділов «Жан мен тән». Алматы, 2020 ж.
7. Абай Тасболатов, Талғат Мұсаев «Қазақтың хас батырлары». Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
8. А. Жүмділдин Жаңаарқа: Дерекнама. Алматы: Кенже-Пресс-Медиа, 2003 ж.
9. «Қаржас ұпақтары» С. Жақсыбаев, Павлодар, 2008 ж.
10. «Қазақ хандары» Б. Кәрібаев, Алматы: Сардар, 2015 ж.
11. Абай Тасболатов, Талғат Мұсаев «Қазақтың хас батырлары». Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
12. Мақсат Апысбес, Темірғали Аршабек, Еламан Қасен, Ернар Кейкі «Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы». Астана, 2005 ж.
13. Қырықбай Аллаберген «Орта жүз: Арғын – Айдабол тарихы» Павлодар, 2015 ж.
14. Тарақты Ақселеу «Балталы, бағаналы ел аман бол» Алматы, 1993 ж.
15. Әсет Пазылов «Мәшһүр Жүсіп – аты алашқа жайылып кеткен адам». Қарағанды, 2013 ж.

МАЗМҰНЫ

I Бөлім Әділетті, кіршіксіз өмір -----	5
II Бөлім Тарих – Тағдыр - Тұлға-----	39
III Бөлім Тұлға -----	91
IV Бөлім Шежіре-----	133
V Бөлім Естеліктер-----	165
VI Бөлім Қажылық-----	201

**ХОРОШЕВ ЖАҒАЛТАЙ ТҮСІПҰЛЫ
АҚЫШ ТЕГІ МАҚСҰТХАН ТИРМИЗИҰЛЫ**

ӘДІЛЕТТІ, КІРШІКСІЗ ӨМІР

Редакторы:
Садық Смағұлов

Компьютерде беттеген:
Жазира Нұрғалиқызы

Дизайнер:
Қайдар Қайратбекұлы

Тех. Редактор:
Рауза Өскенқызы

Басуға 16.08.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 1/16. Офсеттік басылым.
Негізгі әріп түрі «KazTimes». Баспа табағы 10,5.
Таралымы 150 дана. Тапсырыс №17

Тапсырыс берушінің дайын файлдарымен
басылып шығарылды

«АстанаБланкИздат» ЖШС баспасы,
Астана қаласы